

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі
Национальный Банк Республики Казахстан
National Bank of Kazakhstan



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ

№9 2018 жылғы 1-30 қыркүйек

«Қазақстан Ұлттық Банкінің Хабаршысы»

Редакциялық кеңестің құрамы:

Редактордың міндетін атқарушы:

А.Л. Терентьев

редакциялық кеңестің мүшелері:

П.Е. Орлов

Ә.Қ. Мадиярова

Н.В. Сарсенова

А.Е. Сәрсенбаева

шығарылымға жауапты:

Н.Н. Шабанова

Тел: 8 (727)330-24-97

Құрылтайшы - «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі» РММ

050040, Алматы қ.,

«Көктем-3» ы/а, 21

Басылым ҚР Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі ұлттық агенттігінде

24.02.1997ж. № 432 тіркелген

1995 жылдан бастап шығарылады



РЕДАКЦИЯДАН:

Құрметті оқырмандар!

Қазақстан Ұлттық Банкі Сіздердің назарларыңызға 2018 жылғы 1-30 қыркүйек аралығындағы кезеңдегі №9 «ҚРҰБ Хабаршысы» журналаның кезекті шығарылымын ұсынады.

«Басты оқиғалар» бөлімінде Сіздер базалық мөлшерлеме бойынша шешім, инфляцияның болжамы, төлем балансының ағымдағы шотының болжамы, «Астана Банкі» АҚ-ты банктік және өзге операцияларды жүргізуге берілген лицензиясынан айыру,

ҚРҰБ-тың коллекциялық монеталарын шығару және жалпы алғанда Қазақстанның қаржы нарығындағы жағдай туралы ақпаратты ала аласыздар.

Басылымның беттерінде Сіздер Қазақстан Ұлттық Банкі әзірлеген және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркелген нормативтік құқықтық актілер туралы ақпаратты да дәстүрлі түрде ала аласыздар.

МАЗМҰНЫ:

1. Басты оқиғалар 4 бет;
2. «Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 28 сәуірдегі № 154 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 22 желтоқсандағы № 250 қаулысы. 22 бет;
3. «Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына, исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына, өзара сақтандыру қоғамдарына және сақтандыру брокерлеріне арналған бухгалтерлік есептің үлгі шот жоспарын, Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, өзара сақтандыру қоғамдарының, сақтандыру брокерлерінің бухгалтерлік есеп жүргізуі жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы және Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне бухгалтерлік есеп жүргізу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 22 желтоқсандағы № 251 қаулысы.....27 бет.



Базалық мөлшерлемені 9% деңгейде сақтау туралы

2018 жылғы 3 қыркүйек

Алматы қ.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі базалық мөлшерлемені +/-1% дәлізбен 9% деңгейінде сақтау туралы шешім қабылдады. 2018 жылдың соңына дейінгі ағымдағы және күтілетін жылдық инфляцияның деңгейі нысаналы дәліздің (5-7%) ішінде сақталады. Алайда, қалпына келе бастаған ішкі сұраныс тарапынан, сол сияқты әлемдік экономиканың көрсеткіштері тарапынан проинфляциялық факторлар ықпалының күшеюі орта мерзімді кезеңде инфляцияның баяулау әлеуетін төмендетеді. Тиісінше, инфляцияның 2020 жылғы нысаналы бағдардың өсуімен (4% төмен), 2019 жылы болжамды дәліздің жоғары шегінің жанында болу тәуекелдері артады.

Ұлттық Банк инфляцияға жақын арадағы 1-2 жылда әсер етуі мүмкін көрсеткіштердің серпінін мұқият қадағалауда, бірақ осы кезеңде түзету шараларын қабылдауды қажет деп санамайды. Ұлттық Банк нақты және болжамды инфляциялық қысым күшейген жағдайда ақша-кредит саясатын қатаңдату мүмкіндігін жоққа шығармайды.

Жылдық инфляция 2018 жылдың соңындағы нысаналы 5-7% кезінде, тамызда 6,0% деңгейінде қалыптасты. Жылдық көрсеткіш бойынша азық-түлік тауарлары (4,4%) және ақылы қызметтер (5,4%) бағасы өсуінің баяулауына қарамастан, азық-түлікке жатпайтын құрауыштардың серпіні (8,4%) инфляцияның жалпы деңгейінің бұдан әрі төмендеуіне кедергі жасайды. Инфляциялық аяның сипаты көбіне Ұлттық Банктің ақша-кредит саясатына формальды түрде байланысты емес ұсыныс тарапынан болатын факторлармен айқындалады. Тұтынушылық инфляцияға, көбіне өндірушілердің, әсіресе өңдеуші өнеркәсіптегі бағаның өсуі, ұсыныстың күтілмеген күйзелістері, сондай-ақ жиынтық (тұтынушылық және инвестициялық) сұраныстың кеңеюі ықпал етеді.

Тұтынушылық сұраныс ел экономикасында мемлекеттік бюджеттен әлеуметтік шығыстардың және жалақының өсуі аясында ағымдағы жылдың басынан қалпына келе бастаған халықтың нақты кірістерінің өсуімен, сол сияқты банктердің халықты тұтынушылық мақсаттарға кредиттеуімен ынталандырылады. Орта мерзімді кезеңде осы фактордың инфляцияға ықпалы экономиканы фискалды ынталандыруды қысқарту бойынша күтулердің аясында бірте-бірте азаяды.

Негізгі капиталға **инвестициялар** ағымдағы жылғы 7 айда 23,7%-ға өсті және мұнайгаз саласындағы, өңдеу өнеркәсібіндегі және құрылыстағы жобаларды іске асырумен қамтамасыз етілді.

Экономикалық белсенділік өсу аясында жалғасып отыр. Қысқа мерзімді экономикалық индикатордың мәні 2018 жылғы қаңтар-шілдеде 104,9% болды. Тау-кен өндіру (5,4%) және өңдеу (4,9%) өнеркәсібі, көлік (4,9%) және байланыс (5,2%), сауда (6,1%) өсуге оң үлес қосты. Экономиканың одан әрі өсу серпініне қатысты күтулер ағымдағы және өткен жылдардағы жоғары базаның салдарынан 2019 жылғы ықтимал баяулай отырып, жоғары деңгейде сақталады.

Сыртқы сектордағы тәуекелдер балансының **теріс жаққа қарай** жылжуы байқалады.

Мұнайдың әлемдік бағасы салыстырмалы түрде бір баррель үшін 70 АҚШ долларына жуық жоғары деңгейде қалып отыр, бірақ әлемдегі ірі экономикалар арасындағы қатынастардағы белгісіздіктен туындаған теріс салдарларды өтей алмайды.

Азық-түліктің әлемдік бағасының индексі шілдеде жылдық көрсеткіш бойынша 3,7%-ға төмендеді. Бұған қарамастан, әлемде азық-түлікті тұтынудың өсуі тұрақты ұзақ мерзімді үрдіс болып қалып отыр және азық-түліктің әлемдік қорларының төмендеуі аясында орта- және ұзақ мерзімді перспективадағы индекстің одан әрі артуына ықпал ететін болады.



Негізгі сауда әріптестері елдеріндегі **ағымдағы инфляция** нысаналы көрсеткіштен төмен болып қалыптасты. Бірақ бір жылға дейін шекте сыртқы инфляциялық процестердің күтулі жеделдеуі Қазақстандағы инфляцияның нысаналы дәліздің жоғары шегінен тыс шығуына ықпал ететін негізгі тәуекел болып табылады.

АҚШ жүргізетін экономикалық өсуді қолдау саясаты, сондай-ақ негізгі пайыздық мөлшерлемелерді арттыру жөніндегі АҚШ ФРС саясаты **капиталдың әкетілуіне және дамушы елдердің**, оның ішінде Қазақстанның негізгі сауда әріптестерінің **ұлттық валюталарының әлсіреуіне әкелді**. Сыртқы монетарлық талаптарды одан әрі қатаңдату дамушы нарықтарға проинфляциялық қысым көрсетуді жалғастырады.

Қазақстандағы **инфляциялық күтулердің** ұзақ мерзімді төмендеу беталысы байқалады. Соңғы шілде айындағы бағалау қорытындылары бойынша олардың сандық мәні 5,6%-дық деңгейде қалыптасты. Инфляцияны қабылдау жақсаруда. «Соңғы 12 айда тауарлар мен қызметтердің бағасы бұрынғыға қарағанда жылдамырақ өсті» деп санайтын респонденттердің үлесі ағымдағы жыл басындағы 52,1%-бен салыстырғанда шілдеде 43,5%-ға қысқаруын жалғастырды.

Оң беталысқа қарамастан, болжанбаған күйзелістер инфляциялық күтулердің серпініне айтарлықтай әсерін тигізуі мүмкін, ол қысқа мерзімді кезеңде оларды орнықсыз етеді.

Қазақстандағы ақша-кредиттік талаптар бейтарап деңгейлер шамасында қалуын жалғастыруда. Ақша-кредит саясатының ағымдағы сипаты елдегі макроэкономикалық тұрақтылықтың сақталуына және экономиканың әлеуетті мәндер деңгейінде өсуіне ықпал етеді. Алайда, соңғы айларда орын алған теңгенің әлсіреуі аясында, сондай-ақ инфляцияның бұрын болжанған деңгейімен салыстырғанда нақты инфляцияның неғұрлым баяу бәсеңдеуі бойынша бағалаулар расталған жағдайда, жағымсыз күтулердің өсуімен байланысты тәуекелдерді азайту мақсатында ағымдағы жылдың соңына дейін ақша-кредиттік талаптардың қатаңдауы жоққа шығарылмайды.

Базалық мөлшерлеме бойынша кезекті шешім 2018 жылғы 15 қазанда Астана уақыты бойынша сағат 17:00 жарияланатын болады.



Инфляцияның болжамы туралы

2018 жылғы 4 қыркүйек

Алматы қ.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жылына 4 рет болжамды раунд өткізеді, олардың барысында негізгі макроэкономикалық көрсеткіштерге, бірінші кезекте орта мерзімді кезеңге инфляцияға болжам жасайды (алдағы 7-тоқсанға). Алынған болжамдар мен бағалаудың негізінде Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі ақша-кредит саясаты, оның ішінде базалық мөлшерлеменің деңгейі бойынша шешім қабылдайды.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі 2018 жылғы 1 қыркүйекте «2018 жылғы тамыз-қыркүйек»¹ кезекті болжамды раундты аяқтады. Болжамды кезең 2018 жылғы 3 тоқсаннан бастап 2020 жылғы 1 тоқсан аралығындағы кезеңді қамтиды.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі базалық сценарий ретінде барлық болжамды кезеңнің ішінде бір баррель үшін 60 АҚШ доллары деңгейінде мұнай бағасының сценарийін қарастырды².

Болжамдарға сәйкес, Қазақстанда жылдық инфляция 2018 жылы 5-7%-дық нысаналы дәліз ішінде болады. 2019 жылы инфляция жоғары шегінің жанында бола тұра жаңа 4-6%-дық нысаналы дәлізге бір қалыпты кіре бастайды (*1-график*). Алдыңғы «2018 жылғы мамыр-маусым» болжамды раундпен салыстырғанда инфляцияның траекториясы аздап өсу жағына қарай түзетілді, ол 2020 жылғы нысаналы бағдардан асып кету тәуекелін арттырады (4%-дан төмен). Бұл Ресей рублі мен дамушы елдердің басқа валюталарының күнсыздануы аясында байқалып отырған ұлттық валюта бағамының әлсіреуімен; РФ-да инфляция өзінің таргеттелетін деңгейінен ықтималды асуына байланысты сыртқы инфляциялық аяның нашарлауымен; сыртқы монетарлық жағдайлар қатаңдауымен; қорлар төмендеуі және әлемдік тұтыну ұлғаюы салдарынан дәнді дақылдарға күтіліп отырған баға белгілеудің өсуіне байланысты болды. Сонымен қатар, инфляциялық үрдістерді халықтың нақты ақшалай кірістерінің өсуі аясында ішкі тұтынушылық сұраныстың оң серпіні, сондай-ақ өңдеу өнеркәсібіндегі баға индексінің жоғары деңгейде сақталуы (жылдық мәнде) айқындайтын болады.

2018-2019 жылдары экономикалық өсу қарқыны, бағалауға сәйкес тиісінше 3,5%-ды және 2,6%-ды құрайды (*өткен болжамдық раундта тиісінше 3,5% және 2,7%*). ІЖӨ-нің өсуі бойынша алғышарттар 2018 жылы елеулі өзгеріске ұшыраған жоқ. 2018 жылы экономикалық белсенділіктің оң серпіні тұтынушылық кредиттеудің өсуімен қамтамасыз етілетін ішкі тұтынушылық сұраныстың өсуі аясында байқалатын болады. Халықтың нақты ақшалай кірістерінің оң өсу қарқынының одан әрі сақталуы болжануда. Тау кен өндіру саласындағы жобаларды іске асыру және тұрғын үй құрылысына инвестициялардың оң серпіні нәтижесінде инвестициялық белсенділіктің оң серпіні сақталады. Қашаған кен орнындағы мұнай өңдеу мен экспорты көлемдерін ұлғайту тауарлар мен көрсетілетін қызметтер экспортының жалпы өсуіне әсер ететін болады. 2019 жылы экономикалық өсу қарқыны баяулайды, ол айырбастау бағамының әлсіреуі, сондай-ақ тұтынушылық кредиттеудің шектеулі әлеуеті аясында ішкі сұраныстың әлсіз серпініне байланысты болады.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің жаңартылған бағалауы бойынша Қазақстанда шығарылымды ұзу қысқа мерзімді болашақта әлсіз проинфляциялық ықпал көрсете отырып оң болады. Орта мерзімді болашақта шығарылымды ұзу әлсіз теріс аймаққа өтетіндігі болжанып отыр.

¹ Макроэкономикалық көрсеткіштердің болжамы 2018 жылғы 16 тамыздағы жағдай бойынша статистикалық ақпараттың негізінде дайындалды.

² Brent маркалы мұнайдың орташа бағасы ірі инвестициялық банктердің және халықаралық институттардың (Thompson Reuters, Bloomberg, Дүниежүзілік банк, ХВК) пікіртеріміне және болжамдарына сәйкес 2018 жылы бір баррель үшін 70,1 АҚШ доллары және 2019 жылы бір баррель үшін 69,5 АҚШ доллары (алдыңғы болжамды раундта бір баррель үшін тиісінше 66,2 және 64,9 АҚШ доллары) болады.



Қазақстан экономикасының сыртқы күйзелістерге ұшырағыштығы сақталып отыр, мұнай бағасы бұрынғысынша экономикалық белсенділік серпінін айқындайтын маңызды фактор болып табылады.

Бір баррель үшін 40 АҚШ доллары сценарийі іске асқан кезде жылдық инфляция 2018-2019 жылдардағы нысаналы дәліздің жоғарғы шегінен шығу тәуекелі жоғары, бұл ақша-кредит саясаты тарапынан тиісті шаралардың қолданылуын талап етеді.


Сала тәуекелі геосаяси шиеленіске, дамушы елдерден капиталдың әкетілуіне және сыртқы инфляцияның жылдам болуына байланысты проинфляциялық тәуекелдерді күшейту аясында нашарлады. Мұның үстіне, ұсыныстар күйзелісі және инфляциялық күтулердің тұрақсыздығы инфляция болжамы үшін маңызды тәуекелдер болуын жалғастыруда.

«2018 жылғы тамыз-қыркүйек» болжамдық раундтың нәтижелері бойынша неғұрлым толық ақпарат Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің сайтында 2018 жылғы 2-тоқсандағы «Инфляцияға шолуда» жарияланатын болады.

1-график

Brent мұнайының бағасы бір баррель үшін 60 АҚШ доллары болған кезде инфляция болжамы мен фактісі, тоқсанда өткен жылдың тиісті тоқсанына %-бен (бір тоқсанда орташа алғанда)

Дереккөзі: ҚР ҰЭМ Статистика комитеті



Есептер: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі



Коллекциялық монеталарды айналысқа шығару туралы

2018 жылғы 11 қыркүйек

Алматы қ.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі 2018 жылғы 12 қыркүйекте «Қазақстанның әдет-ғұрыптары, ұлттық ойындары» сериясынан номиналы 500 теңгелік күмістен жасалған және номиналы 100 теңгелік мельхиор қоспасынан жасалған «Сүйінші» коллекциялық монеталарын айналысқа шығарады.



Сүйінші – қуанышты жаңалық. Қуанышты хабар жеткізген адамға «қалағаныңды ал» деп айтады немесе бір сыйлық береді. «Сүйінші» деген сөзді айтқанда кез келген адам жақсы хабар жеткізілетінін біледі.

«Сүйінші» монеталарының сипаттамасы

Күмістен және мельхиор қоспасынан жасалған монеталардың бет және сырт жақтарындағы бейнелер бірдей.

Монеталардың бет жағында (аверсінде) орталық бөлігінде ою-өрнек аясында Қазақстан Республикасының елтаңбасы бейнеленген. Төменгі бөлігінде монетаның номиналын білдіретін сан күміс монетада «500», мельхиор қоспасынан жасалған монетада «100» деген сан, сондай-ақ «ТЕҢГЕ» деген жазу бар. Сол және оң жақ бөліктерінде ұлттық ою-өрнек элементі бір деңгейде бейнеленген. Айналысқа мемлекеттік тілде «ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ» және орыс тілінде «РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН» деген жазу бар.

Монеталардың сырт жағында (реверсінде) ұлттық әдет-ғұрып – сүйіншінің бір сәті және Қазақстан теңге сарайының тауар белгісі бейнеленген. Жоғары бөлігінде айналысқа «СҮЙІНШІ» деген жазу, соғылған жылын білдіретін «2018» деген сан бар. Күміс монетада монета дайындалған металды, оның сынамын және массасын білдіретін «Ag 925 24g» деген жазу бейнеленген.

Монеталардың бет және сырт жағындағы бейнелер бедерлі, айналысқа шығыңқы жиек жүргізілген.

Қыры (гурты) бедерлі.

Монеталар:

- 925 сынамды күмістен жасалған, массасы – 24 грамм, диаметрі – 37 мм, дайындау сапасы – «proof», таралымы – 2 мың дана;

- МН 25 мельхиор қоспасынан, диаметрі – 31 мм, массасы – 11,17 грамм, дайындау сапасы – «brilliant uncirculated», таралымы – 30 мың дана.



Номиналы 500 теңгелік және 100 теңгелік коллекциялық монеталар Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында көрсетілген құнымен төлемнің барлық түрлері бойынша, сондай-ақ банк шоттарына есептеу үшін және аударым жасау үшін қабылдануға міндетті, Қазақстан Республикасының барлық банктерінде шектеусіз ұсақталады және айырбасталады.

Коллекциялық монеталарды «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан теңге сарайы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны дайындаған.

Монеталардың дизайны Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 25 қыркүйектегі № 1193 Жарлығымен бекітілген Қазақстан теңгесі – ұлттық валюта банкноттары мен монеталары дизайнының тұжырымдамасына сәйкес әзірленген.

Монеталар коллекциялық құны бойынша сатуға арналған.

Күміс монеталар кәдесыйлық ораумен шығарылады және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдеріндегі нөмірлік сапа сертификатымен жабдықталған.

Мельхиор қоспасынан жасалған монеталар сату үшін арнайы полиграфиялық орауға салынған.

Коллекциялық монеталарды Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің барлық аумақтық филиалдарында, сондай-ақ www.nationalbank.kz сайтында «Ұлттық валюта» деген бөлімде Интернет-дүкен арқылы сатып алуға болады.



Төлем балансының ағымдағы шотын болжау туралы

2018 жылғы 17 қыркүйек

Алматы қ.

Макроэкономикалық өзара байланыстар теориясына сәйкес ағымдағы операциялар шотының жай-күйі елдің экономикалық қауіпсіздігінің көрнекі индикаторы болып табылады. Төлем балансының ағымдағы шоты инвестицияларды экономиканың өсуі үшін қажетті деңгейде ұстап тұру үшін ішкі жинақ ақшаның жеткіліктілігін сипаттайды.

Ағымдағы шоттың оң сальдосы ішкі жинақ ақша деңгейінің жоғары болуын қамтамасыз етеді және отандық капиталдың шетелдік өктемдігі үшін негіз болады, тиісінше, ұлттық валютаның позициясы нығаяды. Ағымдағы шот теріс сальдомен қалыптасқан жағдайда, ішкі қаражаттың жетіспеушілігі шетелдік акционерлік капиталды, сырттан қарызды немесе мемлекеттің жинақталған қорларын тарту есебінен өтеледі. Осыған байланысты төлем балансын болжау экономикалық саясатты жүргізу кезінде маңызды рөл атқарады.


Төлем балансы ағымдағы шотының болжамы ақша-кредит саясаты бойынша шешім қабылдау мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (ҚРҰБ) болжам раундтары шеңберінде жылына 4 рет әзірленеді. Болжамның бастапқы өлшемдері ретінде ҚРҰБ, ҚР Үкіметінің және халықаралық талдау агенттіктерінің болжамдары пайдаланылады. Өткен болжамдық раундтың базалық сценарийі 2018 жылғы 4-тоқсаннан бастап brent маркалы мұнай бағасының бір баррель үшін \$60 (2018 жылы орташа баға – \$70,9, 2019 жылы – \$60) болуы болып табылады.

Болжам

Ағымдағы шоттың сальдосы Қазақстанда сауда балансының және кірістер балансының серпінімен айқындалады. Көрсетілетін қызметтер балансының серпіні тұрақты және оның ағымдағы шоттың көрсеткіштеріне әсері шектелген (1-график). 2018 жылдың қорытындысы бойынша ағымдағы шоттың жай-күйінің ІЖӨ-нің (-)2,3%-і деңгейіне дейін жақсаруы күтіледі. 2019 жылы дефицит мұнайдың орташа жылдық бағасының төмен болуы есебінен ІЖӨ-нің (-)3,8%-на дейін ұлғаяды.

Мұнай-газ секторындағы инвестициялық жобаларды іске асыруды бастау нәтижесінде жабдықтар мен құбырлар импортының өсуі, сондай-ақ бірлескен инвестициялық жобаларды іске асыру нәтижесінде шетелдік тікелей инвесторларға төлемдердің өсуі ағымдағы шоттың жақсаруының тежеуші факторлары болып қалады.

1-график. Ағымдағы шоттың серпіні (ІЖӨ-нің %-ы)




Сауда балансы, Көрсетілетін қызметтер балансы, Кірістер балансы, Ағымдағы операциялар шоты

2018 жылы тауарлар экспорты өсуінің импортының өсуінен басым қарқыны сауда балансының оң сальдосының ұлғаюына себепші болады. Сонымен бірге 2019 жылы мұнайдың неғұрлым төмен бағасы және мұнай-газ саласындағы ірі инфрақұрылымдық



жобаларды іске асыруға арналған тауарлар импорты көлемінің ұлғаюы сауда профицитінің төмендеуіне алып келеді (2-график).



Прогноз - Болжам

Торговый баланс – Сауда балансы

Ескертпе: Экспорт және импорт төлем балансының әдіснамасы бойынша берілген

Тауарлар экспорты ағымдағы шоттың жай-күйін айқындайтын негізгі құрауыш болып табылады. Негізгі экспорттық тауарлар мыналар болып табылады: мұнай және газ конденсаты (2017 жылы – 59,8%), қара (8,7%) және түсті (10,1%) металдар.

Мұнай және газ конденсатын өндіру ағымдағы жылы 91 млн. тонна және 2019 жылы 93 млн. тонна деңгейде күтіледі. Әлемдік тауар нарықтарындағы қолайлы конъюнктура сақталады және Қазақстанның негізгі экспорттық нарықтарында экономиканың орнықты өсуі күтіледі. 2018 жылы тауарлар экспортының өсуі 37,4% болады. 2019 жылы мұнай бағасының бір баррель үшін 60 долларға дейін сценарийлік төмендеуі жағдайларында экспорттың 1,1%-ға қысқаруы болжанады.

Тауарлар импортының өсуі барлық болжамдық кеңістікте жалғасады. Базалық сценарий кезінде ішкі сұраныстың ұлғаюы тауарлар импортының 2018 жылы 8%-ға және 2019 жылы 10%-ға өсуіне себепші болады.

Тұтыну импорты (2017 жылы тауарлардың жалпы импортының 27,3%-ы) импорттың неғұрлым сезімтал құрауышы болып табылады. Тұтыну импортындағы өзгерістер айырбастау бағамының ауытқуларымен және тұтынушылық кредиттеудің серпінімен түсіндіріледі.


Бұл ретте аралық және инвестициялық импорттың айырбастау бағамына тәуелдігі салыстырмалы түрде төмен. Бұл мұнай-газ инвестициялық жобалар үшін импортталатын тауарлардың елеулі үлесіне байланысты. Мұндай жобаларды іске асыру айырбастау бағамының өзгеруіне байланысты емес.

Кірістер балансы инвестициялардан, еңбекақы төлеуден және өтеусіз трансферттен түсетін кірістердің ағынын көрсетеді. Кірістердің теріс балансы шетелдік инвесторларға есептелген төленетін кірістердің экономиканың отандық субъектілерінің алынатын кірістерінен асатындығын көрсетеді.

Болжамды кезеңде кірістер балансының тапшылығы ұлғаяды деп күтіледі. Бұл серпін Қазақстан экономикасының шикізат секторындағы шетелдік инвесторлар кірістерінің өсуімен түсіндіріледі, бұл өз кезегінде, мұнай бағасының тұрақтануымен және мұнайды өндірудің өсуімен қамтамасыз етілді.



3-график. Кірістер балансының серпіні



«Тамыз 2018» болжамдық раундының нәтижелері бойынша мынадай қорытынды жасауға болады:

- 2018 жылы ағымдағы шот тапшылығының азаюы күтіледі, бұл экономикадағы теңгерімсіздіктің төмендеуін көрсетеді;
- Ағымдағы операциялар шоты жағдайының жақсаруына мұнай бағасының өсуі және мұнай және тау кен өндіру салаларындағы өндірудің ұлғаюы ықпал етеді;
- Барлық тауар топтары бойынша импорттың өсуі күтіледі. Өсудің негізгі факторлары ішкі сұраныстың өсуі және ірі ауқымды инвестициялық жобаларды іске асыруды жалғастыру болып табылады;
- Шетелдік инвесторларға төленуге жататын кірістердің өсуі ағымдағы шоттың жақсаруын тежейді.



«Астана Банкі» АҚ-ты банктік және өзге де операцияларды және бағалы қағаздар нарығында қызметті жүргізуге арналған лицензиясынан айыру туралы

2018 жылғы 19 қыркүйек

Алматы қ.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 18 қыркүйектегі № 214 қаулысына сәйкес «Астана Банкі» АҚ-ты (бұдан әрі – Банк) «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Банктер туралы заң) 48-бабы 1-тармағының в), г) және м-1) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша төлем және аудару операциялары бойынша шарттық міндеттемелерін жүйелі түрде (қатарынан күнтізбелік он екі ішінде үш және одан да көп рет), пруденциялық нормативтерді және (немесе) орындалуы міндетті басқа да нормалар мен лимиттерді жүйелі түрде (қатарынан күнтізбелік он екі ішінде үш және одан да көп рет) бұзғаны, сондай-ақ банктің ірі қатысушысының уәкілетті органның үстеме капиталдандыру жөніндегі талаптарын орындамағаны үшін банктік және өзге де операцияларды және бағалы қағаздар нарығында қызметті жүргізуге Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Банкке 2015 жылғы 20 сәуірде берген № 1.1.32 лицензиядан 2018 жылғы 19 қыркүйектен бастап айыру туралы шешім қабылданды.

Банктің активтері мен міндеттемелерінің банк секторының активтері мен міндеттемелеріндегі үлесінің төмен болуына байланысты (1%) Банкті лицензиядан айырудың басқа қаржы ұйымдар үшін тәуекелдері болмайды.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының 2018 жылғы 18 қыркүйектегі № 352 бұйрығымен уақытша әкімшілік тағайындалды, оған Банктің барлық басқару органының өкілеттіктері өтті. Банктің уақытша әкімшілігі өз қызметін Банктің тарату комиссиясы тағайындалғанға дейінгі кезеңде жүзеге асырады.

Уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде көзделген шығыстарға, Банкке түскен ақшаны есепке алуға байланысты жағдайларды қоспағанда, клиенттердің және Банктің өзінің банктік шоттары бойынша барлық операция 2018 жылғы 19 қыркүйектен бастап тоқтатылды.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі заңнамада белгіленген тәртіппен сотқа Банктің қызметін мәжбүрлеп тоқтату (тарату) туралы өтінішпен жүгінеді.

Сот Банкті мәжбүрлеп тарату туралы іс қозғаған күннен бастап Банкті ұстауға жұмсалған ағымдағы шығыстарға байланысты талаптарды қоспағанда, кредиторлардың Банкке талаптары тарату ісінде ғана ұсынылады.

Банк жеке тұлғалардың депозиттеріне міндетті кепілдік беру жүйесінің қатысушысы болып табылады, соған байланысты депозиторларға белгіленген тәртіппен кепілдік өтемақысы төленетін болады.

Барлық туындаған сұрақтар бойынша уақытша әкімшіліктің басшысы Джемма Мұхамбетқызы Зинуллинаға +7 (727) 259-60-60 телефоны бойынша өтініш жасауға болады.



Қаржы нарығындағы ахуал туралы

2018 жылғы 27 қыркүйек

Алматы қ.


1. 2018 жылғы тамыздағы инфляция және инфляциялық күтулер

Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің деректері бойынша 2018 жылғы тамызда инфляция 0,2%, жылдың басынан бері – 2,9% (2017 жылғы қаңтар-тамызда – 3,9%) болды.

Жылдық инфляция 6% деңгейінде қалыптасты және 2018 жылдың соңында Ұлттық Банктің 5-7% нысаналы дәлізінің ішінде тұр. Инфляцияның құрылымында жылдық көрсеткіш бойынша азық-түлікке жатпайтын тауарлар бағасы 8,2%-ға, азық-түлік тауарлары және ақылы қызмет көрсету – тиісінше 5,1% және 4,9%-ға өсті.

2018 жылғы тамызда халықтың инфляциялық күтулері өткен аймен салыстырғанда аздап өсті. Соған қарамастан халықтың пікіртерім нәтижелері бойынша инфляцияның бір жылдан кейін күтілетін сандық бағалауы нақты инфляциядан аздап төмен бола тұра 5,9% болды (1-график).

1-график. Инфляция және күтілетін инфляция



Дереккөзі: Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті, GfK Kazakhstan

2. 2018 жылғы тамыздағы халықаралық резервтер және ақша агрегаттары

2018 жылғы тамызда Ұлттық Банктің жалпы халықаралық резервтері алдын ала деректер бойынша 30,8 млрд АҚШ долларына дейін 0,2%-ға немесе 63 млн АҚШ долларына (жыл басынан бері 0,1%-ға немесе 34 млн АҚШ долларына ұлғайды) дейін төмендеді.

Жалпы алғанда, елдің халықаралық резервтері Ұлттық қордың шетел валютасындағы активтерін (56,5 млрд АҚШ долл) қоса алғанда, 2018 жылғы тамыздың соңында 87,3 млрд АҚШ долл болды.

Үкіметтің шоттарына валютаның түсуі және банктердің Ұлттық Банктегі шетел валютасындағы корреспонденттік шоттарындағы қалдықтардың ұлғаюы Ұлттық қордың активтерін толықтыру, Үкіметтің сыртқы борышына қызмет көрсету бойынша операциялармен бейтараптандырылды.

Ақша базасы тамызда 3,9%-ға тарылды және 6 118,7 млрд теңге (жыл басынан бері 10,5%-ға кеңейді) болды. Тар ақша базасы, яғни екінші деңгейдегі банктердің Ұлттық Банктегі мерзімді депозиттерін есептемегендегі ақша базасы 5 962,0 млрд теңгеге дейін 5,9%-ға (15,5%) кеңейді.


Тамыздағы ақша массасы алдын ала деректер бойынша 2,3%-ға азайды (жыл басынан бері 1,7%-ға ұлғайды) және 19 780,0 млрд теңге болды, айналыстағы қолма-қол ақша 2 100,2 млрд теңгеге дейін 0,2%-ға азайды (7,9% ұлғайды).



3. Ұлттық Банктің ақша-кредит саясаты саласындағы операциялары

Ұлттық Банктің 2018 жылғы 3 қыркүйектегі шешімімен базалық мөлшерлеме +/-1%-дық³ дәлізбен жылдық 9% деңгейінде сақталды (2-график).

2-график. Базалық мөлшерлеменің және оның пайыздық дәлізінің серпіні



Қазақстан Ұлттық Банкінің қысқа мерзімді ноттары. 2018 жылғы тамыздың соңында айналыстағы ноттардың көлемі бір айда 2,2%-ға төмендеп (жыл басынан бері 2,3%-ға өсу), 3 256,7 млрд теңгені құрады.

Қысқа мерзімді ноттар эмиссиясының көлемі 2018 жылғы тамызда 4 093,4 млрд теңге болды. 29 аукцион, оның ішінде 3 038,0 млрд теңге сомаға 7 күндік ноттарды орналастыру бойынша 21 аукцион, 890,7 млрд теңге сомаға 1 айлық ноттарды орналастыру бойынша 5 аукцион, 80 млрд теңге сомаға 3 айлық ноттарды орналастыру бойынша 1 аукцион, 54,3 млрд теңге сомаға 6 айлық ноттарды орналастыру бойынша 1 аукцион және 30,4 млрд теңге сомаға 1 жылдық ноттарды орналастыру бойынша 1 аукцион өткізілді.

Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноттарын өтеу көлемі 2018 жылғы тамызда 4 184,1 млрд теңгені құрады.

Орналастырылған 7 күндік ноттар бойынша орташа алынған кірістілік 8,1%, 1 айлық ноттар бойынша – 8,22%, 3 айлық ноттар бойынша – 8,26%, 6 айлық ноттар бойынша – 8,22% және 1 жылдық ноттар бойынша – 8,24% болды.

Тұрақты қолжетімді ақша-кредит саясатының құралдары. 2018 жылғы тамыздың соңында Ұлттық Банктің ашық позициясының көлемі тікелей РЕПО операциялары бойынша 73,9 млрд теңге, кері РЕПО операциялары бойынша 305,0 млрд теңге, Ұлттық Банктегі банктік депозиттер бойынша 121,9 млрд теңге болды.

Ұлттық Банктің ақша нарығындағы операцияларының теріс сальдосы (Ұлттық Банктің ашық позициясы) ашық нарықтағы операциялар бойынша және тұрақты қолжетімді құралдар бойынша бір айда 964,4 млрд теңгеге төмендеді және тамыздың соңындағы жағдай бойынша 2,2 трлн теңге болды.


Ақша нарығында ақша-кредит саясатының операцияларын жүргізу кезінде таргеттелетін (нысаналы) мөлшерлеме болып табылатын TONIA индикаторы⁴ 2018 жылғы тамызда Ұлттық Банктің базалық мөлшерлемесінің пайыздық дәлізінің төменгі шегіндегі деңгейге жақын қалыптасты. Алайда айдың соңында теңгенің айырбастау бағамына шамадан тыс қысым жасау аясында ақша нарығының мөлшерлемесі базалық мөлшерлеме деңгейінде қалыптасты (3-график). Орташа алынған мәні жылдық 8,57% (2018 жылғы шілдеде – 8,18%) болды.

³ Бірмезгілде ресми қайта қаржыландыру мөлшерлемесі бұрынғы деңгейде (9%) сақталды

⁴ биржада МБҚ-мен автоматты РЕПО секторының биржасында жасалған, РЕПО-ны мерзімі бір жұмыс күніне ашу мәмілелері бойынша орташа алынған пайыздық мөлшерлеме



3-график. Таргеттелетін индикатордың серпіні, %




Кірістілік қисығын қалыптастыру. 2018 жылғы тамызда Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 161,1 млрд теңгеге мемлекеттік бағалы қағаздарды орналастыруды жүзеге асырды. 4 аукцион өткізілді, онда 13 жылдық, 14 жылдық, 15 жылдық, 20 жылдық МЕУКАМ орналастырылды. Олар бойынша орташа алынған кірістілік 8,43%-дан 8,47%-ға дейін құбылды.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің айналыстағы бағалы қағаздарының көлемі 2018 жылғы тамыздың соңында 7 178,1 млрд теңге болды.

Бұл ретте кірістілік қисығының қысқа мерзімді және орта мерзімді секторларының бойымен төмендеуі және оның нысанының біртіндеп қалпына келуі жалғасуда (4-график).

4-график. Кірістіліктің тәуекелсіз қисығының өзгеруі



4. 2018 жылғы тамыздағы валюта нарығы

2018 жылғы тамызда теңгенің айырбастау бағамы бір АҚШ доллары үшін 348,21-363,43 теңге ауқымында өзгерді. 2018 жылғы тамыздың соңында теңгенің АҚШ долларына қатысты биржалық бағамы бір айда 4,8%-ға әлсіреп (жыл басынан бастап әлсіреу 9,4%), бір АҚШ доллары үшін 363,43 теңге болды.


KZT/USD валюталық жұбы бойынша операциялардың жалпы көлемі бір айда 16,3 млрд АҚШ доллары (бір айда 10,5%-ға ұлғаю), оның ішінде Қазақстан қор биржасындағы биржалық сауда-саттықтардың көлемі – 3,9 млрд АҚШ доллары (35,5%-ға ұлғаю), биржадан тыс валюта нарығындағы операциялардың көлемі – 12,4 млрд АҚШ доллары (4,4%-ға ұлғаю) болды. Бір еншілес банктің валюталық тәуекелдерден меншікті капиталды хеджирлеумен байланысты операцияларының көлемі өткен аймен салыстырғанда 1,0%-ға ұлғайып, 8,6 млрд АҚШ долларын құрады. Бұл ретте, олардың биржадан тыс сауда-саттықтардың жалпы



көлемінен үлесі 69,7%-ды құрады (2018 жылғы тамызда 72,0%). Аталған операция ішкі валюта нарығындағы шетелдік валютаға сұраныс немесе ұсыныс көлеміне әсер етпейді.

2018 жылғы тамызда халық нетто-негізде 343,9 млрд. теңге сомаға барабар қолма-қол шетел валютасын сатып алды, бұл 2017 жылғы тамызбен салыстырғанда 4,5%-ға төмен. Шығыстардың негізгі көлемі АҚШ долларын – 71,1% немесе 244,6 млрд теңге, Ресей рублін – 21,0% немесе 72,3 млрд теңге, еуро – 7,5% немесе 25,8 млрд теңге сатып алуға бағытталды. Өткен жылдың тиісті айымен салыстырғанда АҚШ долларын сатып алуға шығыстар Ресей рублін – 56,1%-ға және еуроны – 46,5%-ға сатып алуға шығыстардың өсуі кезінде 17%-ға төмендеді (5-график).

5-график. Айырбастау пункттерінің қолма-қол шетел валютасын нетто-сату серпіні, млрд теңге



5. 2018 жылғы тамыздың соңындағы жағдай бойынша депозит нарығы

Резиденттердің депозиттік ұйымдардағы депозиттерінің көлемі 2018 жылғы тамыздың соңына 17 679,9 млрд теңге (бір айда 2,6%-ға қысқару) құрады. Заңды тұлғалардың депозиттері 9 160,7 млрд теңгеге дейін 6%-ға қысқарды, жеке тұлғалардың депозиттері – 8 519,1 млрд теңгеге дейін 1,3%-ға ұлғайды.

Ұлттық валютамен депозиттердің көлемі бір айда 9 540,6 млрд теңгеге дейін 3,9%-ға, шетел валютасында 8 139,3 млрд теңгеге дейін 1%-ға қысқарды (доллармен баламада 5,6%-ға төмендеу). Долларлану деңгейі тамыздың соңында 2017 жылғы желтоқсандағы 47,7%-бен салыстырғанда 46%-ды құрады.

Заңды тұлғалардың ұлттық валютамен депозиттері 2018 жылғы тамызда 5 212,5 млрд теңгеге дейін 4,2%-ға азайды, шетел валютасында 3 948,3 млрд теңгеге дейін 8,1% -ға төмендеді (заңды тұлғалардың депозиттерінің 43,1%-ы).

Жеке тұлғалардың теңгемен депозиттері 4 328,1 млрд теңгеге дейін 3,5%-ға дейін азайды, шетел валютасында 4 191 млрд теңгеге дейін 6,8%-ға өсті (жеке тұлғалардың депозиттерінің 49,2%-ы).

Мерзімді депозиттердің көлемі бір айда 2,3%-ға ұлғайып, 12 335,9 млрд теңгені құрады. Олардың құрылымындағы ұлттық валютамен салымдар 6 388 млрд теңге, шетел валютасымен – 5 947,9 млрд теңгені құрады.

Банктік емес заңды тұлғалардың ұлттық валютамен мерзімді депозиттері бойынша орташа алынған сыйақы мөлшерлемесі 7,1%-ды (2017 жылғы желтоқсанда – 8%), жеке тұлғалардың депозиттері бойынша – 11,2% -ды (11,7%) құрады.

Жеке тұлғалардың салымдары бойынша сыйақының шекті мөлшерлемелері. 2018 жылғы 1 қазаннан бастап жеке тұлғалардың жаңадан тартылған ұлттық валютадағы депозиттері бойынша шарттар өзгереді. Енді жеке тұлғалардың салымдары мерзімділік талаптарына сәйкес келетін (бұдан әрі – мерзімді), мерзімділік талаптарына сәйкес келмейтін (бұдан әрі –



мерзімсіз) және жинақ салымдар ретінде жіктелетін болады.

Салымдар бойынша сыйақы мөлшерлемелері салымның мерзімі мен түріне, мерзімінен бұрын алу және толықтыру құқықтарына қарай сараланады:

	Белгіленген пайыздық мөлшерлемесі бар салымдар санаты	Толықтыру құқығынсыз салымдар бойынша шекті мөлшерлеме (СЖТМ*)	Толықтыру құқығымен салымдар бойынша шекті мөлшерлеме (СЖТМ)	Кепілдіктің ең жоғары сомасы
1.	Ұлттық валютадағы мерзімсіз салымдар	10,50%		10 млн. теңге
2.	Ұлттық валютадағы мерзімді салымдар			
	3 айға дейін қоса алғанда	11,00%		10 млн. теңге
	6 айға дейін қоса алғанда	11,80%	11,00%	10 млн. теңге
	12 айға дейін қоса алғанда	12,00%	11,00%	10 млн. теңге
	24 айдан астам	12,50%	10,50%	10 млн. теңге
3.	Ұлттық валютадағы жинқ салымдар			
	3 айға дейін қоса алғанда	12,00%		15 млн. теңге
	6 айға дейін қоса алғанда	12,80%	12,00%	15 млн. теңге
	12 айға дейін қоса алғанда	13,00%	12,00%	15 млн. теңге
	24 айдан астам	13,50%	11,50%	15 млн. теңге
4.	Шетел валютасындағы депозиттер	1,00%		5 млн. теңге


* СЖТМ – сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесі

Шетел валютасындағы салымдар бойынша қолданыстағы тәсіл сақталады, онда сыйақы мөлшерлемесі салым мерзіміне қарамастан бірыңғай болады және 1% деңгейінде сақталады.

6. 2018 жылғы тамыздың соңындағы жағдай бойынша кредит нарығы

Банктердің экономиканы кредиттеу көлемі 2018 жылғы тамыздың соңында 13 018,6 млрд теңгені құрады (бір айда 0,5%-ға ұлғаю). Заңды тұлғаларға кредиттердің көлемі 7 992,9 млрд теңгеге дейін 0,2%-ға азайды, жеке тұлғалардыкі 5 025,6 млрд теңгеге дейін 1,7%-ға ұлғайды (6-график).

6-график. Экономиканы кредиттеу көлемінің серпіні





Қалған банктер

Кредиттердің жалпы көлемінің өсуі, ж/ж %-бен (оң жақ ось)

5 банкті қоспағандағы кредиттер көлемінің өсуі ж/ж %-бен (оң жақ ось)

Ұлттық валютамен кредиттердің көлемі бір айда 9 887,9 млрд теңгеге дейін 0,7%-ға ұлғайды. Олардың құрылымында заңды тұлғаларға кредиттер 0,3%-ға азайды, жеке тұлғаларға кредиттер 1,9%-ға ұлғайды. Шетел валютасымен кредиттердің көлемі 3 130,7 млрд теңгеге дейін 0,2%-ға, оның ішінде жеке тұлғаларға – 1,8%-ға азайды, ал заңды тұлғаларға іс жүзінде өзгерген жоқ. Теңгемен кредиттердің үлес салмағы тамыздың соңында 76%-ды құрады (2018 жылғы шілдеде – 75,8%).

Ұзақ мерзімді кредиттердің көлемі бір айда 11 211,5 млрд теңгеге дейін 0,3%-ға ұлғайды, қысқа мерзімді кредиттердің көлемі 1 807,1 млрд теңгеге дейін 1,9%-ға ұлғайды.

Шағын кәсіпкерлік субъектілерін кредиттеу 2 884 млрд теңгеге дейін 5,1%-ға (экономикаға кредиттердің жалпы көлемінен 22,2%) азайды.

Салалар бойынша бөлінген банктердің экономикаға кредиттерінің ең қомақты сомасы өнеркәсіп (жалпы көлемдегі үлесі – 14,7%), сауда (14,4%), құрылыс (6,1%), ауыл шаруашылығы (4,9%) және көлік (4,9%) сияқты салаларға тиесілі.

2018 жылғы тамызда банктік емес заңды тұлғаларға ұлттық валютамен берілген кредиттер бойынша орташа алынған сыйақы мөлшерлемесі 12,2% (2017 жылғы желтоқсанда – 13,2%), жеке тұлғаларға – 18,4% (19,2%) болды.

7. 2018 жылғы қаңтар-тамыздағы төлем жүйелері

2018 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша Қазақстан Республикасының аумағында 19 төлем жүйесі, оның ішінде Ұлттық Банктің төлем жүйелері, ақша аудару жүйелері, төлем карточкаларының жүйелері мен өзге де төлем жүйелері жұмыс істейді.

2018 жылғы қаңтар-тамызда Ұлттық Банктің төлем жүйелері (Банкаралық ақша аудару жүйесі мен Банкаралық клиринг жүйесі) арқылы 533,9 трлн теңге сомаға 27,9 млн транзакция жүргізілді (2017 жылғы ұқсас кезеңмен салыстырғанда төлемдердің саны 19,5%-ға ұлғайды, төлемдер сомасы 6,8%-ға азайды). Орташа алғанда, бір күн ішінде аталған төлем жүйелері арқылы 3,3 трлн теңге сомаға 171,2 мың транзакция жүргізілді.

2018 жылғы қаңтар-тамызда Қазақстан эмитенттерінің төлем карточкаларын пайдалана отырып жүргізілген операцияларының көлемі 12,2 трлн теңге сомаға 474,3 млн транзакцияны құрады (2017 жылғы ұқсас кезеңмен салыстырғанда транзакциялардың саны 68,1%-ға ұлғайды, сомасы – 44,7%-ға өсті). Қазақстан эмитенттерінің төлем карточкаларын пайдалана отырып жүргізілген операцияларының жалпы құрылымында қолма-қол ақшасыз жасалған төлемдер санының үлесі 62,8%-ға дейін (2017 жылғы қаңтар-тамызда – 46,2%) өсті, қолма-қол ақшасыз жасалған төлемдер көлемінің үлесі 29,5%-ға (19,8%) дейін ұлғайды.

2018 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша Қазақстан Республикасында төлем карточкаларының шығарылымын 24 банк пен «Қазпочта» АҚ жүзеге асырды, эмиссияланған және таратылған төлем карточкаларының жалпы саны 21,6 млн бірлік болды. 2018 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша төлем карточкаларына қызмет көрсету желісі төмендегідей: 10,0 мың банкомат, 129,2 мың POS-терминал. 2018 жылғы 1 қыркүйекте Қазақстанда төлем жасауға төлем карточкаларын қабылдайтын 76,1 мың сауда кәсіпорны жұмыс істеді, бұл 2017 жылғы 1 қыркүйектегі олардың санынан 3,7%-ға асты.

2018 жылғы қаңтар-тамызда халықаралық ақша аударымы жүйелері арқылы жіберілген ақша аударымдарының жалпы көлемі 431,1 млрд теңге сомаға 2,0 млн аударымды құрады. 2017 жылғы ұқсас кезеңмен салыстырғанда ақша аударымдары көлемінің өсуі 35,3%-ды құрады. Жөнелтілген аударымдардың жалпы көлемінен Қазақстаннан тыс жерлерге транзакциялардың жалпы санынан 89,3% (1,8 млн транзакция) және жалпы сомасынан 88,2% (380,1 млрд теңге) жіберілді. Қазақстан бойынша ақша аударымы жүйелері арқылы ақша аударымдарының жалпы санынан 10,7% (0,2 млн транзакция) және жалпы сомасынан 11,8% (51,0 млрд теңге) жүргізілді.



Осы кезеңде шетелден халықаралық ақша аударымдары жүйелері арқылы 220,5 млрд теңге сомаға 0,9 млн транзакция алынды.

8. 2018 жылғы тамыздағы банк секторы

2018 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша Қазақстан Республикасының банк секторында 30 банк жұмыс істейді.

Ұлттық Банк Басқармасының 2018 жылғы 27 тамыздағы қаулыларына сәйкес «Qazaq Banki» АҚ-ты және «Эксимбанк Қазақстан» АҚ-ты банктік және өзге де операцияларды және бағалы қағаздар нарығындағы қызметті жүргізуге берілген лицензияларынан айыру туралы шешімдер қабылданды.

Банк секторының жиынтық активтері 2018 жылғы 1 қыркүйекте 24 133,9 млрд теңгені (жылдың басынан бері азаю 0,1%) құрады. Активтердің құрылымында ең көп үлесті кредиттер – 52,0%, бағалы қағаздар портфелі – 18,2%, қолма-қол ақша, аффинирленген бағалы металдар мен корреспонденттік шоттар – 16,2% иеленді.

90 күннен астам мерзімі өткен берешегі бар кредиттер (NPL) 1 117,3 млрд теңгені немесе несие портфелінің 8,22%-ын құрады.

Несие портфелі бойынша провизиялар 1 883,2 млрд теңге немесе несие портфелінің 13,9%-ы (2018 жылдың басында – 2 126,4 млрд теңге немесе 15,6%) мөлшерінде қалыптасты.

Банк секторының жиынтық міндеттемелерінің мөлшері 2018 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша 21 280,7 млрд теңгені (жылдың басынан бастап ұлғаю 0,7%-ды) құрады. Банктер міндеттемелерінің құрылымында ең жоғары үлесті клиенттердің салымдары – 78,6%-ды, айналысқа шығарылған бағалы қағаздар – 5,9%-ды, басқа банктерден және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан алынған қарыздар – 3,4%-ды иеленеді.

Жиынтық міндеттемелерде банктердің Қазақстан Республикасының бейрезиденттері алдындағы міндеттемелері 2018 жылдың басымен салыстырғанда 5,56%-дан 5,57%-ға дейін (1 148,6 млрд теңгеге дейін) ұлғайды.

2018 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша банк секторының жиынтық меншікті капиталы 2018 жылғы қаңтар-маусымда 5,8%-ға азайып, 2 853,2 млрд теңге болды.

Таза пайда (ағымдағы кірістердің ағымдағы шығыстардан асып кетуі) 418,6 млрд теңгені құрады.

Екінші деңгейдегі банктердің таза пайыздық маржасы және пайыздық спрэді 2018 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша тиісінше 5,14% және 4,12% болды.

9. 2018 жылғы тамыздағы сақтандыру секторы

2018 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша сақтандыру секторында 32 сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы жұмыс істейді.

Ұлттық Банк Басқармасының 2018 жылғы 27 тамыздағы қаулысымен «Сәлем» СК» АҚ 2018 жылғы 28 тамыздан бастап ерікті насандағы сақтандыру түрлері бойынша лицензиядан айырылды.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары активтерінің жиынтық көлемі 2018 жылғы 1 қыркүйекте 995,2 млрд теңге (жылдың басынан бері 7,6%-ға өсу) болды.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының міндеттемелері жыл басынан бері 531,8 млрд теңгеге дейін 3,5%-ға ұлғайды.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары қолданыстағы сақтандыру және қайта сақтандыру шарттары бойынша қабылданған міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету үшін қалыптастырған сақтандыру резервтерінің көлемі жыл басынан бері 478,6 млрд теңгеге дейін 3,9%-ға өсті.

Меншікті капитал 463,4 млрд теңге (жыл басынан бері 12,6%-ға өсу) болды.

Сақтандыру сыйлықақылары 2018 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша 2017 жылғы осындай көрсеткішпен салыстырғанда 263,5 млрд теңгеге дейін 1,2%-ға



азайды, олардың ішінде тікелей сақтандыру шарттары бойынша қабылданған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 234,5 млрд теңге болды.

2018 жылдың сегіз айының қорытындысы бойынша «өмірді сақтандыру» саласы бойынша сақтандыру сыйлықақылары 2017 жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 49,7 млрд теңгеге дейін 15,7%-ға ұлғайды. Жиынтық сақтандыру сыйлықақыларында «өмірді сақтандыру» саласы бойынша жиналған сақтандыру сыйлықақыларының үлесі 18,9%, 2017 жылғы 1 қыркүйекте 16,1% болды.

Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 67,0 млрд теңгені немесе сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық көлемінің 25,4%-ын құрады. Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақыларының 79,6%-ы Қазақстан Республикасының бейрезиденттеріне қайта сақтандыруға берілді.

2018 жылдың басынан бастап жүргізілген сақтандыру төлемдерінің жалпы көлемі (қайта сақтандыруға қабылданған шарттар бойынша жүзеге асырылған сақтандыру төлемдерін шегергенде) 47,3 млрд теңге болды, ол 2017 жылдың осындай кезеңінен 4,5%-ға аз.

10. 2018 жылғы қаңтар-тамыздағы зейнетақы жүйесі

Салымшылардың (алушылардың) зейнетақы жинақтары 2018 жылғы қаңтар-тамызда 1 012,3 млрд теңгеге (13,0%) ұлғайып, 2018 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша 8 793,0 млрд теңгені құрады.

2018 жылғы 1 қыркүйекте 3 359,8 млрд теңге болған зейнетақы активтерін инвестициялаудан «таза» кіріс 2018 жылғы қаңтар-тамызда 584,9 млрд теңгеге ұлғайды.

Міндетті зейнетақы жарналары бойынша салымшылардың жеке зейнетақы шоттарының саны (зейнетақы жинақтары жоқ ЖЗШ-ны есептегенде) 2018 жылғы 1 қыркүйекте 9,7 млн шотты құрады.

2018 жылғы қаңтар-тамызда зейнетақы төлемдерінің сомасы 121,0 млрд теңгені құрады.

2018 жылғы 1 қыркүйекте БЖЗҚ жиынтық инвестициялық портфелінің негізгі үлесі, бұрынғыша, ҚР мемлекеттік бағалы қағаздарына және ҚР эмитенттерінің корпоративтік бағалы қағаздарына тиесілі (зейнетақы активтерінің жалпы көлемінен тиісінше 47,3% және 23,9%).

2018 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша Ұлттық Банк «БЖЗҚ» АҚ-тың қызметіне қатысты зейнетақы жинақтарын төлеуден бас тартуға, салымшылардың зейнетақы жинақтарының бар екендігі және сомалары туралы мәліметтерді нотариустарға бермеуіне және «БЖЗҚ» АҚ-тың қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілерді түсіндіруге байланысты 13 өтінішті қарады. Бұл ретте БЖЗҚ-тан зейнетақы алушылардан зейнетақы төлемдерінің жеткіліксіз сомалары немесе БЖЗҚ-ның жинақтардың сомаларын немесе сомаларының бір бөлігінің жоғалтқандығы жөнінде шағымдар түскен жоқ.



Қазақстан Республикасының
Әділет министрлігінде
2018 жылғы 7 наурызда
№ 16537 болып тірелді

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Алматы қ.

2017 жылғы 22 желтоқсан

№ 250

«Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 28 сәуірдегі № 154 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы, «Мемлекеттік статистика туралы» 2010 жылғы 19 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін жетілдіру және валюталық операциялар туралы хабарлау тәртібін нақтылау мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 28 сәуірдегі № 154 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7701 тіркелген, 2012 жылғы 25 тамызда «Егемен Қазақстан» газетінде № 551-556 (27629) жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

қаулыда:

преамбула мынадай редакцияда жазылсын:

««Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы, «Мемлекеттік статистика туралы» 2010 жылғы 19 наурыздағы және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне валюталық реттеу және валюталық бақылау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2012 жылғы 6 қаңтардағы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**»;

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды жүзеге асыру қағидаларында:

58-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«58. Жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің экспорты (импорты) бойынша төлемдер және (немесе) ақша аударымдарын жүргізген кезде резиденттің хабарлауы талап етілмейді. Уәкілетті банк резидент-клиенттердің көрсетілген төлемдері және (немесе) ақша аударымдары бойынша ай сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 20-на дейін (қоса алғанда) Ұлттық Банктің орталық аппаратына осы Қағидаларға 2-қосымшада белгіленген нысан бойынша есепті ұсынады. Төлем карточкаларын пайдалана отырып жүзеге асырылған валюталық операциялар бойынша төлемдер және (немесе) ақша аударымдары резиденттен осындай төлемдер және (немесе) ақша аударымдары туралы ақпарат келіп түскен кезеңдегі есепке кіргізіледі.

Резиденттің тіркеу куәлігі, хабарлама туралы куәлік берілген валюталық шарт шеңберінде жүзеге асырылатын жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің экспорты (импорты) бойынша төлемдер және (немесе) ақша аударымдары туралы ақпарат осы Қағидалардың 34-тармағына сәйкес, ал келісімшарттың есептік нөмірі алынған валюталық шарт шеңберінде жүзеге асырылатындар бойынша Экспорттық-импорттық валюталық бақылауды жүзеге асыру қағидаларына сәйкес ұсынылады.

Ұлттық Банк валюталық операцияларды жүргізудің мән-жайларын нақтылау мақсатында резиденттен валюталық шарттың көшірмесін сұратады.



Резидент-жеке тұлғаның жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің экспортымен (импортымен) байланысты және осы Қағидалардың 12-тармағына сәйкес жүргізілген төлемдері және (немесе) ақша аударымдары туралы хабарламаны уәкілетті банк Ұлттық Банктің орталық аппаратына осы Қағидалардың 13-тармағына сәйкес жібереді.»;

66-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«66. Жылжымайтын мүлікке меншік құқығын сатып алумен байланысты төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүргізген кезде резидент-жеке тұлғаның хабарлауы талап етілмейді. Уәкілетті банк Ұлттық Банктің орталық аппаратына көрсетілген төлемдер және (немесе) ақша аударымдары бойынша ай сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 20-на дейін (қоса алғанда), осы Қағидаларға 2-қосымшада белгіленген нысан бойынша хабарлайды.

Резидент-жеке тұлғаның жылжымайтын мүлікке меншік құқығын сатып алумен байланысты және осы Қағидалардың 12-тармағына сәйкес жүргізілген төлемдері және (немесе) ақша аударымдары туралы хабарламаны уәкілетті банк Ұлттық Банктің орталық аппаратына осы Қағидалардың 13-тармағына сәйкес жібереді.»;

1-қосымшада:

«Бұзушылық бойынша № _____ карточка» нысанын толтыру бойынша нұсқауларда:

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«7. Коды 23-жолда валюталық заңнаманы бұза отырып жүргізілген валюталық операция бойынша валюта кодының ҚР ҰЖ 07 ISO 4217-2012 «Валюталарды және қорларды белгілеуге арналған кодтар» Қазақстан Республикасының ұлттық жіктеуішіне сәйкес әріппен берілген белгісі көрсетіледі.»;

2-қосымшада:

Әкімшілік деректерді жинауға арналған «Валюталық операциялар бойынша ақша төлемі және (немесе) аударымдары туралы есеп» нысанын толтыру бойынша түсіндірмеде:

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«9. Есептің 3-18-бағандары Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14365 тіркелген «Экономика секторларының және төлемдер белгілеу кодтарын қолдану қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 203 қаулысымен бекітілген Экономика секторларының және төлемдер белгілеу кодтарын қолдану қағидаларына (бұдан әрі - № 203 қағидалар) сәйкес айқындалатын кодтарды пайдаланыла отырып, ақша аударуға (алуға) арналған төлем құжатының негізінде толтырылады.

8 және 14-бағандарда елдің атауы ҚР ҰЖ 06 ISO 3166-1-2016 «Елдердің және олардың әкімшілік-аумақтық бөлімшелері бірліктерінің аттарын ұсыну үшін кодтар. 1-бөлік. Елдердің кодтары» Қазақстан Республикасының ұлттық жіктеуішіне сәйкес көрсетіледі.

16-бағанда төлем валютасының үш таңбалы коды ҚР ҰЖ 07 ISO 4217-2012 «Валюталарды және қорларды белгілеуге арналған кодтар» Қазақстан Республикасының ұлттық жіктеуішіне сәйкес көрсетіледі.

18-бағанда ақша жөнелтуші (алушы) төлем құжатында көрсеткен төлем белгілеу коды көрсетіледі.»;

3-қосымшада:

Әкімшілік деректерді жинауға арналған «Валюталық операциялар бойынша жеке тұлғалар жүзеге асырған ақша төлемі және (немесе) аударымдары туралы есеп» нысанын толтыру бойынша түсіндірмеде:

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«6. 2, 3, 7, 10, 13, 14 және 15-бағандар ақша аударуға (алуға) арналған төлем құжатының негізінде № 203 қағидаларға сәйкес айқындалатын кодтар пайдаланыла отырып толтырылады.»;

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«12. 9-бағанда Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14336 тіркелген «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен банктер, сондай-ақ банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арасындағы корреспонденттік қатынастарды белгілеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016



жылғы 31 тамыздағы № 209 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен банктер, сондай-ақ банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арасындағы корреспонденттік қатынастарды белгілеу қағидаларында көзделген уәкілетті банктің коды немесе оның филиалының коды қойылады. Егер жеке тұлғаның төлеміне және (немесе) ақша аударымына уәкілетті банктің филиалында қызмет көрсетілсе, банк филиалының коды көрсетіледі.

10-бағанда ҚР ҰЖ 07 ISO 4217-2012 «Валюталарды және қорларды белгілеуге арналған кодтар» Қазақстан Республикасының ұлттық жіктеуішіне сәйкес төлем валютасының үш таңбалы коды көрсетіледі.»;

14-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«14. 13-бағанда 6-бағанда көрсетілген белгісіне («жөнелтілген» немесе «алынған» немесе «алу») қарай бенефициар немесе ақша жөнелтуші немесе ақша алу елінің коды ҚР ҰЖ 06 ISO 3166-1-2016 «Елдердің және олардың әкімшілік-аумақтық бөлімшелері бірліктерінің аттарын ұсыну үшін кодтар. 1-бөлік. Елдердің кодтары» Қазақстан Республикасының ұлттық жіктеуішіне сәйкес қойылады.»;

4-қосымшада:

Әкімшілік деректерді жинауға арналған «Тіркеу куәліктері, хабарлама туралы куәліктер берілген валюталық шарттар бойынша жүзеге асырылған ақша төлемі және (немесе) аударымдары туралы есеп» нысанын толтыру бойынша түсіндірмеде:

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«6. 2-бағанда осы Қағидаларға сәйкес Ұлттық Банк берген тіркеу куәлігінің, хабарлама туралы куәліктің нөмірі көрсетіледі.

3-10-бағандар ақша аударымына (алуға) арналған төлем құжатының негізінде № 203 қағидаларға сәйкес айқындалатын кодтарды пайдалана отырып толтырылады.

9-бағанда ҚР ҰЖ 07 ISO 4217-2012 «Валюталарды және қорларды белгілеуге арналған кодтар» Қазақстан Республикасының ұлттық жіктеуішіне сәйкес төлем валютасының үш таңбалы коды көрсетіледі.»;

9-қосымшада:

Әкімшілік деректерді жинауға арналған «Валюталық шарт бойынша міндеттемелерді орындау туралы есеп» нысанын толтыру бойынша түсіндірмеде:

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«7. Егер міндеттемені орындау ақша түрінде жүзеге асырылатын болса, онда 3-бағанда төлем мақсатының коды көрсетіледі, 4-баған толтырылмайды, ал 5-11-бағандарда № 203 қағидаларға сәйкес айқындалатын кодтарды пайдалана отырып ақша аударуға (алуға) арналған төлем құжаты негізінде ақша жөнелтуші, ақша бенефициары, төлем күні, төлем валютасы, төлем валютасының мың бірлігінде төлем сомасы көрсетіледі.

10-бағанда ҚР ҰЖ 07 ISO 4217-2012 «Валюталарды және қорларды белгілеуге арналған кодтар» Қазақстан Республикасының ұлттық жіктеуішіне сәйкес төлем валютасының үш таңбалы коды көрсетіледі.»;

9-2-қосымшада:

Әкімшілік деректерді жинауға арналған «Банк резидент еместерден тартқан қаржылай қарыздарды игеру және оларға қызмет көрсету туралы есеп» нысанын толтыру бойынша түсіндірмеде:

12-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Баланстық шоттың нөмірі Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14804 тіркелген «Екінші деңгейдегі банктердің, Қазақстанның Даму Банкінің және ипотекалық ұйымдардың Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне қаржы секторына шолуды қалыптастыруға арналған мәліметтерді ұсынуы жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 26 желтоқсандағы № 316 қаулысымен бекітілген Екінші деңгейдегі банктердің, Қазақстанның Даму Банкінің және ипотекалық ұйымдардың Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне қаржы секторына шолуды қалыптастыруға арналған мәліметтерді ұсынуы жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес толтырылады.»;



10-қосымшада:

Әкімшілік деректерді жинауға арналған «Жарғылық капиталға қатысу, бағалы қағаздармен және туынды қаржы құралдарымен операциялар бойынша есеп» нысанын толтыру бойынша түсіндірмеде:

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«7. 1-кестенің 2 және 6-бағандары № 203 қағидаларға сәйкес толтырылады.

1-кестенің 5 және 8-бағандары және 2-кестенің 9-бағаны ҚР ҰЖ 06 ISO 3166-1-2016 «Елдердің және олардың әкімшілік-аумақтық бөлімшелері бірліктерінің аттарын ұсыну үшін кодтар. 1-бөлік. Елдердің кодтары» Қазақстан Республикасының ұлттық жіктеуішіне сәйкес толтырылады.

1-кестенің 13-бағаны және 2-кестенің 7-бағаны ҚР ҰЖ 07 ISO 4217-2012 «Валюталарды және қорларды белгілеуге арналған кодтар» Қазақстан Республикасының ұлттық жіктеуішіне сәйкес толтырылады.».

2. Төлем балансы және валюталық реттеу департаменті (Қасымжанова Г.З.) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Заң департаментімен (Сәрсенова Н.В.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесін «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялау және енгізу үшін жіберуді;

3) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

4) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы қаулының осы тармағының 2), 3) тармақшаларында және 3-тармағында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау және сыртқы коммуникациялар басқармасы (Терентьев А.Л.) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары О.А. Смоляковқа жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасының
Ақпарат және коммуникациялар министрлігі
Министр Д. Абаев
2018 жылғы «__» _____

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасының
Ақпарат және коммуникациялар министрлігі
Министрдің міндетін атқарушы
А. Әжібаев
2018 жылғы 15 қаңтар



«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасының
Инвестициялар және даму министрлігі
Министрдің м.а. Р. Скляр
2018 жылғы 5 қаңтар

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрлігі
Министр Б. Сұлтанов
2018 жылғы 17 қаңтар

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасының
Сыртқы істер министрлігі
Министр _____ Қ. Әбдірахманов
2018 жылғы 2 ақпан

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрлігі
Министр Т. Сүлейменов
2018 жылғы «__» _____

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрлігі
Министрдің міндетін
атқарушы Р. Дәленов
2018 жылғы 23 ақпан



Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде
2018 жылғы 20 ақпанда № 16390
болып тірелді

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Алматы қ.

2017 жылғы 22 желтоқсан

№ 251

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына, исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына, өзара сақтандыру қоғамдарына және сақтандыру брокерлеріне арналған бухгалтерлік есептің үлгі шот жоспарын, Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, өзара сақтандыру қоғамдарының, сақтандыру брокерлерінің бухгалтерлік есеп жүргізуі жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы және Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне бухгалтерлік есеп жүргізу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы, «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» 2007 жылғы 28 ақпандағы және «Мемлекеттік статистика туралы» 2010 жылғы 19 наурыздағы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мыналар:

1) осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына, исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына, өзара сақтандыру қоғамдарына және сақтандыру брокерлеріне арналған бухгалтерлік есептің үлгі шот жоспары;

2) осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, өзара сақтандыру қоғамдарының, сақтандыру брокерлерінің бухгалтерлік есеп жүргізуі жөнінде нұсқаулық;

3) осы қаулыға 3-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп жүргізу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі (бұдан әрі - Тізбе) бекітілсін.

2. Бухгалтерлік есеп департаменті (Рахметова С.К.) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Заң департаментімен (Сәрсенова Н.В.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесін «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін жіберуді;

3) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

4) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы қаулының осы тармағының 2), 3) тармақшаларында және 3-тармағында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау және сыртқы коммуникациялар басқармасы (Терентьев А.Л.) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі



Төрағасының орынбасары Д.Т. Ғалиеваға жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрлігі
Статистика комитетінің Төрағасы
Н. Айдапкелов
2018 жылғы «__» _____



Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2017 жылғы 22 желтоқсандағы
№ 251 қаулысына
1-қосымша

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына, исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына, өзара сақтандыру қоғамдарына және сақтандыру брокерлеріне арналған бухгалтерлік есептің үлгі шот жоспары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына, исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына, өзара сақтандыру қоғамдарына және сақтандыру брокерлеріне арналған бухгалтерлік есептің үлгі шот жоспары (бұдан әрі - Шоттар жоспары) «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» 2007 жылғы 28 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, сақтандыру брокерлерінің, өзара сақтандыру қоғамдарының, (бұдан әрі - ұйымдар) қаржылық есептілік элементтерін топтастыру және қаржылық есептілікті жасау үшін бухгалтерлік есеп шоттарында құндық көрсеткішпен ағымдағы көрсетуге арналған.

2. Шоттар жоспарында «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» 2007 жылғы 28 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңында және халықаралық қаржылық есептілік стандарттарында көзделген ұғымдар пайдаланылады.

3. Шоттар жоспары бухгалтерлік есепте қаржы-шаруашылық операцияларын топтастыру схемасын білдіреді.

Шоттар жоспарында бухгалтерлік есептің синтетикалық шоттарының нөмірлері төрт және (немесе) алты белгіден тұрады. Нөмірдің бірінші цифры Шоттар жоспарының 2-тарауының параграфтарына тиесілігін, екіншісі цифры - топтарға тиесілігін, үшінші және төртінші цифрлары - синтетикалық шоттардың шағын топтарына тиесілігін көрсетеді, бесінші және алтыншы цифрлары қолданылатын шағын топтарды нақтылайды.

4. Операциялар мен оқиғалардың талдамалық есебін жүргізу тәртібін ұйымның лауазымды адамдары белгілейді, олар Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне және құрылтай құжаттарға сәйкес ұйымның қажеттіліктерін негізге ала отырып ағымдағы басшылықты және істерді жүргізуді жүзеге асырады.

ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2018.27.08. № 185 Қаулысымен 5-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

5. Шоттар жоспарының 2-тарауының 1, 2, 3, 4 және 5-параграфтарында көзделген шоттар ұйымның бухгалтерлік балансында көрсетіледі.

Шоттар жоспарының 2-тарауының 6 және 7-параграфтарында көзделген шоттар ұйымның пайда және зиян туралы есебінде көрсетіледі.

Шоттар жоспарының 2-тарауының 8-параграфында көзделген шоттар баланстан тыс шоттарға жатқызылады және ұйымның шартты және ықтимал талаптары мен міндеттемелерін есепке алуға арналған.

Шоттар жоспарының 2-тарауының 9-параграфында көзделген шоттар баланстан тыс шоттарға жатқызылады және меморандум шоттары болып табылады.

Шоттар жоспарының 2-тарауының 10-параграфында көзделген шоттар баланстан тыс шоттарға жатқызылады және инвестициялық басқарудағы клиенттердің активтерін есепке алуға арналған.



2-тарау. Шоттар 1-параграф. Қысқа мерзімді активтер

1000	Ақша қаражаты
1010	Кассадағы ақша қаражаты
1020	Жолдағы ақша қаражаты
1030	Ағымдағы шоттардағы ақша қаражаты
1050	Жинақ шоттарындағы ақша қаражаты
1060	Басқа да ақша қаражаты
1060 01	Басқа да ақша қаражаты
1100	Қысқа мерзімді қаржылық инвестициялар
1110	Қысқа мерзімді берілген қарыздар
1110 21	Клиенттерге берілген қысқа мерзімді қарыздар
1110 22	Берілген қарыздар бойынша клиенттердің мерзімі өткен берешегі
1110 23	Берілген қысқа мерзімді қарыздар бойынша дисконт
1110 24	Берілген қысқа мерзімді қарыздар бойынша сыйлықақы
1120	Өзгеруі пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын қысқа мерзімді қаржы активтері
1120 01	Өзгеруі пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын қысқа мерзімді қаржы активтері
1120 02	Өзгеруі пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын сатып алынған қысқа мерзімді қаржы активтері бойынша дисконт
1120 03	Өзгеруі пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын сатып алынған қысқа мерзімді қаржы активтері бойынша сыйлықақы
1120 04	Өзгеруі пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын қысқа мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын оң түзету
1120 05	Өзгеруі пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын қысқа мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын теріс түзету
1130	Өтеуге дейін ұсталатын қысқа мерзімді инвестициялар
1130 01	Өтеуге дейін ұсталатын қысқа мерзімді инвестициялар
1130 02	Өтеуге дейін ұсталатын сатып алынған қысқа мерзімді инвестициялар бойынша дисконт
1130 03	Өтеуге дейін ұсталатын сатып алынған қысқа мерзімді инвестициялар бойынша сыйлықақы
1140	Сату үшін қолда бар қысқа мерзімді қаржылық инвестициялар
1140 01	Сату үшін қолда бар қысқа мерзімді қаржылық инвестициялар
1140 02	Сату үшін қолда бар, сатып алынған қаржылық инвестициялар бойынша дисконт
1140 03	Сату үшін қолда бар, сатып алынған қаржылық инвестициялар бойынша сыйлықақы



- 1140 04 Сату үшін қолда бар қаржылық инвестициялардың әділ құнын оң түзету
- 1140 05 Сату үшін қолда бар қаржылық инвестициялардың әділ құнын теріс түзету
- 1150 Басқа да қысқа мерзімді қаржылық инвестициялар
- 1150 01 Бағалы қағаздармен «кері РЕПО» операциялары
- 1150 02 Екінші деңгейдегі банктерде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда бір түнге орналастырылған қысқа мерзімді салымдар
- 1150 03 Екінші деңгейдегі банктерде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда орналастырылған талап ету бойынша қысқа мерзімді салымдар
- 1150 04 Екінші деңгейдегі банктерде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда орналастырылған қысқа мерзімді салымдар
- 1150 05 Екінші деңгейдегі банктерде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда орналастырылған қысқа мерзімді шартты салымдар
- 1150 07 Тазартылған бағалы металдар
- 1150 08 Жолдағы тазартылған бағалы металдар
- 1150 09 Металл шоттарда орналастырылған тазартылған бағалы металдар
- 1150 10 Басқа да қысқа мерзімді қаржылық инвестициялар бойынша мерзімі өткен берешек
- 1150 11 Орналастырылған қысқа мерзімді салымдар бойынша дисконт
- 1150 12 Орналастырылған қысқа мерзімді салымдар бойынша сыйлықақы
- 1160 Бағалы қағаздар бойынша мерзімі өткен берешек
- 1200 Қысқа мерзімді дебиторлық берешек
- 1210 Сатып алушылардың және тапсырыс берушілердің қысқа мерзімді дебиторлық берешегі
- 1220 Еншілес ұйымдардың қысқа мерзімді дебиторлық берешегі
- 1230 Қауымдасқан және бірлескен ұйымдардың қысқа мерзімді дебиторлық берешегі
- 1240 Филиалдардың және құрылымдық бөлімшелердің қысқа мерзімді дебиторлық берешегі
- 1250 Қызметкерлердің қысқа мерзімді дебиторлық берешегі
- 1260 Жалдау бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек
- 1270 Алынатын қысқа мерзімді сыйақы
- 1270 01 Сатып алынған бағалы қағаздар бойынша сыйақы түрінде есептелген кірістер
- 1270 02 Бағалы қағаздармен «кері РЕПО» операциялары бойынша сыйақы түрінде есептелген кірістер
- 1270 03 Еншілес, бірлескен және қауымдасқан ұйымдарға инвестициялар бойынша есептелген кірістер
- 1270 04 Алдыңғы ұстаушылар бағалы қағаздар бойынша есептеген сыйақы
- 1270 21 Ағымдағы шоттар бойынша сыйақы түрінде есептелген кірістер



- 1270 22 Екінші деңгейдегі банктерде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда орналастырылған талап ету бойынша салымдар бойынша сыйақы түрінде есептелген кірістер
- 1270 23 Екінші деңгейдегі банктерде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда орналастырылған мерзімді салымдар бойынша сыйақы түрінде есептелген кірістер
- 1270 24 Екінші деңгейдегі банктерде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда орналастырылған шартты салымдар бойынша сыйақы түрінде есептелген кірістер
- 1270 25 Клиенттерге берілген қарыздар бойынша сыйақы түрінде есептелген кірістер
- 1270 26 Клиенттерге берілген қаржылық жалдау бойынша сыйақы түрінде есептелген кірістер
- 1270 28 Сыйақы түрінде есептелген басқа да кірістер
- 1270 29 Сыйақы түріндегі мерзімі өткен кірістер
- 1270 41 Қайта сақтандыру бойынша есептелген комиссиялық кірістер
- 1270 42 Сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметіне байланысты басқа да комиссиялық кірістер
- 1270 43 Сақтандыру брокерлерінің есептелген комиссиялық кірістері
- 1270 44 Сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметіне байланысты мерзімі өткен комиссиялық кірістер
- 1270 45 Сақтанушылардан алынатын мерзімі өткен сақтандыру сыйлықақысы
- 1270 46 Қайта сақтанушылардан алынатын мерзімі өткен сақтандыру сыйлықақысы
- 1270 91 Мүлікті жалға беруден есептелген кірістер
- 1280 Басқа да қысқа мерзімді дебиторлық берешек
- 1280 01 Сенімгерлік басқаруға берілген қаржы активтері
- 1280 02 Фьючерс мәмілесі бойынша талаптар
- 1280 03 Форвард мәмілесі бойынша талаптар
- 1280 04 Опцион мәмілесі бойынша талаптар
- 1280 05 Спот мәмілесі бойынша талаптар
- 1280 06 Своп мәмілесі бойынша талаптар
- 1280 07 Басқа да туынды қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша талаптар
- 1280 08 Алынған вексельдер
- 1280 09 Есептелген тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл)
- 1280 10 Басқа да дебиторлық берешек
- 1280 21 Қаржылық жалдау
- 1280 22 Клиенттердің қаржылық жалдау бойынша мерзімі өткен берешегі
- 1280 41 Сақтанушылардан алынатын сақтандыру сыйлықақылары
- 1280 42 Қайта сақтанушылардан алынатын сақтандыру сыйлықақылары
- 1280 43 Делдалдардан алынатын сақтандыру сыйлықақылары



- 1280 44 Келтірілген зиян үшін жауапты тұлғаға қойылатын талаптар
- 1280 45 Сақтандырушыларға қойылатын талаптар
- 1280 46 Қайта сақтандырушыларға қойылатын талаптар
- 1280 47 Еңбек сіңірілмеген сыйлықақылар бойынша қайта сақтандыру активтері
- 1280 48 Болған, бірақ мәлімделмеген зиян бойынша қайта сақтандыру активтері
- 1280 49 Өмірді сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша болмаған зиян бойынша қайта сақтандыру активтері
- 1280 50 Аннуитет шарттары бойынша болмаған зиян бойынша қайта сақтандыру активтері
- 1280 51 Мәлімделген, бірақ реттелмеген зиян бойынша қайта сақтандыру активтері
- 1280 53 Сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметіне байланысты басқа да дебиторлық берешек
- 1280 54 Жауапты сақтандырушыға тікелей реттеу бойынша қойылатын талап
- 1290 Күмәнді талаптар бойынша резерв
- 1290 01 Дебиторлық берешек бойынша зиянды өтеуге арналған резервтер (провизиялар)
- 1290 21 Клиенттерге берілген қарыздар бойынша зиянды өтеуге арналған резервтер (провизиялар)
- 1290 22 Клиенттерге берілген қаржылық жалдау бойынша зиянды өтеуге арналған резервтер (провизиялар)
- 1290 23 Сату үшін қолда бар және өтеуге дейін ұсталатын бағалы қағаздар бойынша зиянды өтеуге арналған резервтер (провизиялар)
- 1290 24 Екінші деңгейдегі банктерде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда орналастырылған салымдар бойынша зиянды өтеуге арналған резервтер (провизиялар)
- 1290 41 Қайта сақтандыру активтерінің құнсыздануынан болған зиянды өтеуге арналған резервтер (провизиялар)
- 1300 Қорлар
- 1310 Шикізат және материалдар
- 1320 Дайын өнім
- 1330 Тауарлар
- 1340 Аяқталмаған өндіріс
- 1350 Басқа да қорлар
- 1360 Қорларды есептен шығару бойынша резерв
- 1400 Ағымдағы салық активтері
- 1410 01 Корпоративтік табыс салығы
- 1420 Өтелетін қосылған құн салығы
- 1430 Басқа салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер
- 1430 01 Әлеуметтік салық
- 1430 02 Жер салығы



- 1430 03 Көлік құралы салығы
- 1430 04 Мүлік салығы
- 1430 05 Өзге де салықтар және бюджетке төленетін міндетті төлемдер
- 1430 06 Міндетті әлеуметтік аударымдар
- 1500 Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер
- 1510 Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер
- 1520 Сатуға арналған шығынға жазылатын топ
- 1600 Басқа да қысқа мерзімді активтер
- 1610 01 Берілген қысқа мерзімді аванстар
- 1610 02 Брокерлермен есеп айырысу
- 1610 03 Басқа да берілген аванстар
- 1610 04 Алынған қарыздар бойынша сыйақыны алдын ала төлеу
- 1610 05 Акционерлермен есеп айырысу (дивидендтер бойынша)
- 1620 Болашақ кезеңдердің шығыстары
- 1620 01 Сақтандыру ұйымдарына төленген сақтандыру сыйлықақылары
- 1620 02 Жалдау ақысы
- 1620 03 Болашақ кезеңдердің басқа да шығыстары
- 1620 04 Аквизициялық шығыстар
- 1630 Басқа да қысқа мерзімді активтер

2-параграф. Ұзақ мерзімді активтер

- 2000 Ұзақ мерзімді қаржылық инвестициялар
- 2010 Берілген ұзақ мерзімді қарыздар
- 2010 21 Клиенттерге берілген ұзақ мерзімді қарыздар
- 2010 22 Берілген ұзақ мерзімді қарыздар бойынша дисконт
- 2010 23 Берілген ұзақ мерзімді қарыздар бойынша сыйлықақы
- 2020 Өтеуге дейін ұсталатын ұзақ мерзімді инвестициялар
- 2020 01 Өтеуге дейін ұсталатын ұзақ мерзімді инвестициялар
- 2020 02 Сатып алынған, өтеуге дейін ұсталатын ұзақ мерзімді инвестициялар бойынша дисконт
- 2020 03 Сатып алынған, өтеуге дейін ұсталатын ұзақ мерзімді инвестициялар бойынша сыйлықақы
- 2030 Сату үшін қолда бар ұзақ мерзімді қаржылық инвестициялар
- 2030 01 Сату үшін қолда бар ұзақ мерзімді қаржылық инвестициялар
- 2030 02 Сату үшін қолда бар, сатып алынған ұзақ мерзімді қаржылық инвестициялар бойынша дисконт



- 2030 03 Сату үшін қолда бар, сатып алынған ұзақ мерзімді қаржылық инвестициялар бойынша сыйлықақы
- 2030 04 Сату үшін қолда бар ұзақ мерзімді қаржылық инвестициялардың әділ құнын оң түзету
- 2030 05 Сату үшін қолда бар ұзақ мерзімді қаржылық инвестициялардың әділ құнын теріс түзету
- 2040 Басқа да ұзақ мерзімді қаржылық инвестициялар
- 2040 01 Банктерде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда орналастырылған ұзақ мерзімді салымдар
- 2040 02 Екінші деңгейдегі банктерде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда орналастырылған ұзақ мерзімді шартты салымдар
- 2040 04 Тазартылған бағалы металдар
- 2040 06 Металл шоттарда орналастырылған тазартылған бағалы металдар
- 2040 07 Басқа да ұзақ мерзімді қаржылық инвестициялар бойынша мерзімі өткен берешек
- 2040 08 Орналастырылған ұзақ мерзімді салымдар бойынша дисконт
- 2040 09 Орналастырылған ұзақ мерзімді салымдар бойынша сыйлықақы
- 2040 10 Еншілес ұйымдарға инвестициялар
- 2050 Қаржылық инвестициялар бойынша мерзімі өткен берешек
- 2100 Ұзақ мерзімді дебиторлық берешек
- 2110 Сатып алушылардың және тапсырыс берушілердің ұзақ мерзімді дебиторлық берешегі
- 2120 Еншілес ұйымдардың ұзақ мерзімді дебиторлық берешегі
- 2130 Қауымдасқан және бірлескен ұйымдардың ұзақ мерзімді дебиторлық берешегі
- 2140 Филиалдардың және құрылымдық бөлімшелердің ұзақ мерзімді дебиторлық берешегі
- 2150 Қызметкерлердің ұзақ мерзімді дебиторлық берешегі
- 2170 Алынатын ұзақ мерзімді сыйақылар
- 2170 01 Сатып алынған бағалы қағаздар бойынша сыйақы түрінде есептелген кірістер
- 2170 03 Бағалы қағаздар бойынша алдыңғы ұстаушылар есептеген сыйақы
- 2170 23 Екінші деңгейдегі банктерде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда орналастырылған мерзімді салымдар бойынша сыйақы түрінде есептелген кірістер
- 2170 24 Екінші деңгейдегі банктерде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда орналастырылған шартты салымдар бойынша сыйақы түрінде есептелген кірістер
- 2170 25 Клиенттерге берілген қарыздар бойынша сыйақы түрінде есептелген кірістер
- 2170 26 Клиенттерге берілген қаржылық жалдау бойынша сыйақы түрінде есептелген кірістер
- 2170 28 Сыйақы түрінде есептелген басқа да кірістер



2170 29	Сыйақы түріндегі мерзімі өткен кірістер
2180	Басқа да ұзақ мерзімді дебиторлық берешек
2180 01	Фьючерс мәмілесі бойынша талаптар
2180 02	Форвард мәмілесі бойынша талаптар
2180 03	Опцион мәмілесі бойынша талаптар
2180 04	Своп мәмілесі бойынша талаптар
2180 05	Басқа да туынды қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша талаптар
2200	Үлестік қатысу әдісімен есепке алынатын инвестициялар
2210	Үлестік қатысу әдісімен есепке алынатын инвестициялар
2300	Жылжымайтын мүлікке инвестициялар
2310	Жылжымайтын мүлікке инвестициялар
2320	Жылжымайтын мүлікке инвестициялардың амортизациясы
2330	Жылжымайтын мүлікке инвестициялардың құнсыздануынан болған зиян
2400	Негізгі құрал-жабдықтар
2410	Негізгі құрал-жабдықтар
2420	Негізгі құрал-жабдықтар амортизациясы
2430	Негізгі құрал-жабдықтардың құнсыздануынан болған зиян
2600	Барлау және бағалау активтері
2610	Барлау және бағалау активтері
2620	Барлау және бағалау активтерінің амортизациясы
2630	Барлау және бағалау активтерінің құнсыздануынан болған зиян
2700	Материалдық емес активтер
2710	Гудвилл
2720	Гудвилдің құнсыздануы
2730	Басқа да материалдық емес активтер
2740	Басқа да материалдық емес активтердің амортизациясы
2750	Басқа да материалдық емес активтердің құнсыздануынан болған зиян
2800	Кейінге қалдырылған салық активтері
2810	Корпоративтік табыс салығы бойынша кейінге қалдырылған салық активтері
2900	Басқа да ұзақ мерзімді активтер
2910	Берілген ұзақ мерзімді аванстар
2920	Болашақ кезеңдердің шығыстары
2930	Аяқталмаған құрылыс
2940	Басқа да ұзақ мерзімді активтер
2940 21	Қаржылық жалдау
2940 22	Клиенттердің қаржылық жалдау бойынша мерзімі өткен берешегі

**3-параграф. Қысқа мерзімді міндеттемелер**

- 3000 Қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер
- 3010 Қысқа мерзімді банктік қарыздар
- 3020 Екінші деңгейдегі банктерді қоспағанда, заңды тұлғалардан алынған қысқа мерзімді қарыздар
- 3030 Қатысушылардың дивидендтері және кірістері бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек
- 3040 Ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелердің ағымдағы бөлігі
- 3050 Басқа да қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер
 - 3050 01 Қазақстан Республикасы Үкіметінен алынған қысқа мерзімді қарыздар
 - 3050 02 Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарынан алынған қысқа мерзімді қарыздар
 - 3050 03 Бағалы қағаздармен «РЕПО» операциялары
 - 3050 05 Алынған қысқа мерзімді қарыздар бойынша сыйлықақы
 - 3050 06 Алынған қысқа мерзімді қарыздар бойынша дисконт
- 3100 Салықтар бойынша міндеттемелер
 - 3110 01 Төленуі тиіс корпоративтік табыс салығы
 - 3120 Жеке табыс салығы
 - 3130 Қосылған құн салығы
 - 3140 Акциздер
 - 3150 Әлеуметтік салық
 - 3160 Жер салығы
 - 3170 Көлік құралы салығы
 - 3180 Мүлік салығы
 - 3190 Басқа да салықтар
- 3200 Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа да міндетті және ерікті төлемдер бойынша міндеттемелер
- 3210 Әлеуметтік сақтандыру бойынша міндеттемелер
- 3220 Зейнетақы аударымдары бойынша міндеттемелер
- 3230 Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа міндетті төлемдер бойынша басқа да міндеттемелер
- 3240 Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа ерікті төлемдер бойынша басқа да міндеттемелер
- 3300 Қысқа мерзімді кредиторлық берешек
- 3310 Жеткізушілерге және мердігерлерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек
- 3320 Еншілес ұйымдарға қысқа мерзімді кредиторлық берешек
- 3330 Қауымдасқан және бірлескен ұйымдарға қысқа мерзімді кредиторлық берешек



- 3340 Филиалдарға және құрылымдық бөлімшелерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек
- 3350 Еңбекке ақы төлеу бойынша қысқа мерзімді берешек
- 3360 Жалдау бойынша қысқа мерзімді берешек
- 3370 Ұзақ мерзімді кредиторлық берешектің ағымдағы бөлігі
- 3380 Төленетін қысқа мерзімді сыйақылар
- 3380 01 Айналысқа шығарылған бағалы қағаздар бойынша сыйақы түрінде есептелген шығыстар
- 3380 02 Бағалы қағаздармен «РЕПО» операциялары бойынша сыйақы түрінде есептелген шығыстар
- 3380 25 Алынған қарыздар бойынша сыйақы түрінде есептелген шығыстар
- 3380 26 Алынған қаржылық жалдау бойынша сыйақы түрінде есептелген шығыстар
- 3380 27 Сыйақы түрінде есептелген басқа да шығыстар
- 3380 82 Брокерлік және дилерлік қызмет бойынша қызмет көрсету үшін есептелген комиссиялық шығыстар
- 3380 83 Кастодиандық қызмет көрсету бойынша қызмет көрсету үшін есептелген комиссиялық шығыстар
- 3380 84 Бағалы қағаздар нарығының өзге де кәсіби қатысушыларының есептелген комиссиялық шығыстары
- 3390 Басқа да қысқа мерзімді кредиторлық берешек
- 3390 01 Фьючерс мәмілесі бойынша міндеттемелер
- 3390 02 Форвард мәмілесі бойынша міндеттемелер
- 3390 03 Опцион мәмілесі бойынша міндеттемелер
- 3390 04 Спот мәмілесі бойынша міндеттемелер
- 3390 05 Своп мәмілесі бойынша міндеттемелер
- 3390 06 Басқа да туынды қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша міндеттемелер
- 3390 07 Тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлеу бойынша міндеттемелер
- 3390 41 Сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметі бойынша делдалдармен есеп айырысу
- 3390 42 Қайта сақтандырушылармен есеп айырысу
- 3390 43 Қайта сақтанушылармен есеп айырысу
- 3390 44 Сақтанушылармен есеп айырысу
- 3390 45 Регресттік талап ету бойынша қайта сақтандырушыға өтеу бойынша есептелген шығыстар
- 3390 46 Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қорына міндетті жарналарды төлеу бойынша міндеттемелер
- 3390 47 Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қорына төтенше жарналарды төлеу бойынша міндеттемелер
- 3390 48 Еңбек сіңірілмеген сыйлықақылар резерві
- 3390 49 Болған, бірақ мәлімделмеген зиян резерві



- 3390 50 Өмірді сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша болмаған зиян резерві
- 3390 51 Аннуитет шарттары бойынша болмаған зиян резерві
- 3390 52 Мәлімделген, бірақ реттелмеген зиян резерві
- 3390 53 Тікелей сақтандырушының пайда алушымен тікелей реттеу бойынша есеп айырысуы
- 3390 54 Сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметіне байланысты басқа да кредиторлық берешек
- 3400 Қысқа мерзімді бағалау міндеттемелері
- 3410 Қысқа мерзімді кепілдік беру міндеттемелері
- 3420 Шағым-талап жұмысы бойынша қысқа мерзімді міндеттемелер
- 3430 Қызметкерлерге сыйақылар бойынша қысқа мерзімді бағалау міндеттемелері
- 3440 Басқа да қысқа мерзімді бағалау міндеттемелері
- 3500 Басқа да қысқа мерзімді міндеттемелер
- 3510 Алынған қысқа мерзімді аванстар
- 3510 01 Берілген қарыздар және орналастырылған салымдар бойынша алдын ала сыйақы төлеу
- 3510 41 Сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметі бойынша алынған аванстар
- 3520 Болашақ кезеңдердің кірістері
- 3530 Сатуға арналған, шығынға жазу тобының міндеттемелері
- 3540 Басқа да қысқа мерзімді міндеттемелер

4-параграф. Ұзақ мерзімді міндеттемелер

- 4000 Ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелер
- 4010 Ұзақ мерзімді банктік қарыздар
- 4020 Екінші деңгейдегі банктерді қоспағанда, заңды тұлғалардан алынған ұзақ мерзімді қарыздар
- 4030 Басқа да ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелер
- 4030 01 Қазақстан Республикасының Үкіметінен алынған ұзақ мерзімді қарыздар
- 4030 02 Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарынан алынған ұзақ мерзімді қарыздар
- 4030 04 Екінші деңгейдегі банктерден алынған қаржылық жалдау
- 4030 05 Басқа заңды тұлғалардан алынған қаржылық жалдау
- 4030 07 Айналысқа шығарылған бағалы қағаздар
- 4030 08 Айналысқа шығарылған бағалы қағаздар бойынша дисконт
- 4030 09 Айналысқа шығарылған бағалы қағаздар бойынша сыйлықақы
- 4030 10 Сатып алынған бағалы қағаздар
- 4030 11 Ұзақ мерзімді алынған қарыздар бойынша сыйлықақы
- 4030 12 Ұзақ мерзімді алынған қарыздар бойынша дисконт
- 4030 13 Ұлттық басқарушы холдингтен алынған ұзақ мерзімді қарыздар
- 4030 96 Исламдық бағалы қағаздар бойынша резервтік қор
- 4100 Ұзақ мерзімді кредиторлық берешек
- 4110 Жеткізушілерге және мердігерлерге ұзақ мерзімді кредиторлық берешек



4120	Еншілес ұйымдарға ұзақ мерзімді кредиторлық берешек
4130	Қауымдасқан және бірлескен ұйымдарға ұзақ мерзімді кредиторлық берешек
4140	Филиалдарға және құрылымдық бөлімшелерге ұзақ мерзімді кредиторлық берешек
4150	Жалдау бойынша ұзақ мерзімді берешек
4160	Төлеуге арналған ұзақ мерзімді сыйақы
4160 01	Айналысқа шығарылған бағалы қағаздар бойынша сыйақы түрінде есептелген шығыстар
4170	Басқа да ұзақ мерзімді кредиторлық берешек
4170 01	Фьючерс мәмілесі бойынша міндеттемелер
4170 02	Форвард мәмілесі бойынша міндеттемелер
4170 03	Опцион мәмілесі бойынша міндеттемелер
4170 04	Своп мәмілесі бойынша міндеттемелер
4170 05	Басқа да туынды қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша міндеттемелер
4200	Ұзақ мерзімді бағалау міндеттемелері
4210	Ұзақ мерзімді кепілдік міндеттемелер
4220	Шағым-талап жұмысы бойынша ұзақ мерзімді бағалау міндеттемелері
4230	Қызметкерлерге сыйақылар бойынша ұзақ мерзімді бағалау міндеттемелері
4240	Басқа да ұзақ мерзімді бағалау міндеттемелері
4300	Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері
4310	Корпоративтік табыс салығы бойынша кейінге қалдырылған салық міндеттемелері
4400	Басқа да ұзақ мерзімді міндеттемелер
4410	Алынған ұзақ мерзімді аванстар
4420	Болашақ кезеңдердің кірістері
4430	Басқа да ұзақ мерзімді міндеттемелер
4440	Артықшылықты акциялар бойынша міндеттемелер

5-параграф. Капитал және резервтер

5000	Жарғылық капитал
5010	Артықшылықты акциялар
5020	Жай акциялар
5030	Салымдар және пайлар
5200	Сатып алынған меншікті үлестік құралдар
5210	Сатып алынған меншікті үлестік құралдар
5300	Эмиссиялық кіріс
5310	Эмиссиялық кіріс
5320	Қосымша төленген капитал
5400	Резервтер
5410	Құрылтай құжаттарында белгіленген резервтік капитал
5420	Негізгі құрал-жабдықтарды қайта бағалауға арналған резерв
5430	Материалдық емес активтерді қайта бағалауға арналған резерв
5440	Сатуға арналған қаржы активтерін қайта бағалауға арналған резерв
5450	Басқа да активтерді қайта бағалауға арналған резерв
5460	Басқа да резервтер
5490 40	Көзделмеген тәуекелдер резерві
5490 41	Тұрақтандыру резерві
5500	Бөлінбеген пайда (өтелмеген зиян)
5520	Өткен жылдардағы бөлінбеген пайда (өтелмеген зиян)
5610	Есепті жылдағы бөлінбеген пайда (өтелмеген зиян)



6-параграф. Кірістер

- 6000 Өнім өткізуден және қызмет көрсетуден кірістер
- 6010 Өнім өткізуден және қызмет көрсетуден кіріс
- 6020 Сатылған өнімді қайтару
- 6030 Бағадан және сатудан болатын жеңілдіктер
- 6100 Қаржыландырудан түсетін кірістер
- 6110 Сыйақылар бойынша кірістер
- 6110 01 Сатып алынған бағалы қағаздар бойынша сыйақы алуға байланысты кірістер
- 6110 02 Айналысқа шығарылған бағалы қағаздар бойынша сыйлықақы амортизациясына байланысты кірістер
- 6110 03 Сатып алынған бағалы қағаздар бойынша дисконт амортизациясына байланысты кірістер
- 6110 04 Бағалы қағаздармен «кері РЕПО» операциялары бойынша сыйақы алуға байланысты кірістер
- 6110 05 Орналастырылған салымдар бойынша дисконт амортизациясы бойынша кірістер
- 6110 07 Берілген қарыздар бойынша дисконт амортизациясы бойынша кірістер
- 6110 08 Алынған қарыздар бойынша сыйлықақы амортизациясы бойынша кірістер
- 6110 28 Ағымдағы шоттар бойынша сыйақы алуға байланысты кірістер
- 6110 29 Талап ету салымдары бойынша сыйақы алуға байланысты кірістер
- 6110 30 Мерзімді салымдар бойынша сыйақы алуға байланысты кірістер
- 6110 31 Шартты салымдар бойынша сыйақы алуға байланысты кірістер
- 6110 32 Қарыздар бойынша сыйақы алуға байланысты кірістер
- 6110 34 Сыйақы алуға байланысты басқа да кірістер
- 6110 41 Қайта сақтандыру шарттары бойынша комиссиялық кірістер
- 6110 42 Сақтандыру брокерлерінің комиссиялық кірістер
- 6120 Дивидендтер бойынша кірістер
- 6130 Қаржылық жалдаудан түскен кірістер
- 6140 Жылжымайтын мүлікке инвестициялармен операциялардан түскен кірістер
- 6150 Қаржы құралдарының әділ құнын өзгертуден түскен кірістер
- 6150 01 Өзгеруі пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын бағалы қағаздар құнының өзгеруінен түскен іске асырылмаған кірістер
- 6150 02 Басқа да қаржы құралдарының әділ құнының өзгеруінен түскен іске асырылмаған кірістер
- 6150 03 Өзгеруі пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын және сату үшін қолда бар бағалы қағаздар құнының өзгеруінен түскен іске асырылған кірістер
- 6150 04 Басқа да қаржы құралдарының әділ құнының өзгеруінен түскен іске асырылған кірістер
- 6160 Қаржыландырудан түскен басқа да кірістер
- 6200 Басқа да кірістер
- 6210 Активтерді шығынға жазудан түскен кірістер
- 6220 Өтеусіз алынған активтерден түскен кірістер
- 6230 Мемлекеттік субсидиялардан түскен кірістер
- 6240 Құнсызданудан болған зиянды қалпына келтіруден түскен кірістер
- 6240 01 Сату үшін қолда бар және өтеуге дейін ұсталатын бағалы қағаздар бойынша құрылған резервтерді (провизияларды) қалпына келтіруден (жоюдан) түскен кірістер



- 6240 02 Екінші деңгейдегі банктерде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда орналастырылған салымдар бойынша құрылған резервтерді (провизияларды) қалпына келтіруден (жоюдан) түскен кірістер
- 6240 03 Басқа да дебиторлық берешек бойынша құрылған резервтерді (провизияларды) қалпына келтіруден (жоюдан) түскен кірістер
- 6240 21 Клиенттерге берілген қарыздар бойынша құрылған резервтерді (провизияларды) қалпына келтіруден (жоюдан) түскен кірістер
- 6240 22 Клиенттерге берілген қаржылық жалдау бойынша құрылған резервтерді (провизияларды) қалпына келтіруден (жоюдан) түскен кірістер
- 6240 23 Шартты міндеттемелер бойынша құрылған резервтерді (провизияларды) қалпына келтіруден (жоюдан) түскен кірістер
- 6240 91 Исламдық бағалы қағаздар бойынша резервтік қорды қалпына келтіруден (жоюдан) түскен кірістер
- 6250 Бағамдық айырмадан түскен кірістер
- 6250 01 Шетел валютасын қайта бағалаудан түскен іске асырылмаған кірістер
- 6250 02 Шетел валютасын қайта бағалаудан түскен іске асырылған кірістер
- 6260 Операциялық жалдаудан түскен кірістер
- 6280 Басқа да кірістер
- 6280 01 Тазартылған бағалы металдарды сатып алу-сатудан түскен кіріс
- 6280 02 Шетел валютасын сатып алу-сатудан түскен кіріс
- 6280 03 Тазартылған бағалы металдарды қайта бағалаудан түскен іске асырылмаған кірістер
- 6280 04 Басқа да қайта бағалаудан түскен іске асырылмаған кірістер
- 6280 05 Тазартылған бағалы металдарды қайта бағалаудан түскен іске асырылған кірістер
- 6280 06 Басқа да қайта бағалаудан түскен іске асырылған кірістер
- 6280 07 Басқа да кірістер
- 6280 08 Тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл)
- 6280 09 Бағалы қағаздарды сатып алу-сатудан түскен кірістер
- 6280 40 Сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметіне байланысты кірістер
- 6280 41 Сақтандыру сыйлықақылары түріндегі кірістер
- 6280 42 Қайта сақтандырушының сақтандыру төлемдерін өтеуіне байланысты кірістер
- 6280 43 Регресстік талап бойынша өтеуге байланысты кірістер
- 6280 44 Сақтандыру қызметінен түскен басқа да кірістер
- 6280 45 Еңбек сіңірілмеген сыйлықақылар резервін төмендетуден түскен кірістер
- 6280 46 Болған, бірақ мәлімделмеген зиян резервін төмендетуден түскен кірістер
- 6280 47 Мәлімделген, бірақ реттелмеген зиян резервін төмендетуден түскен кірістер
- 6280 48 Өмірді сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша болмаған зиян резервін төмендетуден түскен кірістер
- 6280 49 Аннуитет шарттары бойынша болмаған зиян резервін төмендетуден түскен кірістер
- 6280 50 Еңбек сіңірілмеген сыйлықақылар резерві бойынша қайта сақтандыру активтерін қалыптастырудан түскен кірістер
- 6280 51 Болған, бірақ мәлімделмеген зиян резерві бойынша қайта сақтандыру активтерін қалыптастырудан түскен кірістер
- 6280 52 Өмірді сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша болмаған зиян резерві бойынша қайта сақтандыру активтерін қалыптастырудан түскен кірістер
- 6280 53 Аннуитет шарттары бойынша болмаған зиян резерві бойынша қайта сақтандыру активтерін қалыптастырудан түскен кірістер
- 6280 54 Мәлімделген, бірақ реттелмеген зиян резерві бойынша қайта сақтандыру активтерін қалыптастырудан түскен кірістер
- 6290 Туынды қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша кірістер



6290 01	Фьючерс мәмілесін қайта бағалаудан түскен іске асырылмаған кіріс
6290 02	Бағалы қағаздар бойынша форвард мәмілесін қайта бағалаудан түскен іске асырылмаған кіріс
6290 03	Шетел валютасы бойынша форвард мәмілесін қайта бағалаудан түскен іске асырылмаған кіріс
6290 04	Тазартылған бағалы металдар бойынша форвард мәмілесін қайта бағалаудан түскен іске асырылмаған кіріс
6290 05	Опцион мәмілесін қайта бағалаудан түскен іске асырылмаған кіріс
6290 07	Своп мәмілесін қайта бағалаудан іске асырылмаған кіріс
6290 08	Басқа да туынды қаржы құралдарымен мәмілелерді қайта бағалаудан түскен іске асырылмаған кіріс
6290 09	Фьючерс мәмілелері бойынша кірістер
6290 10	Форвард мәмілелері бойынша кірістер
6290 11	Опцион мәмілелері бойынша кірістер
6290 13	Своп мәмілелері бойынша кірістер
6290 14	Басқа да туынды қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша кірістер
6300	Тоқтатылатын қызметке байланысты кірістер
6310	Тоқтатылатын қызметке байланысты кірістер
6400	Ұйымдардың үлестік қатысу әдісі бойынша есепке алынатын пайдасының үлесі
6410	Қауымдасқан ұйымдар пайдасының үлесі
6420	Бірлескен ұйымдар пайдасының үлесі

7-параграф. Шығыстар

7000	Өткізілген өнімдердің және көрсетілген қызметтің өзіндік құны
7010	Өткізілген өнімнің және көрсетілген қызметтердің өзіндік құны
7100	Өнімді өткізу және қызмет көрсету бойынша шығыстар
7110	Өнімді өткізу және қызмет көрсету бойынша шығыстар
7200	Әкімшілік шығыстар
7210	Әкімшілік шығыстар
7220	Салықтар бойынша шығыстар
7220 01	Әлеуметтік салық және міндетті әлеуметтік аударымдар бойынша шығыстар
7220 02	Жер салығы бойынша шығыстар
7220 03	Мүлік салығы бойынша шығыстар
7220 04	Көлік құралы салығы бойынша шығыстар
7220 05	Басқа да салықтар, алымдар және бюджетке төленетін міндетті төлемдер бойынша шығыстар
7300	Қаржыландыруға арналған шығыстар
7310	Сыйақы бойынша шығыстар
7310 01	Айналысқа шығарылған бағалы қағаздар бойынша сыйақы төлеуге байланысты шығыстар
7310 02	Сатып алынған бағалы қағаздар бойынша сыйлықақы амортизациясына байланысты шығыстар
7310 03	Айналысқа шығарылған бағалы қағаздар бойынша дисконт амортизациясына байланысты шығыстар
7310 04	Бағалы қағаздармен «РЕПО» операциялары бойынша сыйақы төлеуге байланысты шығыстар
7310 05	Тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл)
7310 07	Алынған қарыздар бойынша дисконт амортизациясы бойынша шығыстар
7310 09	Берілген қарыздар бойынша сыйлықақы амортизациясы бойынша шығыстар



- 7310 10 Орналастырылған салымдар бойынша сыйлықақы амортизациясы бойынша шығыстар
- 7310 24 Алынған қарыздар бойынша сыйақы төлеуге байланысты шығыстар
- 7310 25 Сыйақы төлеуге байланысты басқа да шығыстар
- 7320 Қаржылық жалдау бойынша пайыздар төлеуге арналған шығыстар
- 7330 Қаржы құралдарының әділ құнының өзгеруінен болған шығыстар
- 7340 Қаржыландыруға арналған басқа да шығыстар
- 7400 Басқа да шығыстар
- 7410 Активтерді шығынға жазу бойынша шығыстар
- 7420 Активтердің құнсыздануынан болған шығыстар
- 7430 Бағамдық айырма бойынша шығыстар
- 7430 01 Шетел валютасын қайта бағалаудан болған іске асырылмаған шығыстар
- 7430 02 Шетел валютасын қайта бағалаудан болған іске асырылған шығыстар
- 7440 Резервті құру және үмітсіз талаптарды есептен шығару бойынша шығыстар
- 7440 01 Сату үшін қолда бар және өтеуге дейін ұсталатын бағалы қағаздар бойынша резервтерді (провизияларды) қалыптастыру бойынша шығыстар
- 7440 02 Орналастырылған салымдар бойынша резервтерді (провизияларды) қалыптастыру бойынша шығыстар
- 7440 03 Басқа да дебиторлық берешек бойынша резервтерді (провизияларды) қалыптастыру бойынша шығыстар
- 7440 21 Берілген қарыздар бойынша резервтерді (провизияларды) қалыптастыру бойынша шығыстар
- 7440 22 Берілген қаржылық жалдау бойынша резервтерді (провизияларды) қалыптастыру бойынша шығыстар
- 7440 23 Шартты міндеттемелер бойынша резервтерді (провизияларды) қалыптастыру бойынша шығыстар
- 7440 41 Еңбек сіңірілмеген сыйлықақы резервін қалыптастыру бойынша шығыстар
- 7440 42 Болған, бірақ мәлімделмеген зиян резервін қалыптастыру бойынша шығыстар
- 7440 43 Өмірді сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша болмаған зиян резервін қалыптастыру бойынша шығыстар
- 7440 44 Аннуитет шарттары бойынша болмаған зиян резервін қалыптастыру бойынша шығыстар
- 7440 45 Мәлімделген, бірақ реттелмеген зиян резервін қалыптастыру бойынша шығыстар
- 7440 47 Қайта сақтандыру активтері бойынша резервтерді (провизияларды) қалыптастыру бойынша шығыстар
- 7440 48 Еңбек сіңірілмеген сыйлықақылар резерві бойынша қайта сақтандыру активтерін төмендетуден болған шығыстар
- 7440 49 Болған, бірақ мәлімделмеген зиян резерві бойынша қайта сақтандыру активтерін төмендетуден болған шығыстар
- 7440 50 Өмірді сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша болмаған зиян резерві бойынша қайта сақтандыру активтерін төмендетуден болған шығыстар
- 7440 51 Мәлімделген, бірақ реттелмеген зиян резерві бойынша қайта сақтандыру активтерін төмендетуден болған шығыстар
- 7440 52 Аннуитет шарттары бойынша болмаған зиян резерві бойынша қайта сақтандыру активтерін төмендетуден болған шығыстар
- 7440 91 Исламдық бағалы қағаздар бойынша резервтік қорды қалыптастыру бойынша шығыстар
- 7450 Операциялық жалдау бойынша шығыстар
- 7470 Басқа да шығыстар
- 7470 01 Тазартылған бағалы металдарды сатып алу-сату бойынша шығыстар
- 7470 02 Шетел валютасын сатып алу-сату бойынша шығыстар



- 7470 03 Өзгеруі пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын бағалы қағаздар құнының өзгеруінен болған іске асырылмаған шығыстар
- 7470 04 Тазартылған бағалы металдарды да қайта бағалаудан болған іске асырылмаған шығыстар
- 7470 05 Басқа да қайта бағалаудан болған іске асырылмаған шығыстар
- 7470 06 Өзгеруі пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын және сату үшін қолда бар бағалы қағаздар құнының өзгеруінен болған іске асырылмаған шығыстар
- 7470 07 Тазартылған бағалы металдарды да қайта бағалаудан болған іске асырылған шығыстар
- 7470 08 Басқа да қайта бағалаудан болған іске асырылған шығыстар
- 7470 09 Басқа да шығыстар
- 7470 10 Бағалы қағаздарды сатып алу-сатудан болған шығыстар
- 7470 40 Сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметіне байланысты шығыстар
- 7470 41 Сақтандыру бойынша сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру бойынша шығыстар
- 7470 42 Қайта сақтандыру бойынша сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру бойынша шығыстар
- 7470 43 Талаптарды реттеу бойынша шығыстар
- 7470 44 Қайта сақтандырушыға регресстік талап бойынша өтеу бойынша шығыстар
- 7470 45 Қайта сақтандыру бойынша комиссиялық сыйақы төлеу бойынша шығыстар
- 7470 46 Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қорына міндетті жарналар төлеу бойынша шығыстар
- 7470 47 Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қорына төтенше жарналар төлеу бойынша шығыстар
- 7470 48 Сақтандыру брокерлері көрсеткен қызмет үшін ақы төлеу бойынша шығыстар
- 7470 49 Актуарийлер көрсеткен қызмет үшін ақы төлеу бойынша шығыстар
- 7470 50 Басқа да шығыстар
- 7470 81 Қор биржасы көрсеткен қызмет үшін комиссиялық шығыстар
- 7470 82 Брокерлік және дилерлік қызмет бойынша көрсетілген қызмет үшін комиссиялық шығыстар
- 7470 83 Кастодиандық қызмет бойынша көрсетілген қызмет үшін комиссиялық шығыстар
- 7470 84 Бағалы қағаздар нарығының өзге де кәсіби қатысушыларының комиссиялық шығыстары
- 7480 Туынды қаржы құралдарымен операциялар бойынша шығыстар
- 7480 01 Фьючерс мәмілесін қайта бағалаудан болған іске асырылмаған шығыс
- 7480 02 Бағалы қағаздар бойынша форвард мәмілесін қайта бағалаудан болған іске асырылмаған шығыс
- 7480 03 Шетел валютасы бойынша форвард мәмілесін қайта бағалаудан болған іске асырылмаған шығыс
- 7480 04 Тазартылған бағалы металдар бойынша форвард мәмілесін қайта бағалаудан болған іске асырылмаған шығыс
- 7480 05 Опцион мәмілесін қайта бағалаудан болған іске асырылмаған шығыс
- 7480 07 Своп мәмілесін қайта бағалаудан болған іске асырылмаған шығыс
- 7480 08 Басқа да туынды қаржы құралдарымен мәмілелерді қайта бағалаудан болған іске асырылмаған шығыс
- 7480 09 Фьючерс мәмілелері бойынша шығыстар
- 7480 10 Форвард мәмілелері бойынша шығыстар
- 7480 11 Опцион мәмілелері бойынша шығыстар
- 7480 13 Своп мәмілелері бойынша шығыстар



- 7480 14 Басқа да туынды қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша шығыстар
- 7500 Тоқтатылатын қызметке байланысты шығыстар
- 7510 Тоқтатылатын қызметке байланысты шығыстар
- 7600 Ұйымның үлестік қатысу әдісімен есепке алынатын зиянындағы үлес
- 7610 Қауымдасқан ұйымдардың зиянындағы үлес
- 7620 Бірлескен ұйымдардың зиянындағы үлес
- 7700 Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар
- 7710 Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар

8-параграф. Шартты және ықтимал талаптар мен міндеттемелер

- 8100 Кепілдіктер бойынша талаптар шоттары
- 8120 Қабылданған кепілдіктер бойынша ықтимал талаптар
- 8130 Қазақстан Республикасының сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру туралы заңнамасына сәйкес шартты төтенше жарналар
- 8210 Берілетін қарыздар бойынша шартты талаптар
- 8220 Болашақта қарыздар алу бойынша шартты талаптар
- 8300 Туынды қаржы құралдары бойынша талаптар шоттары
- 8300 01 Қаржы активтерін сатып алу бойынша шартты талаптар
- 8300 02 Қаржы фьючерстерін сатып алу бойынша шартты талаптар
- 8300 03 Қаржы фьючерстерін сату бойынша шартты талаптар
- 8300 04 Белгіленген пайыздық своп
- 8300 05 Өзгермелі пайыздық своп
- 8300 06 Сатып алынған опцион «колл» мәмілелері
- 8300 07 Сатып алынған опцион «пут» мәмілелері
- 8300 08 Сатылған опцион «пут» мәмілелері - контршот
- 8300 09 Сатылған опцион «колл» мәмілелері - контршот
- 8300 10 Болашақтағы сыйақы туралы сатып алынған келісім - контршот
- 8300 11 Болашақтағы сыйақы туралы іске асырылған келісім
- 8300 12 Басқа да туынды қаржы құралдары бойынша шартты талаптар
- 8400 Кепілдіктер бойынша міндеттемелер шоттары
- 8420 Қабылданған кепілдіктер бойынша талаптарды ықтимал азайту
- 8430 Қазақстан Республикасының сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру туралы заңнамасы бойынша шартты міндеттемелер
- 8500 Болашақта қарыздар беру (алу) бойынша міндеттемелер шоттары
- 8510 Болашақта қарыздар беру бойынша шартты міндеттемелер
- 8520 Алынатын қарыздар бойынша шартты міндеттемелер
- 8600 Туынды қаржы құралдары бойынша міндеттемелер шоттары
- 8600 01 Қаржы активтерін сату бойынша шартты міндеттемелер
- 8600 02 Қаржы фьючерстерін сатып алу бойынша шартты міндеттемелер
- 8600 03 Қаржы фьючерстерін сату бойынша шартты міндеттемелер
- 8600 04 Өзгермелі пайыздық своп
- 8600 05 Белгіленген пайыздық своп
- 8600 06 Сатып алынған опцион «колл» мәмілелері - контршот
- 8600 07 Сатып алынған опцион «пут» мәмілелері - контршот
- 8600 08 Сатылған опцион «пут» мәмілелері
- 8600 09 Сатылған опцион «колл» мәмілелері
- 8600 10 Болашақтағы сыйақы туралы сатып алынған келісім
- 8600 11 Болашақтағы сыйақы туралы іске асырылған келісім - контршот
- 8600 12 Басқа да туынды қаржы құралдары бойынша шартты міндеттемелер



9-параграф. Меморандум шоттары

- 8700 Меморандум шоттары - активтер
- 8710 Жалға берілген машиналар, жабдықтар, көлік және басқа да құрал-жабдықтар
- 8720 Төлем бөліп төленіп өткізілетін негізгі құрал-жабдықтар
- 8740 Инкассоға жіберілген құжаттар мен құндылықтар
- 8750 Міндеттемелерді қамтамасыз етуге (кепілге) берілген мүлік
- 8760 Оригинаторға сенімгерлік басқаруға берілген акциялар (қатысу үлестері)
- 8800 Меморандум шоттары - пассивтер
- 8810 Жалға қабылданған машиналар, жабдықтар, көлік және басқа да құрал-жабдықтар
- 8830 Клиенттің міндеттемесін қамтамасыз етуге (кепілге) қабылданған мүлік
- 8900 Меморандум шоттары - басқалары
- 8920 Шет мемлекеттер және шетел банктері ашқан кредиттік желілер
- 8930 Әртүрлі құндылықтар мен құжаттар
- 8940 Жіберілген және есебіне берілген әртүрлі құндылықтар мен құжаттар
- 8950 Сақтаудағы тазартылған балалы металдар
- 8960 Сақтаудағы акциялар және басқа бағалы қағаздар
- 8970 «Депозит» шоты

3. Шоттардың сипаттамасы

1-параграф. Баланстық шоттар

1010 «Кассадағы ақша қаражаты» (актив).

Мақсаты: ұйымның кассасындағы ұлттық және шетел валюталарындағы ақша сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша ұйымның кассасына түскен ұлттық және шетел валютасындағы ақша сомалары жазылады.

Шоттың кредиті бойынша ұйымның кассасынан ұлттық және шетел валюталарындағы ақша сомаларын есептен шығару жазылады.

1020 «Жолдағы ақша қаражаты» (актив).

Мақсаты: жолдағы ұлттық және шетел валюталарындағы ақша сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша жолдағы ақша сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша алушыдан қолма-қол ақшаның алынғаны және ақшаның банк шотына есепке алынғаны туралы растама алғаннан кейін ақша сомасын есептен шығару жазылады.

1030 «Ағымдағы шоттардағы ақша қаражаты» (актив).

Мақсаты: ұйымның ағымдағы шоттарындағы ұлттық және шетел валюталарындағы ақша сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша ұйымның ағымдағы шотындағы ақша сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша ұйымның ағымдағы шотынан ақша сомасын олар мақсаты бойынша пайдаланылған кезде есептен шығару жазылады.

1050 «Жинақ шоттарындағы ақша қаражаты» (актив).

Мақсаты: ұйымның жинақ шоттарындағы ұлттық және шетел валюталарындағы ақша сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша ұйымның жинақ шотындағы ақша сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша ұйымның жинақ шотынан ақша сомасын олар мақсаты бойынша пайдаланылған кезде есептен шығару жазылады.

1060 01 «Басқа да ақша қаражаты» (актив).

Мақсаты: № 1010, 1020, 1030 және 1050 баланстық шоттарда есепке алынбаған ұлттық және шетел валюталарындағы басқа да ақша қаражатының сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша уақытша және кездейсоқ сипаты бар, туындаған сәтте басқа



баланстық шоттар бойынша жүргізілмейтін ақша сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша ақша сомасы есептен шығарылған кезде жазылады.

1110 21 «Клиенттерге берілген қысқа мерзімді қарыздар» (актив).

Мақсаты: клиенттерге бір жылға дейінгі өтеу мерзімімен берілген қарыздардың сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша клиентке берілген қысқа мерзімді қарыздың сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша қысқа мерзімді қарыздың сомаларын оны клиент өтеген немесе төлем мерзімі өтіп кеткен кезде есептен шығару жазылады.

1110 22 «Берілген қарыздар бойынша клиенттердің мерзімі өткен берешегі» (актив).

Мақсаты: клиентке берілген қарыздар бойынша мерзімі өткен берешектің сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша клиентке берілген қарыз бойынша мерзімі өткен берешектің сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша клиентке берілген қарыз бойынша мерзімі өткен берешектің сомалары оны клиент өтеген немесе ұйымның балансынан есептен шығарған кезде есептен шығару жазылады.

1110 23 «Берілген қысқа мерзімді қарыздар бойынша дисконт» (контрактив).

Мақсаты: қарызды өтеу сомасының нақты берілген қысқа мерзімді қарыздың сомасынан асып кету сомаларын есепке алу (мәміле бойынша шығындарды қосқанда) (дисконт).

Шоттың кредиті бойынша қарызды өтеу сомасының нақты берілген қысқа мерзімді қарыздың сомасынан асып кету сомасы жазылады (дисконт).

Шоттың дебеті бойынша берілген қысқа мерзімді қарыз бойынша дисконт амортизациясының сомасы № 6110 07 баланстық шотпен байланыстыра отырып жазылады.

1110 24 «Берілген қысқа мерзімді қарыздар бойынша сыйлықақы» (актив).

Мақсаты: нақты берілген қысқа мерзімді қарыз сомасының қарызды өтеу сомасынан асып кету сомаларын есепке алу (мәміле бойынша шығындарды қосқанда) (сыйлықақы).

Шоттың дебеті бойынша нақты берілген қысқа мерзімді қарыз сомасының қарызды өтеу сомасынан асып кету сомасы жазылады (мәміле бойынша шығындарды қосқанда) (сыйлықақы).

Шоттың кредиті бойынша берілген қысқа мерзімді қарыз бойынша сыйлықақы амортизациясының сомасы № 7310 09 баланстық шотпен байланыстыра отырып жазылады.

1120 01 «Өзгеруі пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын қысқа мерзімді қаржы активтері» (актив).

Мақсаты: одан әрі өткізу және кіріс алу мақсатында сатып алынған қысқа мерзімді қаржы активтерінің номиналдық құнын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша өзгеруі пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын қысқа мерзімді қаржы активінің номиналдық құны жазылады.

Шоттың кредиті бойынша қысқа мерзімді қаржы активі өткізілген, басқа санатқа ауыстырылған, сондай-ақ төлем мерзімі өтіп кеткен кезде оның номиналдық құнын есептен шығару жазылады.

1120 02 «Өзгеруі пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын сатып алынған қысқа мерзімді қаржы активтері бойынша дисконт» (контрактив).

Мақсаты: өзгеруі пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын қысқа мерзімді қаржы активтерінің номиналдық құнының оларды сатып алу құнынан асып кету сомаларын есепке алу (дисконт).

Шоттың кредиті бойынша өзгеруі пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын қысқа мерзімді қаржы активінің номиналдық құнының оны сатып алу құнынан асып кету сомасы жазылады (дисконт).

Шоттың дебеті бойынша өзгеруі пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын қысқа мерзімді қаржы активі бойынша дисконт амортизациясының сомасы № 6110 01 баланстық шотымен байланыстыра отырып жазылады.

1120 03 «Өзгеруі пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын сатып алынған қысқа мерзімді қаржы активтері бойынша сыйлықақы» (актив).

Мақсаты: өзгеруі пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын қысқа мерзімді қаржы активтерін сатып алу құнының олардың номиналдық құнынан асып кету сомаларын есепке алу (сыйлықақы).



Шоттың дебеті бойынша өзгеруі пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын қысқа мерзімді қаржы активін сатып алу құнының оның номиналдық құнынан асып кету сомасы жазылады (сыйлықақы).

Шоттың кредиті бойынша өзгеруі пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын сатып алынған қысқа мерзімді қаржы активі бойынша сыйлықақы амортизациясының сомасы № 7310 02 баланстық шотымен байланыстыра отырып жазылады.

1120 04 «Өзгеруі пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын қысқа мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын оң түзету» (актив).

Мақсаты: өзгеруі пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын қысқа мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын қайта бағалаудан болған іске асырылмаған кірістердің сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша өзгеруі пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын қысқа мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын қайта бағалаудан болған іске асырылмаған кірістердің сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша өзгеруі пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын қысқа мерзімді қаржы активінің әділ құнын оң түзету сомаларын осы соманы қарсы әріптес өтеген немесе осы қаржы активін сату кезінде № 1120 05 баланстық шотымен сальдолау кезінде есептен шығару жазылады.

1120 05 «Өзгеруі пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын қысқа мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын теріс түзету» (контрактив).

Мақсаты: өзгеруі пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын қысқа мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын қайта бағалаудан болған іске асырылмаған шығыстардың сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша өзгеруі пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын қысқа мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын қайта бағалаудан болған іске асырылмаған шығыстардың сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша өзгеруі пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын қысқа мерзімді қаржы активінің әділ құнын теріс түзету сомаларын осы соманы осы қысқа мерзімді қаржы активін сату кезінде № 1120 04 баланстық шотымен сальдолау кезінде есептен шығару жазылады.

1130 01 «Өтеуге дейін ұсталатын қысқа мерзімді инвестициялар» (актив).

Мақсаты: ұйым сатып алған және өтеуге дейін ұсталатын қысқа мерзімді инвестициялардың номиналдық құнын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша ұйым сатып алған және өтеуге дейін ұсталатын қысқа мерзімді инвестицияның номиналдық құны жазылады.

Шоттың кредиті бойынша ұйым сатып алған қысқа мерзімді инвестицияның номиналдық құнын оны өтеу, басқа санатқа ауыстыру, сондай-ақ төлем мерзімі өткен кезде есептен шығару жазылады.

1130 02 «Өтеуге дейін ұсталатын сатып алынған қысқа мерзімді инвестициялар бойынша дисконт» (контрактив).

Мақсаты: өтеуге дейін ұсталатын инвестициялардың номиналдық құнының оларды сатып алу құнынан асып кету сомаларын есепке алу (дисконт).

Шоттың кредиті бойынша өтеуге дейін ұсталатын инвестицияның номиналдық құнының оларды сатып алу құнынан асып кету сомасы жазылады (дисконт).

Шоттың дебеті бойынша сатып алынған, өтеуге дейін ұсталатын инвестиция бойынша дисконт амортизациясының сомасы № 6110 03 баланстық шотпен байланыстыра отырып жазылады.

1130 03 «Өтеуге дейін ұсталатын сатып алынған қысқа мерзімді инвестициялар бойынша сыйлықақы» (актив).

Мақсаты: өтеуге дейін ұсталатын инвестициялардың сатып алу құнының олардың номиналдық құнынан асып кету сомаларын есепке алу (сыйлықақы).

Шоттың дебеті бойынша өтеуге дейін ұсталатын инвестицияның сатып алу құнының оның номиналдық құнынан асып кету сомасы жазылады (сыйлықақы).

Шоттың кредиті бойынша өтеуге дейін ұсталатын инвестиция бойынша сыйлықақы амортизациясының сомасы № 7310 02 баланстық шотпен байланыстыра отырып жазылады.



1140 01 «Сату үшін қолда бар қысқа мерзімді қаржылық инвестициялар» (актив).

Мақсаты: «саудаға арналған» және «өтеуге дейін ұсталатын» санатына жатқызылмаған қысқа мерзімді қаржы инвестициялардың номиналдық құнын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша сату үшін қолда бар қысқа мерзімді қаржылық инвестицияның номиналдық құны жазылады.

Шоттың кредиті бойынша сату үшін қолда бар қысқа мерзімді қаржылық инвестицияның номиналдық құнын оны іске асыру, қаржылық инвестициялардың басқа санатына аудару, сондай-ақ төлем мерзімі өткен кезде есептен шығару жазылады.

1140 02 «Сату үшін қолда бар, сатып алынған қаржылық инвестициялар бойынша дисконт» (контрактив).

Мақсаты: сату үшін қолда бар, сатып алынған қаржылық инвестициялардың номиналдық құнының олардың сатып алу құнынан асып кету сомаларын есепке алу (дисконт).

Шоттың кредиті бойынша сату үшін қолда бар қаржылық инвестицияның номиналдық құнының оны сатып алу құнынан асып кету сомасы жазылады (дисконт).

Шоттың дебеті бойынша сату үшін қолда бар, сатып алынған қаржылық инвестиция бойынша дисконт амортизациясының сомасы № 6110 03 баланстық шотпен байланыстыра отырып жазылады.

1140 03 «Сату үшін қолда бар, сатып алынған қаржылық инвестициялар бойынша сыйлықақы» (актив).

Мақсаты: сату үшін қолда бар қаржылық инвестициялардың сатып алу құнының олардың номиналдық құнынан асып кету сомаларын есепке алу (сыйлықақы).

Шоттың дебеті бойынша сату үшін қолда бар қаржылық инвестицияның сатып алу құнының оның номиналдық құнынан асып кету сомасы жазылады (сыйлықақы).

Шоттың кредиті бойынша сату үшін қолда бар, сатып алынған қаржылық инвестиция бойынша сыйлықақы амортизациясының сомасы № 7310 02 баланстық шотпен байланыстыра отырып жазылады.

1140 04 «Сату үшін қолда бар қаржылық инвестициялардың әділ құнын оң түзету» (актив).

Мақсаты: сату үшін қолда бар қаржылық инвестицияларды сатып алу бойынша біржолғы шығындардың сомаларын және осы қаржылық инвестициялардың әділ құнынан түскен іске асырылмаған кірістердің сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша сату үшін қолда бар қаржылық инвестицияны сатып алу бойынша біржолғы шығындардың сомасы және осы қаржылық инвестицияның әділ құнынан түскен іске асырылмаған кірістердің сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша сату үшін қолда бар қаржылық инвестицияның әділ құнын оң түзету сомаларын осы соманы қарсы әріптес өтеген немесе осы қаржылық инвестицияны сату кезінде № 1140 05 баланстық шотпен сальдолау кезінде есептен шығару жазылады.

1140 05 «Сату үшін қолда бар қаржылық инвестициялардың әділ құнын теріс түзету» (контрактив).

Мақсаты: сату үшін қолда бар қаржылық инвестициялардың әділ құнын қайта бағалаудан болған іске асырылмаған шығыстардың сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша сату үшін қолда бар қаржылық инвестициялардың әділ құнын қайта бағалаудан болған іске асырылмаған шығыстардың сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша сату үшін қолда бар қаржылық инвестициялардың әділ құнын теріс түзету сомаларын осы қаржылық инвестицияларды сату кезінде осы соманы № 1140 04 баланстық шотпен сальдолау кезінде есептен шығару жазылады.

1150 01 «Бағалы қағаздармен «кері РЕПО» операциялары» (актив).

Мақсаты: бағалы қағаздарды болашақта келісілген баға бойынша сатушыға қайтару міндеттемесімен операцияны ашу күні кепіл ретінде алынған бағалы қағаздармен «кері РЕПО» операциялары бойынша талаптардың сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша операцияны ашу күні бағалы қағаздармен «кері РЕПО» операциялары бойынша талаптардың сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша «кері РЕПО» операциялары бойынша талаптардың сомаларын операцияны жабу немесе жою кезінде есептен шығару жазылады.

1150 02 «Екінші деңгейдегі банктерде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда бір түнге орналастырылған қысқа мерзімді салымдар» (актив).



Мақсаты: екінші деңгейдегі банктерде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда орналастырылған салымдардың сомаларын салым орналастырылған күннен кейінгі жұмыс күні басталғанға дейін есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша екінші деңгейдегі банкке не банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымға бір түнге орналастырылған салымның сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша орналастырылған салымның сомасын оны ұйымға қайтарған немесе төлем мерзімі өтіп кеткен кезде есептен шығару жазылады.

1150 03 «Екінші деңгейдегі банктерде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда орналастырылған талап ету бойынша қысқа мерзімді салымдар» (актив).

Мақсаты: екінші деңгейдегі банктерде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда орналастырылған талап ету бойынша салымдардың сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша екінші деңгейдегі банкке және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымға орналастырылған талап ету бойынша салымның сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша орналастырылған салымның сомаларын оны ұйымға қайтарған немесе төлем мерзімі өткен кезде есептен шығару жазылады.

1150 04 «Екінші деңгейдегі банктерде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда орналастырылған қысқа мерзімді салымдар» (актив).

Мақсаты: банктерде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда орналастырылған, бір жылға дейінгі өтеу мерзімі бар салымдардың сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша банкке және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымға орналастырылған қысқа мерзімді салымның сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша орналастырылған қысқа мерзімді салымның сомаларын оны ұйымға қайтарған немесе төлем мерзімі өткен кезде есептен шығару жазылады.

1150 05 «Екінші деңгейдегі банктерде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда орналастырылған қысқа мерзімді шартты салымдар» (актив).

Мақсаты: екінші деңгейдегі банктерде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда орналастырылған шартты салымдардың сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша екінші деңгейдегі банкке және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымға орналастырылған шартты салымның сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша орналастырылған шартты салымның сомаларын оны ұйымға қайтарған немесе төлем мерзімі өткен кезде есептен шығару жазылады.

1150 07 «Тазартылған бағалы металдар» (актив).

Мақсаты: тазартылған бағалы металдардың құнын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша тазартылған бағалы металдардың құны, сондай-ақ оларды оң қайта бағалау жазылады.

Шоттың кредиті бойынша тазартылған бағалы металдардың құнын олар баланстан шығынға жазылған, сондай-ақ олар теріс қайта бағаланған кезде есептен шығару жазылады.

1150 08 «Жолдағы тазартылған бағалы металдар» (актив).

Мақсаты: жолдағы тазартылған бағалы металдардың құнын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша жолдағы тазартылған бағалы металдардың құны жазылады.

Шоттың кредиті бойынша алушыдан тазартылған бағалы металдарды немесе аванстық есепті алғаны туралы растама алғаннан кейін тазартылған бағалы металдардың құнын есептен шығару жазылады.

1150 09 «Металл шоттарда орналастырылған тазартылған бағалы металдар» (актив).

Мақсаты: ұйымның металл шоттарында орналастырылған тазартылған бағалы металдардың құнын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша ұйымның металл шоттарында орналастырылған тазартылған бағалы металдардың құны жазылады.

Шоттың кредиті бойынша ұйымның металл шоттарында орналастырылған тазартылған бағалы металдардың құнын олар қайтарылған кезде есептен шығару жазылады.

1150 10 «Басқа да қысқа мерзімді қаржылық инвестициялар бойынша мерзімі өткен



берешек» (актив).

Мақсаты: басқа да қысқа мерзімді қаржылық инвестициялар бойынша мерзімі өткен берешектің сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша басқа да қысқа мерзімді қаржылық инвестициялар бойынша мерзімі өткен берешектің сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша басқа да қысқа мерзімді қаржылық инвестициялар бойынша мерзімі өткен берешектің сомаларын есептен шығару жазылады.

1150 11 «Орналастырылған қысқа мерзімді салымдар бойынша дисконт» (контрактив).

Мақсаты: орналастырылған қысқа мерзімді салымдар бойынша қайтарылған ақша сомасының салымдар бойынша нақты орналастырылған ақша сомасынан асқан сомаларды есепке алу (дисконт).

Шоттың кредиті бойынша орналастырылған қысқа мерзімді салым бойынша қайтарылған ақша сомасының салым бойынша нақты орналастырылған ақша сомасынан асқан сомасы жазылады (дисконт).

Шоттың дебеті бойынша орналастырылған қысқа мерзімді салым бойынша дисконт амортизациясының сомасы № 6110 05 баланстық шотпен байланыстыра отырып жазылады.

1150 12 «Орналастырылған қысқа мерзімді салымдар бойынша сыйлықақы» (актив).

Мақсаты: қысқа мерзімді салымдар бойынша нақты орналастырылған ақша сомасының (мәміле бойынша шығындарды қосқанда) салымдар бойынша қайтарылған ақша сомасынан асатын сомаларын есепке алу (сыйлықақы).

Шоттың дебеті бойынша қысқа мерзімді салымдар бойынша нақты орналастырылған ақша сомасының (мәміле бойынша шығындарды қосқанда) салымдар бойынша қайтарылған ақша сомасынан асатын сомасы жазылады (сыйлықақы).

Шоттың кредиті бойынша қысқа мерзімді салымдар бойынша сыйлықақы амортизациясының сомасы № 7310 10 баланстық шотпен байланыстыра отырып жазылады.

1160 «Бағалы қағаздар бойынша мерзімі өткен берешек» (актив).

Мақсаты: ұйым сатып алған бағалы қағаздар бойынша мерзімі өткен берешектің сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша ұйым сатып алған бағалы қағаздар бойынша мерзімі өткен берешектің сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша сатып алынған бағалы қағаздар бойынша мерзімі өткен берешектің сомаларын оларды эмитенттер өтеген (қарсы агент төлеген) немесе ұйымның балансынан есептен шығарған кезде есептен шығару жазылады.

1210 «Сатып алушылардың және тапсырыс берушілердің қысқа мерзімді дебиторлық берешегі» (актив).

Мақсаты: ұйымның тиіп жіберілген дайын өнім (тауарлар), орындалған жұмыстар және көрсетілген қызметтер үшін ақы төлеуге ұсынылған бастапқы құжаттар бойынша сатып алушыларға және тапсырыс берушілерге талаптарының сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша ұйымның тиіп жіберілген дайын өнім (тауарлар), орындалған жұмыстар және көрсетілген қызметтер үшін ақы төлеуге ұсынылған бастапқы құжаттар бойынша сатып алушыға не тапсырыс берушіге талаптарының сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша алушының не тапсырыс берушінің дебиторлық берешегінің сомаларын олар осы берешекті өтеген немесе оны ұйымның балансынан шығарған кезде есептен шығару жазылады.

1220 «Еншілес ұйымдардың қысқа мерзімді дебиторлық берешегі» (актив).

Мақсаты: еншілес ұйымның орындалған жұмыстар және көрсетілген қызметтер бойынша ұйым алдындағы қысқа мерзімді дебиторлық берешегінің сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша еншілес ұйымның қысқа мерзімді дебиторлық берешегінің сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша еншілес ұйымның қысқа мерзімді дебиторлық берешегінің сомаларын олар осы берешекті өтеген немесе оны ұйымның балансынан шығарған кезде есептен шығару жазылады.

1230 «Қауымдасқан және бірлескен ұйымдардың қысқа мерзімді дебиторлық берешегі» (актив).

Мақсаты: ұйымның қауымдасқан және бірлескен ұйымдарға қысқа мерзімді дебиторлық



берешегінің сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша қауымдасқан не бірлескен ұйымның қысқа мерзімді дебиторлық берешегінің сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша қауымдасқан не бірлескен ұйымның қысқа мерзімді дебиторлық берешегінің сомалары ол өтелген немесе ұйымның балансынан шығарылған кезде есептен шығару жазылады.

1240 «Филиалдардың және құрылымдық бөлімшелердің қысқа мерзімді дебиторлық берешегі» (актив).

Мақсаты: ұйымның филиалдарға не құрылымдық бөлімшелерге қысқа мерзімді талаптарының сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша ұйым филиалының не құрылымдық бөлімшесінің қысқа мерзімді дебиторлық берешегінің сомалары жазылады.

Шоттың кредиті бойынша ұйым филиалының не құрылымдық бөлімшесінің қысқа мерзімді дебиторлық берешегінің сомаларын ол өтелген немесе ұйымның балансынан шығарылған кезде есептен шығару жазылады.

1250 «Қызметкерлердің қысқа мерзімді дебиторлық берешегі» (актив).

Мақсаты: қызметкерлердің ұйым өз қызметкерлеріне еңбекке ақы төлеу (қызмет көрсету), іссапар және активтерді сатып алу үшін есебіне берілген басқа шығыстар бойынша төлеген аванстық төлемдер бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешегінің сомаларын, сондай-ақ ұйымға қызметкерлер келтірген материалдық зиянды (кем шығу, талан-тараж, бүліну және басқалары) өтеу жөніндегі талаптардың сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша қызметкердің ұйым алдындағы қысқа мерзімді дебиторлық берешегінің сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша қызметкердің ұйым алдындағы қысқа мерзімді дебиторлық берешегінің сомаларын оның өтелуіне немесе ұйымның балансынан шығарылуына қарай есептен шығару жазылады.

1260 «Жалдау бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек» (актив).

Мақсаты: клиенттерге берілген операциялық жалдау бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешектің сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша клиентке берілген операциялық жалдау бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешектің сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша берілген жалдау бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешектің сомаларын оны клиент өтеген немесе төлем мерзімі өткен кезде есептен шығару жазылады.

1270 01 «Сатып алынған бағалы қағаздар бойынша сыйақы түрінде есептелген кірістер» (актив).

Мақсаты: ұйым сатып алған бағалы қағаздар бойынша сыйақы (купон) түрінде есептелген кірістердің сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша ұйым сатып алған бағалы қағаздар бойынша сыйақы (купон) түрінде есептелген кірістердің сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша сатып алынған бағалы қағаздар бойынша сыйақы (купон) түрінде есептелген кірістердің сомаларын кірістер алынған кезде есептен шығару жазылады.

1270 02 «Бағалы қағаздармен «кері РЕПО» операциялары бойынша сыйақы түрінде есептелген кірістер» (актив).

Мақсаты: бағалы қағаздарды болашақта келісілген баға бойынша сатушыға қайтару міндеттемесімен операцияны ашу күні кепіл ретінде алынған бағалы қағаздармен «кері РЕПО» операциялары бойынша сыйақы түрінде есептелген кірістердің сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша операцияны ашу күні бағалы қағаздармен «кері РЕПО» операциялары бойынша сыйақы түрінде есептелген кірістердің сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша бағалы қағаздармен «кері РЕПО» операциялары бойынша сыйақы түрінде есептелген кірістердің сомаларын оларды төлеу немесе операцияны жою кезінде есептен шығару жазылады.

1270 03 «Еншілес, бірлескен және қауымдасқан ұйымдарға инвестициялар бойынша есептелген кірістер» (актив).

Мақсаты: еншілес, бірлескен және қауымдасқан ұйымдарға инвестициялар бойынша есептелген кірістердің сомаларын есепке алу.



Шоттың дебеті бойынша еншілес, бірлескен және қауымдасқан ұйымдарға инвестициялар бойынша есептелген кірістердің сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша еншілес, бірлескен және қауымдасқан ұйымдарға инвестициялар бойынша есептелген кірістердің сомаларын оларды төлеген немесе мерзімі өткен кезде есептен шығару жазылады.

1270 04 «Алдыңғы ұстаушылар бағалы қағаздар бойынша есептеген сыйақы» (актив).

Мақсаты: бағалы қағаздар бойынша оларды ұйым сатып алғанға дейін алдыңғы ұстаушылар есептеген сыйақының сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша бағалы қағаздар бойынша оларды ұйым сатып алғанға дейін алдыңғы ұстаушы есептеген сыйақының сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша бағалы қағаздар бойынша алдыңғы ұстаушы есептеген сыйақының сомаларын оларды алған кезде есептен шығару жазылады.

1270 21 «Ағымдағы шоттар бойынша сыйақы түрінде есептелген кірістер» (актив).

Мақсаты: ұйымның клиенттердің ағымдағы шоттары бойынша есептелген, осы кезеңге жатқызылған, түсуі болашақта күтілетін кірістерінің сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша клиенттің ағымдағы шоты бойынша есептелген кірістерінің сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша клиенттің ағымдағы шоты бойынша есептелген кірістерінің сомаларын оларды төлеген немесе төлеу мерзімі өткен кезде есептен шығару жазылады.

1270 22 «Екінші деңгейдегі банктерде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда орналастырылған талап ету бойынша салымдар бойынша сыйақы түрінде есептелген кірістер» (актив).

Мақсаты: ұйымның екінші деңгейдегі банктерде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда орналастырылған талап ету бойынша салымдар бойынша сыйақы түрінде есептелген кірістерінің сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша екінші деңгейдегі банктерде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда орналастырылған талап ету бойынша салым бойынша сыйақы түрінде есептелген кірістердің сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша орналастырылған талап ету бойынша салымы бойынша сыйақы түрінде есептелген кірістердің сомаларын оларды екінші деңгейдегі банк не банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым төлеген немесе төлеу мерзімі өткен кезде есептен шығару жазылады.

1270 23 «Екінші деңгейдегі банктерде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда орналастырылған мерзімді салымдар бойынша сыйақы түрінде есептелген кірістер» (актив).

Мақсаты: ұйымның екінші деңгейдегі банктерде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда орналастырылған мерзімді салымдар бойынша сыйақы түрінде есептелген кірістерінің сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша екінші деңгейдегі банкте не банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымда орналастырылған мерзімді салым бойынша сыйақы түрінде есептелген кірістердің сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша орналастырылған мерзімді салым бойынша сыйақы түрінде есептелген кірістердің сомаларын оларды екінші деңгейдегі банк не банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым төлеген немесе төлеу мерзімі өткен кезде есептен шығару жазылады.

1270 24 «Екінші деңгейдегі банктерде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда орналастырылған шартты салымдар бойынша сыйақы түрінде есептелген кірістер» (актив).

Мақсаты: ұйымның екінші деңгейдегі банктерде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда орналастырылған шартты салымдар бойынша сыйақы түрінде есептелген кірістерінің сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша екінші деңгейдегі банкте не банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымда орналастырылған шартты салым бойынша сыйақы түрінде есептелген кірістердің сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша орналастырылған шартты салым бойынша сыйақы түрінде



есептелген кірістердің сомаларын оларды банк төлеген немесе төлеу мерзімі өткен кезде есептен шығару жазылады.

1270 25 «Клиенттерге берілген қарыздар бойынша сыйақы түрінде есептелген кірістер» (актив).

Мақсаты: ұйымның клиенттерге берілген қарыздар бойынша сыйақы түрінде есептелген кірістерінің сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша клиентке берілген қарыз бойынша сыйақы түрінде есептелген кірістердің сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша берілген қарыз бойынша сыйақы түрінде есептелген кірістердің сомаларын оларды клиент төлеген немесе төлеу мерзімі өткен кезде есептен шығару жазылады.

1270 26 «Клиенттерге берілген қаржылық жалдау бойынша сыйақы түрінде есептелген кірістер» (актив).

Мақсаты: ұйымның клиенттерге берілген қаржылық жалдау бойынша сыйақы түрінде есептелген кірістерінің сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша клиентке берілген қаржылық жалдау бойынша сыйақы түрінде есептелген кірістердің сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша берілген қаржылық жалдау бойынша сыйақы түрінде есептелген кірістердің сомаларын оларды клиент төлеген немесе төлеу мерзімі өткен кезде есептен шығару жазылады.

1270 28 «Сыйақы түрінде есептелген басқа да кірістер» (актив).

Мақсаты: ұйымның сыйақы түрінде басқа да есептелген кірістерінің сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша сыйақы түрінде басқа да есептелген кірістердің сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша сыйақы түрінде есептелген басқа да кірістердің сомаларын оларды клиент төлеген немесе төлеу мерзімі өткен кезде есептен шығару жазылады.

1270 29 «Сыйақы түріндегі мерзімі өткен кірістер» (актив).

Мақсаты: ұйымның сыйақы түріндегі мерзімі өткен кірісінің сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша № 1270 21 - 1270 28 аралығындағы баланстық шоттар бойынша сыйақы түріндегі мерзімі өткен кірістің сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша сыйақы түріндегі мерзімі өткен кірістің сомаларын оларды клиент төлеген немесе ұйымның балансынан есептен шығарған кезде есептен шығару жазылады.

1270 41 «Қайта сақтандыру бойынша есептелген комиссиялық кірістер» (актив).

Мақсаты: сақтандыру ұйымдары қайта сақтандырушыдан алатын, есептелген комиссиялық кірістердің сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша сақтандыру ұйымы қайта сақтандырушыдан алатын, есептелген комиссиялық кірістердің сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша есептелген комиссиялық кірістердің сомаларын олар төленген немесе төлеу мерзімі өткен кезде есептен шығару жазылады.

1270 42 «Сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметіне байланысты басқа да комиссиялық кірістер» (актив).

Мақсаты: сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары алатын басқа да есептелген комиссиялық кірістердің сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары алатын басқа да есептелген комиссиялық кірістердің сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша басқа да есептелген комиссиялық кірістердің сомаларын олар төленген немесе төлеу мерзімі өткен кезде есептен шығару жазылады.

1270 43 «Сақтандыру брокерлерінің есептелген комиссиялық кірістері» (актив).

Мақсаты: сақтандыру брокерлерінің делдалдық қызмет көрсету үшін есептелген комиссиялық кірістерінің сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша сақтандыру брокерінің делдалдық көрсетілетін қызметтер үшін есептелген комиссиялық кірістерінің сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша сақтандыру брокерінің көрсетілген делдалдық қызметтер үшін есептелген комиссиялық кірістерінің сомаларын оларды сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы төлеген немесе төлеу мерзімін өткізген кезде есептен шығару жазылады.

1270 44 «Сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметіне байланысты мерзімі өткен комиссиялық кірістер» (актив).



Мақсаты: сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары алатын мерзімі өткен комиссиялық кірістердің сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы алатын мерзімі өткен комиссиялық кірістердің сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша мерзімі өткен комиссиялық кірістердің сомаларын оларды клиент төлеген немесе сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының балансынан есептен шығарылған кезде есептен шығару жазылады.

1270 45 «Сақтанушылардан алынатын мерзімі өткен сақтандыру сыйлықақысы».

Мақсаты: сақтанушылардан алынатын мерзімі өткен сақтандыру сыйлықақыларының сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша сақтанушылардан алынатын мерзімі өткен сақтандыру сыйлықақыларының сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша сақтанушылардан алынатын мерзімі өткен сақтандыру сыйлықақыларының сомаларын есептен шығару жазылады.

1270 46 «Қайта сақтанушылардан алынатын мерзімі өткен сақтандыру сыйлықақысы».

Мақсаты: қайта сақтанушылардан алынатын мерзімі өткен сақтандыру сыйлықақыларының сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша қайта сақтанушылардан алынатын мерзімі өткен сақтандыру сыйлықақыларының сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша қайта сақтанушылардан алынатын мерзімі өткен сақтандыру сыйлықақыларының сомаларын есептен шығару жазылады.

1270 91 «Мүлікті жалға беруден есептелген кірістер» (актив).

Мақсаты: мүлікті жалға беруден есептелген кірістердің сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша мүлікті жалға беруден есептелген кірістердің сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша мүлікті жалға беруден есептелген кірістердің сомалары олар төленген не төлеу мерзімі өткен кезде есептен шығару жазылады.

1280 01 «Сенімгерлік басқаруға берілген қаржы активтері» (актив).

Мақсаты: ұйым сенімгерлік басқаруға берген ақша сомаларын, тазартылған бағалы металдардың және бағалы қағаздардың құнын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша сенімгерлік басқаруға берілген ақша сомасы, тазартылған бағалы металдардың және бағалы қағаздардың құны жазылады.

Шоттың кредиті бойынша сенімгерлік басқаруға берілген ақша сомаларын, тазартылған бағалы металдардың және бағалы қағаздардың құнын оларды ұйым қайтарған немесе ұйымның балансынан шығарылған кезде есептен шығару жазылады.

1280 02 «Фьючерс мәмілесі бойынша талаптар» (актив).

Мақсаты: фьючерс мәмілесін жасау нәтижесінде туындаған талаптардың сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша фьючерс мәмілесін жасау нәтижесінде туындаған талаптардың сомасы, сондай-ақ оң қайта бағалау сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша туындаған талаптардың сомаларын оларды клиент төлеген немесе баланстан есептен шығарылған кезде, сондай-ақ теріс қайта бағалау сомасын есептен шығару жазылады.

1280 03 «Форвард мәмілесі бойынша талаптар» (актив).

Мақсаты: форвард мәмілесін жасау нәтижесінде туындаған талаптардың сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша форвард мәмілесін жасау нәтижесінде туындаған талаптардың сомалары, сондай-ақ оң қайта бағалау сомалары жазылады.

Шоттың кредиті бойынша туындаған талаптардың сомаларын оларды клиент төлеген немесе баланстан есептен шығарылған кезде, сондай-ақ теріс қайта бағалау сомасын есептен шығару жазылады.

1280 04 «Опцион мәмілесі бойынша талаптар» (актив).

Мақсаты: опцион мәмілесін жасау нәтижесінде туындаған талаптардың сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша опцион мәмілесін жасау нәтижесінде туындаған талаптардың сомалары, сондай-ақ оң қайта бағалау сомалары жазылады.



Шоттың кредиті бойынша туындаған талаптардың сомаларын оларды клиент төлеген немесе баланстан есептен шығарылған кезде, сондай-ақ теріс қайта бағалау сомасын есептен шығару жүргізіледі.

1280 05 «Спот мәмілесі бойынша талаптар» (актив).

Мақсаты: спот мәмілесін жасау нәтижесінде туындаған талаптардың сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша спот мәмілесін жасау нәтижесінде туындаған талаптардың сомалары, сондай-ақ оң қайта бағалау сомалары жазылады.

Шоттың кредиті бойынша туындаған талаптардың сомаларын оларды қарсы әріптес төлеген немесе спот мәмілесінің күші жойылған кезде, сондай-ақ теріс қайта бағалау сомасын есептен шығару жазылады.

1280 06 «Своп мәмілесі бойынша талаптар» (актив).

Мақсаты: своп мәмілесін жасау нәтижесінде туындаған талаптардың сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша своп мәмілесін жасау нәтижесінде туындаған талаптардың сомалары, сондай-ақ оң қайта бағалау сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша туындаған талаптардың сомаларын оларды қарсы әріптес төлеген немесе спот мәмілесінің күші жойылған кезде, сондай-ақ теріс қайта бағалау сомасын есептен шығару жүргізіледі.

1280 07 «Басқа да туынды қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша талаптар» (актив).

Мақсаты: басқа да туынды қаржы құралдарымен мәмілелер жасау нәтижесінде туындаған талаптардың сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша басқа да туынды қаржы құралдарымен мәмілелер жасау нәтижесінде туындаған талаптардың сомалары, сондай-ақ оң қайта бағалау сомалары жазылады.

Шоттың кредиті бойынша туындаған талаптардың сомаларын оларды қарсы әріптес төлеген немесе басқа да туынды қаржы құралдарымен мәмілелердің күші жойылған кезде, сондай-ақ теріс қайта бағалау сомасын есептен шығару жазылады.

1280 08 «Алынған вексельдер» (актив).

Мақсаты: сатып алушылардың және тапсырыс берушілердің дайын өнімді (тауарларды) тиіп жібергені, орындалған жұмыстар және көрсетілген қызметтер үшін берешегін қамтамасыз ету ретінде ұйым алған вексельдердің құнын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша ұйым алған вексельдердің құны жазылады.

Шоттың кредиті бойынша алынған вексельдердің құнын оларды сатып алушы не тапсырыс беруші төлеген немесе индосолау кезінде есептен шығару жазылады.

1280 09 «Есептелген тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл)» (актив).

Мақсаты: есептелген тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) сомасын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша есептелген тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша есептелген тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) сомасын оны алған немесе ұйымның балансынан есептен шығарған кезде есептен шығару жазылады.

1280 10 «Басқа да дебиторлық берешек» (актив).

Мақсаты: шаруашылық және өзге қызмет бойынша, сондай-ақ уақытша және кездейсоқ сипаты бар дебиторлық берешектің сомаларын; мақсаты анықталмаған, туындаған сәтте басқа баланстық шоттар бойынша жазылмайтын дебиторлық берешектің сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша шаруашылық және өзге қызмет бойынша, сондай-ақ уақытша және кездейсоқ сипаты бар дебиторлық берешектің сомасы; мақсаты анықталмаған, туындаған сәтте басқа баланстық шоттар бойынша жазылмайтын дебиторлық берешектің сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша басқа да дебиторлық берешектің сомалары өтелген немесе ұйымның балансынан есептен шығарылған кезде жазылады.

1280 21 «Қаржылық жалдау» (актив).

Мақсаты: клиенттерге берілген қаржылық жалдау бойынша негізгі борыштың сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша клиентке берілген қаржылық жалдау бойынша негізгі борыштың сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша берілген қаржылық жалдау бойынша негізгі борыштың сомаларын



оларды клиент өтеген немесе төлем мерзімі өткен кезде есептен шығару жазылады.

1280 22 «Клиенттердің қаржылық жалдау бойынша мерзімі өткен берешегі» (актив).

Мақсаты: клиенттерге берілген қаржылық жалдау бойынша мерзімі өткен берешектің сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша клиентке берілген қаржылық жалдау бойынша мерзімі өткен берешектің сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша берілген қаржылық жалдау бойынша мерзімі өткен берешектің сомаларын оны клиент өтеген немесе ұйымның балансынан есептен шығарылған кезде есептен шығару жазылады.

1280 41 «Сақтанушылардан алынатын сақтандыру сыйлықақылары» (актив).

Мақсаты: сақтандыру ұйымдары сақтанушылардан алатын сақтандыру сыйлықақыларының сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша сақтандыру ұйымы сақтанушыдан алатын сақтандыру сыйлықақыларының сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша сақтандыру сыйлықақыларының сомаларын оларды сақтанушы төлеген немесе төлеу мерзімін өткізген кезде есептен шығару жазылады.

1280 42 «Қайта сақтанушылардан алынатын сақтандыру сыйлықақылары» (актив).

Мақсаты: қайта сақтандыру ұйымдары қайта сақтанушылардан алатын сақтандыру сыйлықақыларының сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша қайта сақтандыру ұйымы қайта сақтанушыдан алатын сақтандыру сыйлықақыларының сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша сақтандыру сыйлықақыларының сомаларын оларды қайта сақтанушы төлеген немесе төлеу мерзімін өткізген кезде есептен шығару жазылады.

1280 43 «Делдалдардан алынатын сақтандыру сыйлықақылары» (актив).

Мақсаты: сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы делдалдардан алатын сақтандыру сыйлықақыларының сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы делдалдан алатын сақтандыру сыйлықақыларының сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша сақтандыру сыйлықақыларының сомаларын оларды делдал төлеген немесе төлеу мерзімін өткізген кезде есептен шығару жазылады.

1280 44 «Келтірілген зиян үшін жауапты тұлғаға қойылатын талаптар» (актив).

Мақсаты: келтірілген зиян үшін жауапты тұлғаға қойылатын регрестік талаптар бойынша сақтандыру өтемақыларының сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша келтірілген зиян үшін жауапты тұлғаға қойылатын регрестік талаптар бойынша сақтандыру өтемақыларының сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша сақтандыру өтемақыларының сомаларын оларды келтірілген зиян үшін жауапты тұлға төлеген немесе төлеу мерзімін өткізген кезде есептен шығару жазылады.

1280 45 «Сақтандырушыларға қойылатын талаптар» (актив).

Мақсаты: сақтандыру ұйымдарынан сақтандыру брокерлері алатын талаптардың сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша сақтандыру ұйымынан сақтандыру брокері алатын талаптардың сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша талаптардың сомаларын оларды сақтандыру ұйымы төлеген немесе төлеу мерзімін өткізген кезде есептен шығару жазылады.

1280 46 «Қайта сақтандырушыларға қойылатын талаптар» (актив).

Мақсаты: қайта сақтандыру ұйымдарынан алуға жататын талаптардың сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша қайта сақтандыру ұйымынан алынатын талаптардың сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша талаптардың сомаларын оларды қайта сақтандыру ұйымы төлеген немесе төлеу мерзімін өткізген кезде есептен шығару жазылады.

1280 47 «Еңбек сіңірілмеген сыйлықақылар бойынша қайта сақтандыру активтері» (актив).

Мақсаты: қайта сақтандыру шартына сәйкес қайта сақтандырушыға тәуекелдерді өткізу кезінде еңбек сіңірілмеген сыйлықақылар бойынша қайта сақтандыру активтерінің сомаларын есепке алу.



Шоттың дебеті бойынша қайта сақтандыру шартына сәйкес қайта сақтандырушыға тәуекелдерді өткізу кезінде еңбек сіңірілмеген сыйлықақылар бойынша қайта сақтандыру активтерінің сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша сақтандыру активтерінің сомаларын оларды қайта сақтандырушы төлеген немесе қайта сақтандыру активтері азайған кезде есептен шығару жазылады.

1280 48 «Болған, бірақ мәлімделмеген зиян бойынша қайта сақтандыру активтері» (актив).

Мақсаты: қайта сақтандыру шартына сәйкес қайта сақтандырушыға тәуекелдерді өткізу кезінде болған, бірақ мәлімделмеген зиян бойынша қайта сақтандыру активтерінің сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша қайта сақтандыру шартына сәйкес қайта сақтандырушыға тәуекелдерді өткізу кезінде болған, бірақ мәлімделмеген зиян бойынша қайта сақтандыру активтерінің сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша қайта сақтандыру активтері азайған кезде болған, бірақ мәлімделмеген зиян бойынша қайта сақтандыру активтерінің сомаларын есептен шығару жазылады.

1280 49 «Өмірді сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша болмаған зиян бойынша қайта сақтандыру активтері» (актив).

Мақсаты: қайта сақтандыру шартына сәйкес қайта сақтандырушыға тәуекелдерді өткізу кезінде өмірді сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша болмаған зиян бойынша қайта сақтандыру активтерінің сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша қайта сақтандыру шартына сәйкес қайта сақтандырушыға тәуекелдерді өткізу кезінде өмірді сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша болмаған зиян бойынша қайта сақтандыру активтерінің сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша өмірді сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша болмаған зиян бойынша қайта сақтандыру активтерінің сомаларын сақтандырушы сақтандыру төлемін сақтанушыға (пайда алушыға) жүзеге асырған немесе қайта сақтандыру активтері азайған кезде есептен шығару жазылады.

1280 50 «Аннуитет шарттары бойынша болмаған зиян бойынша қайта сақтандыру активтері» (актив).

Мақсаты: қайта сақтандыру шартына сәйкес қайта сақтандырушыға тәуекелдерді өткізу кезінде аннуитет шарттары бойынша болмаған зиян бойынша қайта сақтандыру активтерінің сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша қайта сақтандыру шартына сәйкес қайта сақтандырушыға тәуекелдерді өткізу кезінде аннуитет шарттары бойынша болмаған зиян бойынша активтердің сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша аннуитет шарттары бойынша болмаған зиян бойынша қайта сақтандыру активтерінің сомаларын сақтандырушы сақтандыру төлемін сақтанушыға (пайда алушыға) жүзеге асырған немесе қайта сақтандыру активтері азайған кезде есептен шығару жазылады.

1280 51 «Мәлімделген, бірақ реттелмеген зиян бойынша қайта сақтандыру активтері» (актив).

Мақсаты: қайта сақтандыру шартына сәйкес қайта сақтандырушыға тәуекелдерді өткізу кезінде мәлімделген, бірақ реттелмеген зиян бойынша қайта сақтандыру активтерінің сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша қайта сақтандыру шартына сәйкес қайта сақтандырушыға тәуекелдерді өткізу кезінде мәлімделген, бірақ реттелмеген зиян бойынша активтердің сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша мәлімделген, бірақ реттелмеген зиян бойынша қайта сақтандыру активтерінің сомаларын сақтандырушы сақтандыру төлемін сақтанушыға (пайда алушыға) жүзеге асырған немесе қайта сақтандыру активтері азайған кезде есептен шығару жазылады.

1280 53 «Сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметіне байланысты басқа да дебиторлық берешек» (актив).

Мақсаты: сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметіне байланысты басқа да дебиторлық берешектің сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметіне байланысты басқа да



дебиторлық берешектің сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметіне байланысты басқа да дебиторлық берешектің сомаларын өтеу немесе ұйымның балансынан есептен шығару кезінде есептен шығару жазылады.

1280 54 «Жауапты сақтандырушыға тікелей реттеу бойынша қойылатын талап» (актив).

Мақсаты: тікелей сақтандырушының жауапты сақтандырушыға тікелей реттеу бойынша төлемді өтеу бойынша қойылатын талаптарының сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша тікелей сақтандырушының жауапты сақтандырушыға тікелей реттеу бойынша талаптарының сомасын есептеу жазылады.

Шоттың кредиті бойынша жауапты сақтандырушыға тікелей реттеу бойынша қойылатын талаптарының сомаларын олардың өтелуіне немесе ұйымның балансынан есептен шығарылуына қарай есептен шығару жазылады.

1290 01 «Дебиторлық берешек бойынша зиянды өтеуге арналған резервтер» (контрактив).

Мақсаты: клиенттердің дебиторлық берешегі бойынша зиянды өтеуге арналған резервтердің (провизиялардың) сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша клиенттің дебиторлық берешегі бойынша зиянды өтеуге құрылатын резервтердің (провизиялардың) сомалары жазылады.

Шоттың дебеті бойынша құрылатын резервтердің (провизиялардың) сомаларын олар жойылған немесе дебиторлық берешек сомалары ұйымның балансынан есептен шығарылған кезде есептен шығару жазылады.

1290 21 «Клиенттерге берілген қарыздар бойынша зиянды өтеуге арналған резервтер (провизиялар)» (контрактив).

Мақсаты: клиенттерге берілген қарыздар бойынша зиянды өтеуге арналған резервтердің (провизиялардың) сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша клиентке берілген қарыздар бойынша зиянды өтеу құрылатын резервтердің (провизиялардың) сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша құрылған резервтердің (провизиялардың) сомаларын олар жойылған немесе қарыздың сомалары ұйымның балансынан есептен шығарылған кезде есептен шығару жазылады.

1290 22 «Клиенттерге берілген қаржылық жалдау бойынша зиянды өтеуге арналған резервтер (провизиялар)» (контрактив).

Мақсаты: клиенттерге берілген қаржылық жалдау бойынша зиянды өтеуге арналған резервтердің (провизиялардың) сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша клиентке берілген қаржылық жалдау бойынша зиянды өтеуге құрылатын резервтердің (провизиялардың) сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша құрылған резервтердің (провизиялардың) сомаларын олар жойылған немесе қаржылық жалдаудың сомалары ұйымның балансынан есептен шығарылған кезде есептен шығару жазылады.

1290 23 «Сату үшін қолда бар және өтеуге дейін ұсталатын бағалы қағаздар бойынша зиянды өтеуге арналған резервтер (провизиялар)» (контрактив).

Мақсаты: сату үшін қолда бар және өтеуге дейін ұсталатын бағалы қағаздар бойынша зиянды өтеуге арналған резервтердің (провизиялардың) сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша сату үшін қолда бар және өтеуге дейін ұсталатын бағалы қағаздар бойынша зиянды өтеуге құрылатын резервтердің (провизиялардың) сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша құрылған резервтердің (провизиялардың) сомаларын олар жойылған немесе сату үшін қолда бар және өтеуге дейін ұсталатын бағалы қағаздардың құны ұйымның балансынан есептен шығарылған кезде есептен шығару жазылады.

1290 24 «Екінші деңгейдегі банктерде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда орналастырылған салымдар бойынша зиянды өтеуге арналған резервтер (провизиялар)» (контрактив).

Мақсаты: екінші деңгейдегі банктерде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда орналастырылған салымдар бойынша зиянды өтеуге арналған резервтердің (провизиялардың) сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша екінші деңгейдегі банкте не банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымда орналастырылған салымдар бойынша зиянды өтеуге



құрылатын резервтердің (провизиялардың) сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша құрылған резервтердің (провизиялардың) сомаларын олар жойылған немесе орналастырылған салымның сомаларын ұйымның балансынан есептен шығарған кезде есептен шығару жазылады.

1290 41 «Қайта сақтандыру активтерінің құнсыздануынан болған зиянды өтеуге арналған резервтер (провизиялар)» (контракттив).

Мақсаты: қайта сақтандыру активтерінің құнсыздануынан болған зиянды өтеуге арналған резервтердің (провизиялардың) сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша қайта сақтандыру активтерінің құнсыздануынан болған зиянды өтеуге құрылатын резервтердің (провизиялардың) сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша құрылған резервтердің (провизиялардың) сомаларын олар жойылған немесе қайта сақтандыру активінің құнсыздануынан болған зиян сомалары есептен шығарылған кезде есептен шығару жазылады.

1310 «Шикізат және материалдар» (актив).

Мақсаты: өңделетін өнімнің құрамына кіретін немесе оны жасау кезінде қажетті құрауыштар болып табылатын шикізаттың және негізгі материалдардың (оның ішінде құрылыс); өнім өндіру барысына қатысатын және жалпы, әкімшілік және техникалық мақсаттарда, сондай-ақ өткізу барысында пайдаланылатын қосалқы материалдардың құнын; қайта өңдеу үшін дайындалған ауылшаруашылығы өнімінің және басқаларының құнын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша шикізат пен материалдарды сатып алу құны жазылады.

Шоттың кредиті бойынша шикізат пен негізгі материалдардың құнын өндіріске немесе басқа шаруашылық мақсаттар үшін есептен шығару жазылады.

1320 «Дайын өнім» (актив).

Мақсаты: дайын өнімнің өзіндік құнын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша дайын өнімнің нақты жүргізілген өзіндік құны жазылады.

Шоттың кредиті бойынша дайын өнімнің өзіндік құнын оның шығынға жазылуына қарай есептен шығару жазылады.

1330 «Тауарлар» (актив).

Мақсаты: одан әрі өткізу үшін сатып алынған тауар-материалдық қорлардың құнын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша тауар-материалдық қорларды сатып алу құны жазылады.

Шоттың кредиті бойынша тауар-материалдық қорлардың құнын олардың өткізілуіне қарай есептен шығару жазылады.

1340 «Аяқталмаған өндіріс» (актив).

Мақсаты: аяқталмаған өндірістің құнын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша аяқталмаған өндірістің құны жазылады.

Шоттың кредиті бойынша аяқталмаған өндірістің құнын өндіріс аяқталған кезде, сондай-ақ баланстан шығарылған жағдайда есептен шығару жазылады.

1350 «Басқа да қорлар» (актив).

Мақсаты: № 1320, 1330 және 1340 баланстық шоттарда есепке алынбаған басқа да тауар-материалдық қорлардың құнын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша басқа да тауар-материалдық қорлардың құны жазылады.

Шоттың кредиті бойынша басқа да тауар-материалдық қорлардың құнын олардың шығынға жазылуына қарай есептен шығару жазылады.

1360 «Қорларды есептен шығару бойынша резерв» (контракттив).

Мақсаты: қорлардың бүлінуіне немесе моральдық ескіруіне байланысты құнын төмендетуге арналған резервтер құруға байланысты резервтердің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша қорлардың бүлінуіне немесе моральдық ескіруіне байланысты құнын төмендету үшін құрылатын резервтердің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша құрылған резервтердің сомаларын олар жойылған немесе қорлардың құны ұйымның балансынан есептен шығарылған кезде есептен шығару жазылады.

1410 01 «Корпоративтік табыс салығы» (актив).

Мақсаты: ұйым аванспен төлеген корпоративтік табыс салығының, оның ішінде төлем көзінен ұсталатын салықтың сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша ұйым аванспен төлеген корпоративтік табыс салығының, оның



ішінде төлем көзінен ұсталатын салықтың сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша аванспен төленген корпоративтік табыс салығының, оның ішінде төлем көзінен ұсталатын салықтың сомаларын оларды № 3110 01 баланстық шотпен сальдолау кезінде есептен шығару жазылады.

1420 «Өтелетін қосылған құн салығы» (актив).

Мақсаты: Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес есепке алыну және жеткізуші мен мердігердің сатып алынған активтер, қабылданған жұмыстар және алынған көрсетілетін қызметтер бойынша аударуы тиіс қосылған құн салығының сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша жеткізуші мен мердігердің сатып алынған активтер, қабылданған жұмыстар және алынған көрсетілетін қызметтер бойынша аударуы тиіс қосылған құн салығының сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша есепке алынуға тиіс қосылған құн салығының сомасы жазылады.

1430 01 «Әлеуметтік салық» (актив).

Мақсаты: төленген әлеуметтік салықтың ұйымның әлеуметтік салық бойынша салық міндеттемесінің нақты сомасынан асатын сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша төленген әлеуметтік салықтың ұйымның осы салық бойынша салық міндеттемесінің нақты сомасынан асатын сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша төленген әлеуметтік салықтың ұйымның осы салық бойынша салық міндеттемесінің нақты сомасынан асатын сомаларын оларды № 3150 баланстық шотпен сальдолау кезінде есептен шығару жазылады.

1430 02 «Жер салығы» (актив).

Мақсаты: төленген жер салығының ұйымның жер салығы бойынша салық міндеттемесінің нақты сомасынан асатын сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша төленген жер салығының ұйымның осы салық бойынша салық міндеттемесінің нақты сомасынан асатын сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша төленген жер салығының ұйымның осы салық бойынша салық міндеттемесінің нақты сомасынан асатын сомаларын оларды № 3160 баланстық шотпен сальдолау кезінде есептен шығару жазылады.

1430 03 «Көлік құралы салығы» (актив).

Мақсаты: төленген көлік құралы салығының ұйымның көлік құралдарына салынатын салық бойынша салық міндеттемесінің нақты сомасынан асатын сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша төленген көлік құралы салығының ұйымның осы салық бойынша салық міндеттемесінің нақты сомасынан асатын сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша төленген көлік құралы салығының ұйымның осы салық бойынша салық міндеттемесінің нақты сомасынан асатын сомаларын оларды № 3170 баланстық шотпен сальдолау кезінде есептен шығару жазылады.

1430 04 «Мүлік салығы» (актив).

Мақсаты: төленген мүлік салығының ұйымның мүлік салығы бойынша салық міндеттемесінің нақты сомасынан асатын сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша төленген мүлік салығының ұйымның осы салық бойынша салық міндеттемесінің нақты сомасынан асатын сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша төленген мүлік салығының ұйымның осы салық бойынша салық міндеттемесінің нақты сомасынан асатын сомаларын оларды № 3180 баланстық шотпен сальдолау кезінде есептен шығару жазылады.

1430 05 «Өзге де салықтар және бюджетке төленетін міндетті төлемдер» (актив).

Мақсаты: ұйым аванспен төлеген өзге де салықтар және бюджетке төленетін міндетті төлемдердің сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша ұйым аванспен төлеген өзге де салықтар және бюджетке төленетін міндетті төлемдердің сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша ұйым аванспен төлеген өзге де салықтар және бюджетке төленетін міндетті төлемдердің сомаларын оларды № 3190 баланстық шотпен сальдолау кезінде есептен шығару жазылады.

1430 06 «Міндетті әлеуметтік аударымдар» (актив).

Мақсаты: төленген міндетті әлеуметтік аударымдардың ұйымның Мемлекеттік әлеуметтік



сақтандыру қоры алдындағы міндеттемелерінің нақты сомасынан асатын сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша төленген міндетті әлеуметтік аударымдардың ұйымның Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры алдындағы міндеттемелерінің нақты сомасынан асатын сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына төленген әлеуметтік аударымдардың сомаларын оларды № 3210 баланстық шотпен сальдолау кезінде есептен шығару жазылады.

1510 «Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер» (актив).

Мақсаты: сатуға арналған ұзақ мерзімді активтердің құнын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша сатуға арналған ұзақ мерзімді активтердің құны және оң қайта бағалау сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша сатуға арналған ұзақ мерзімді активтердің құнын олар өткізілген немесе өзгеше шығынға жазылған кезде және оң қайта бағалау сомасын есептен шығару жазылады.

1520 «Сатуға арналған шығынға жазылатын топ» (актив).

Мақсаты: сатуға арналған шығынға жазылатын топтардың құнын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша сатуға арналған шығынға жазылатын топтың құны жазылады.

Шоттың кредиті бойынша сатуға арналған шығынға жазылатын топтардың құнын олар өткізілген кезде есептен шығару жазылады.

1610 01 «Берілген қысқа мерзімді аванстар» (актив).

Мақсаты: тапсырыс берушілерден есепті кезең ішінде дайын болуына қарай қабылданған активтерді жеткізу үшін берілген, сондай-ақ өнімді, көрсетілетін қызметтерді төлеу бойынша берілген аванстардың және басқа да берілген қысқа мерзімді аванстардың құнын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша тапсырыс берушілерден есепті кезең ішінде дайын болуына қарай қабылданған, активтерді жеткізу үшін берілген, сондай-ақ өнімнің, көрсетілетін қызметтерді ақсыны төлеу бойынша ұйым берген аванстардың және басқа да берілген қысқа мерзімді аванстардың құны жазылады.

Шоттың кредиті бойынша берілген аванстардың сомаларын активтер мен көрсетілетін қызметтерді алу кезінде есептен шығару жазылады.

1610 02 «Брокерлермен есеп айырысу» (актив).

Мақсаты: көрсеткен қызметтер үшін брокерлерге аванспен төленген ақша сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша көрсеткен қызметтері үшін брокерлерге аванспен төленген ақша сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша брокерлерге аванспен бұрын төленген ақша сомаларын есептен шығару жазылады.

1610 03 «Басқа да берілген аванстар» (актив).

Мақсаты: ұйым берген басқа да аванстардың сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша ұйым берген басқа да аванстардың сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша басқа да аванстардың сомаларын есептеу әдісіне сәйкес есептен шығару жазылады.

1610 04 «Алынған қарыздар бойынша сыйақыны алдын ала төлеу» (актив).

Мақсаты: ұйым алған қарыздар бойынша алдын ала төленген сыйақының сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша ұйым алған қарыз бойынша алдын ала төленген сыйақының сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша алынған қарыз бойынша алдын ала төленген сыйақының сомаларын есептеу әдісіне сәйкес есептен шығару жазылады.

1610 05 «Акционерлермен есеп айырысу (дивидендтер бойынша)» (актив).

Мақсаты: ұйымның акциялары бойынша алдын ала төленген дивидендтердің сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша ұйымның акциялары бойынша алдын ала төленген дивидендтердің сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша акциялар бойынша алдын ала төленген дивидендтердің



сомаларын № 3030 баланстық шотпен байланыстыра отырып қаржы жылы жабылған немесе ағымдағы жылдың зиянына жатқызған кезде есептен шығару жазылады.

1620 01 «Сақтандыру ұйымдарына төленген сақтандыру сыйлықақылары» (актив).

Мақсаты: сақтандыру ұйымдарына төленген сақтандыру сыйлықақыларының сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша сақтандыру ұйымына төленген сақтандыру сыйлықақыларының сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша төленген сақтандыру сыйлықақыларының сомаларын есептеу әдісі бойынша нақты шығыстарға есептен шығару жазылады.

1620 02 «Жалдау ақысы» (актив).

Мақсаты: алдағы кезеңдер үшін жалдау ақысы бойынша ұйым жұмсаған шығыстардың сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша алдағы кезеңдер үшін жалдау ақысы бойынша ұйым жұмсаған шығыстардың сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша алдағы кезеңдер үшін жалдау ақысы бойынша ұйым жұмсаған шығыстардың сомаларды есептеу әдісі бойынша есептен шығару жазылады.

1620 03 «Болашақ кезеңдердің басқа да шығыстары» (актив).

Мақсаты: № 1620 01, 1620 02 және 1620 04 баланстық шоттарда есепке алынбаған болашақ кезеңдердің басқа да шығыстарының сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша болашақ кезеңдердің басқа да шығыстарының сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша болашақ кезеңдердің басқа да шығыстарының сомаларын есептеу әдісі бойынша нақты шығыстарға есептен шығару жазылады.

1620 04 «Аквизициялық шығыстар» (актив).

Мақсаты: жаңа сақтанушыларды тартуға және ескілерін сақтап қалуға байланысты шығындарды есепке алу, сондай-ақ жаңа сақтандыру шарттарын жасасу және қолданыстағыларын кеңейту арқылы есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша жаңа сақтанушылар тарту және ескілерін сақтап қалу, сондай-ақ жаңа сақтандыру шарттарын жасасуға және қолданыстағыларының мерзімін ұзартуға байланысты шығындар сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша жаңа сақтанушыларды тарту және ескілерін сақтап қалумен байланысты шығындардың сомаларын есептеу әдісі бойынша нақты шығыстарға есептен шығару жазылады.

1630 «Басқа да қысқа мерзімді активтер» (актив).

Мақсаты: № 1610 және 1620 баланстық шоттарда есепке алынбаған басқа да қысқа мерзімді активтердің сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша басқа да қысқа мерзімді активтердің сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша басқа да қысқа мерзімді активтердің сомаларын олар өткізілген немесе өзгеше шығынға жазылған кезде есептен шығару жазылады.

2010 21 «Клиенттерге берілген ұзақ мерзімді қарыздар» (актив).

Мақсаты: клиенттерге берілген өтеу мерзімі бір жылдан асатын ұзақ мерзімді қарыздардың сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша клиентке берілген ұзақ мерзімді қарыздардың сомалары жазылады.

Шоттың кредиті бойынша берілген ұзақ мерзімді қарыздардың сомаларын оларды клиент өтеген немесе төлеу мерзімі өткен кезде есептен шығару жазылады.

2010 22 «Берілген ұзақ мерзімді қарыздар бойынша дисконт» (контрактив).

Мақсаты: қарыздың өтелетін сомасының нақты берілген ұзақ мерзімді қарыздың сомасынан асатын сомаларды есепке алу (мәміле бойынша шығынды қоса алғанда) (дисконт).

Шоттың кредиті бойынша қарыздың өтелетін сомасының нақты берілген ұзақ мерзімді қарыздың сомасынан асатын сомасы жазылады (дисконт).

Шоттың дебеті бойынша берілген ұзақ мерзімді қарыз бойынша дисконт амортизациясының сомасы № 6110 07 баланстық шотпен байланыстыра отырып жазылады.

2010 23 «Берілген ұзақ мерзімді қарыздар бойынша сыйлықақы» (актив).

Мақсаты: нақты берілген ұзақ мерзімді қарыз сомасының (мәміле бойынша шығынды қоса алғанда) қарыздың өтелетін сомасынан асатын сомаларын есепке алу (сыйлықақы).

Шоттың дебеті бойынша нақты берілген ұзақ мерзімді қарыз сомасының (мәміле бойынша



шығындарды қоса алғанда) қарыздың өтелетін сомасынан асатын сомасы жазылады (сыйлықақы).

Шоттың кредиті бойынша берілген ұзақ мерзімді қарыз бойынша сыйлықақы амортизациясының сомасы № 7310 09 баланстық шотпен байланыстыра отырып жазылады.

2020 01 «Өтеуге дейін ұсталатын ұзақ мерзімді инвестициялар» (актив).

Мақсаты: ұйым сатып алған және өтеуге дейін ұсталатын ұзақ мерзімді инвестициялардың номиналдық құнын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша ұйым сатып алған және өтеуге дейін ұсталатын ұзақ мерзімді инвестициялардың номиналдық құны жазылады.

Шоттың кредиті бойынша сатып алынған ұзақ мерзімді инвестициялардың номиналдық құнын олар өтелген, бағалы қағаздардың басқа санатына ауыстырылған, сондай-ақ төлем мерзімі өткен кезде есептен шығару жазылады.

2020 02 «Сатып алынған, өтеуге дейін ұсталатын ұзақ мерзімді инвестициялар бойынша дисконт» (контрактив).

Мақсаты: өтеуге дейін ұсталатын ұзақ мерзімді инвестициялардың номиналдық құнының оларды сатып алу құнынан асатын сомаларын есепке алу (дисконт).

Шоттың кредиті бойынша өтеуге дейін ұсталатын ұзақ мерзімді инвестициялардың номиналдық құнының оларды сатып алу құнынан асатын сомасы жазылады (дисконт).

Шоттың дебеті бойынша сатып алынған, өтеуге дейін ұсталатын ұзақ мерзімді инвестициялар бойынша дисконт амортизациясының сомасы № 6110 03 баланстық шотпен байланыстыра отырып жазылады.

2020 03 «Сатып алынған, өтеуге дейін ұсталатын ұзақ мерзімді инвестициялар бойынша сыйлықақы» (актив).

Мақсаты: өтеуге дейін ұсталатын бағалы қағаздардың сатып алу құнының олардың номиналдық құнынан асатын сомаларын есепке алу (сыйлықақы).

Шоттың дебеті бойынша өтеуге дейін ұсталатын бағалы қағаздардың сатып алу құнының олардың номиналдық құнынан асатын сомасы жазылады (сыйлықақы).

Шоттың кредиті бойынша сатып алынған, өтеуге дейін ұсталатын бағалы қағаздар бойынша сыйлықақы амортизациясының сомасы № 7310 02 баланстық шотпен байланыстыра отырып жазылады.

2030 01 «Сату үшін қолда бар ұзақ мерзімді қаржылық инвестициялар» (актив).

Мақсаты: «саудаға арналған» және «өтеуге дейін ұсталатын» санатына жатқызылмаған ұзақ мерзімді қаржылық инвестициялардың номиналдық құнын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша сату үшін қолда бар ұзақ мерзімді қаржылық инвестициялардың номиналдық құны жазылады.

Шоттың кредиті бойынша сату үшін қолда бар ұзақ мерзімді қаржылық инвестициялардың номиналдық құнын олар өткізілген, бағалы қағаздардың басқа санатына ауыстырылған, сондай-ақ төлем мерзімі өткен кезде есептен шығару жазылады.

2030 02 «Сату үшін қолда бар, сатып алынған ұзақ мерзімді қаржылық инвестициялар бойынша дисконт» (контрактив).

Мақсаты: сату үшін қолда бар ұзақ мерзімді қаржылық инвестициялардың номиналдық құнының оларды сатып алу құнынан асатын сомаларын есепке алу (дисконт).

Шоттың кредиті бойынша сату үшін қолда бар ұзақ мерзімді қаржылық инвестициялардың номиналдық құнының оларды сатып алу құнынан асатын сомасы жазылады (дисконт).

Шоттың дебеті бойынша сату үшін қолда бар, сатып алынған ұзақ мерзімді қаржылық инвестициялар бойынша дисконт амортизациясының сомасы № 6110 03 баланстық шотпен байланыстыра отырып жазылады.

2030 03 «Сату үшін қолда бар, сатып алынған ұзақ мерзімді қаржылық инвестициялар бойынша сыйлықақы» (актив).

Мақсаты: сату үшін қолда бар ұзақ мерзімді қаржылық инвестициялардың сатып алу құнының олардың номиналдық құнынан асатын сомаларын есепке алу (сыйлықақы).

Шоттың дебеті бойынша сату үшін қолда бар ұзақ мерзімді қаржылық инвестициялардың сатып алу құнының олардың номиналдық құнынан асатын сомасы жазылады (сыйлықақы).

Шоттың кредиті бойынша сату үшін қолда бар, сатып алынған ұзақ мерзімді қаржылық инвестициялар бойынша сыйлықақы амортизациясының сомасы № 7310 02 баланстық шотпен



байланыстыра отырып жазылады.

2030 04 «Сату үшін қолда бар ұзақ мерзімді қаржылық инвестициялардың әділ құнын оң түзету» (актив).

Мақсаты: сату үшін қолда бар ұзақ мерзімді қаржылық инвестицияларды сатып алу бойынша біржолғы шығындар сомаларын және осы қаржылық инвестициялардың әділ құнын қайта бағалаудан түскен іске асырылмаған кірістер сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша сату үшін қолда бар ұзақ мерзімді қаржылық инвестицияларды сатып алу бойынша біржолғы шығындар сомасы және осы қаржылық инвестициялардың әділ құнын көтеруден түсетін іске асырылмаған кірістер сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша сату үшін қолда бар ұзақ мерзімді қаржылық инвестициялардың әділ құнын оң түзету сомаларын контррәпітес өтеген немесе осы қаржылық инвестицияларды сату кезінде № 2030 05 баланстық шотпен осы соманы сальдолау кезінде есептен шығару жазылады.

2030 05 «Сату үшін қолда бар ұзақ мерзімді қаржылық инвестициялардың әділ құнын теріс түзету» (контракттив).

Мақсаты: сату үшін қолда бар ұзақ мерзімді қаржылық инвестицияларды қайта бағалаудан болған іске асырылмаған шығыстар сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша сату үшін қолда бар ұзақ мерзімді қаржылық инвестициялардың әділ құнын төмендетуден болған іске асырылмаған шығыстар сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша сату үшін қолда бар ұзақ мерзімді қаржылық инвестициялардың әділ құнын теріс түзету сомаларын осы қаржылық инвестицияларды сату кезінде № 2030 04 баланстық шотпен осы соманы сальдолау кезінде есептен шығару жазылады.

2040 01 «Банктерде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда орналастырылған ұзақ мерзімді салымдар» (актив).

Мақсаты: өтеу мерзімі бір жылдан асатын банктерде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда орналастырылған салымдар сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша банкте немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымда орналастырылған ұзақ мерзімді салымдар сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша орналастырылған ұзақ мерзімді салымдар сомаларын оларды ұйым қайтарған немесе төлемнің мерзімі өткен кезде есептен шығару жазылады.

2040 02 «Екінші деңгейдегі банктерде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда орналастырылған ұзақ мерзімді шартты салымдар» (актив).

Мақсаты: екінші деңгейдегі банктерде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда орналастырылған шартты салымдар сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша екінші деңгейдегі банкте не банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымда орналастырылған шартты салымдар сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша орналастырылған шартты салымдар сомаларын оларды ұйым қайтарған немесе төлем мерзімі өткен кезде есептен шығару жазылады.

2040 04 «Тазартылған бағалы металдар» (актив).

Мақсаты: тазартылған бағалы металдар құнын, сондай-ақ оң және теріс қайта бағалау сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша тазартылған бағалы металдар құны, сондай-ақ оң қайта бағалау сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша тазартылған бағалы металдардың құнын оларды баланстан шығынға жазу кезінде, сондай-ақ теріс қайта бағалау сомаларын есептен шығару жазылады.

2040 06 «Металл шоттарда орналастырылған тазартылған бағалы металдар» (актив).

Мақсаты: ұйымның металл шоттарында орналастырылған тазартылған бағалы металдар құнын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша ұйымның металл шотында орналастырылған тазартылған бағалы металдар құны жазылады.

Шоттың кредиті бойынша ұйымның металл шотында орналастырылған тазартылған бағалы металдардың құнын оларды қайтару кезінде есептен шығару жазылады.

2040 07 «Басқа да ұзақ мерзімді қаржылық инвестициялар бойынша мерзімі өткен берешек» (актив).

Мақсаты: басқа да ұзақ мерзімді қаржылық инвестициялар бойынша мерзімі өткен берешек



сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша басқа да ұзақ мерзімді қаржылық инвестициялар бойынша мерзімі өткен берешек сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша басқа да ұзақ мерзімді қаржылық инвестициялар бойынша мерзімі өткен берешек сомаларын есептен шығару жазылады.

2040 08 «Орналастырылған ұзақ мерзімді салымдар бойынша дисконт» (контрактив).

Мақсаты: ұзақ мерзімді орналастырылған салымдар бойынша қайтарылатын ақша сомасының салымдар бойынша нақты орналастырылған ақша сомасынан асатын сомаларын есепке алу (дисконт).

Шоттың кредиті бойынша ұзақ мерзімді орналастырылған салым бойынша қайтарылатын ақша сомасының салым бойынша нақты орналастырылған ақша сомасынан асатын сомасы жазылады (дисконт).

Шоттың дебеті бойынша ұзақ мерзімді орналастырылған салым бойынша дисконт амортизациясының сомасы № 6110 05 баланстық шотпен байланыстыра отырып жазылады.

2040 09 «Орналастырылған ұзақ мерзімді салымдар бойынша сыйлықақы» (актив).

Мақсаты: ұзақ мерзімді орналастырылған салымдар бойынша нақты орналастырылған ақша сомасының (мәміле бойынша шығындарды есептегенде) салымдар бойынша қайтарылатын ақша сомасынан (сыйлықақы) асатын сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша ұзақ мерзімді орналастырылған салымдар бойынша нақты орналастырылған ақша сомасының (мәміле бойынша шығындарды ескере отырып) салым бойынша қайтарылатын ақша сомасынан (сыйлықақы) асатын сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша ұзақ мерзімді орналастырылған салымдар бойынша сыйлықақы амортизациясының сомасы № 7310 10 баланстық шотпен байланыстыра отырып жазылады.

2040 10 «Еншілес ұйымдарға инвестициялар» (актив).

Мақсаты: еншілес ұйымдарға салынған инвестициялардың сомаларын есепке алу (бір жылдан астам мерзімге).

Шоттың дебеті бойынша еншілес ұйымға салынған инвестициялар сомасы, сондай-ақ катысу үлесінің өзгеруі жазылады.

Шоттың кредиті бойынша инвестициялар сомасы оларды еншілес ұйым сатып алған немесе олар сатылған кезде есептен шығару жазылады.

2050 «Қаржылық инвестициялар бойынша мерзімі өткен берешек» (актив).

Мақсаты: ұйым сатып алған бағалы қағаздар бойынша мерзімі өткен берешек сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша ұйым сатып алған бағалы қағаздар бойынша мерзімі өткен берешек сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша сатып алынған бағалы қағаздар бойынша мерзімі өткен берешек сомаларын оларды эмитент өтеген (қарсы агент төлеген) немесе ұйымның балансынан есептен шығарған кезде есептен шығару жазылады.

2110 «Сатып алушылардың және тапсырыс берушілердің ұзақ мерзімді дебиторлық берешегі» (актив).

Мақсаты: түсірілген дайын өнім (тауарлар), орындалған жұмыстар мен көрсетілген қызметтер үшін төлеуге ұсынылған бастапқы құжаттар бойынша сатып алушылардың және тапсырыс берушілердің ұзақ мерзімді дебиторлық берешегінің сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша түсірілген дайын өнім (тауарлар), орындалған жұмыстар мен көрсетілген қызметтер үшін төлеуге ұсынылған бастапқы құжаттар бойынша сатып алушылардың және тапсырыс берушілердің ұзақ мерзімді дебиторлық берешегінің сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша сатып алушының не тапсырыс берушінің ұзақ мерзімді дебиторлық берешегінің сомаларын олар осы берешекті өтеген немесе оны ұйымның балансынан есептен шығарған кезде есептен шығару жазылады.

2120 «Еншілес ұйымдардың ұзақ мерзімді дебиторлық берешегі» (актив).

Мақсаты: еншілес ұйымдардың орындалған жұмыстар мен көрсетілген қызмет бойынша ұзақ мерзімді дебиторлық берешегінің сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша еншілес ұйымның орындалған жұмыстар мен көрсетілген қызметтер бойынша ұзақ мерзімді дебиторлық берешегінің сомасы жазылады.



Шоттың кредиті бойынша еншілес ұйымның орындалған жұмыстар мен көрсетілген қызметтер бойынша ұзақ мерзімді дебиторлық берешегінің сомаларын оны өтеу немесе ұйымның балансынан есептен шығарған кезде есептен шығару жазылады.

2130 «Қауымдасқан және бірлескен ұйымдардың ұзақ мерзімді дебиторлық берешегі» (актив).

Мақсаты: қауымдасқан және бірлескен ұйымдардың орындалған жұмыстар мен көрсетілген қызметтер бойынша ұзақ мерзімді дебиторлық берешегінің сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша қауымдасқан және бірлескен ұйымның орындалған жұмыстар мен көрсетілген қызметтер бойынша ұзақ мерзімді дебиторлық берешегінің сомалары жазылады.

Шоттың кредиті бойынша қауымдасқан және бірлескен ұйымның орындалған жұмыстар мен көрсетілген қызметтер бойынша ұзақ мерзімді дебиторлық берешегінің сомаларын ол өтелген немесе ұйымның балансынан есептен шығарылған кезде есептен шығару жазылады.

2140 «Филиалдардың және құрылымдық бөлімшелердің ұзақ мерзімді дебиторлық берешегі» (актив).

Мақсаты: филиалдардың және құрылымдық бөлімшелердің ұзақ мерзімді дебиторлық берешегінің сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша филиалдың немесе және құрылымдық бөлімшенің ұзақ мерзімді дебиторлық берешегінің сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша филиалдың немесе құрылымдық бөлімшенің ұзақ мерзімді дебиторлық берешегінің сомаларын олар өтелген немесе ұйымның балансынан шығарылған кезде есептен шығару жазылады.

2150 «Қызметкерлердің ұзақ мерзімді дебиторлық берешегі» (актив).

Мақсаты: ұйымның өз қызметкерлеріне еңбекке (қызметке) ақы төлеу бойынша төлеген аванстық төлемдері, іссапар және активтерді сатып алу үшін есебіне берілген басқа да шығыстар бойынша қызметкерлердің ұзақ мерзімді дебиторлық берешегінің сомаларын, сондай-ақ қызметкерлердің ұйымға келтірген материалдық залалын (жетіспеу, ұрлау, бүліну және басқа) өтеу бойынша талаптар сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша қызметкердің ұйым алдындағы ұзақ мерзімді дебиторлық берешегінің сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша қызметкердің ұйым алдындағы ұзақ мерзімді дебиторлық берешегінің сомаларын олардың өтелуіне қарай есептен шығару жазылады.

2170 01 «Сатып алынған бағалы қағаздар бойынша сыйақы түрінде есептелген кірістер» (актив).

Мақсаты: ұйым сатып алған бағалы қағаздар бойынша сыйақы (купон) түрінде есептелген кірістердің сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша ұйым сатып алған бағалы қағаздар бойынша сыйақы (купон) түрінде есептелген кірістердің сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша сатып алынған бағалы қағаздар бойынша сыйақы (купон) түрінде есептелген кірістердің сомаларын кірістерді алу кезінде есептен шығару жазылады.

2170 03 «Бағалы қағаздар бойынша алдыңғы ұстаушылар есептеген сыйақы» (актив).

Мақсаты: ұйым сатып алғанға дейін алдыңғы ұстаушылар бағалы қағаздар бойынша есептеген сыйақы сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша ұйым сатып алғанға дейін алдыңғы ұстаушылар бағалы қағаздар бойынша есептеген сыйақы сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша бағалы қағаздар бойынша есептеген сыйақы сомаларын оларды алу кезінде есептен шығару жазылады.

2170 23 «Екінші деңгейдегі банктерде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда орналастырылған мерзімді салымдар бойынша сыйақы түрінде есептелген кірістер» (актив).

Мақсаты: ұйымдардың екінші деңгейдегі банктерде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда орналастырылған мерзімді салымдар бойынша сыйақы түрінде есептелген кірістерінің сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша екінші деңгейдегі банкте және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымда орналастырылған мерзімді салымдар бойынша сыйақы түрінде ұйымдардың есептелген кірістерінің сомасы жазылады.



Шоттың кредиті бойынша орналастырылған мерзімді салымдар бойынша сыйақы түрінде есептелген кірістер сомаларын оларды екінші деңгейдегі банк немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым төлеген немесе төлеу мерзімін өткізген кезде есептен шығару жазылады.

2170 24 «Екінші деңгейдегі банктерде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда орналастырылған шартты салымдар бойынша сыйақы түрінде есептелген кірістер» (актив).

Мақсаты: екінші деңгейдегі банктерде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда орналастырылған шартты салымдар бойынша сыйақы түрінде ұйымдардың есептелген кірістерінің сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша екінші деңгейдегі банкте және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымда орналастырылған шартты салымдар бойынша сыйақы түрінде ұйымдардың есептелген кірістерінің сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша орналастырылған шартты салымдар бойынша сыйақы түрінде есептелген кірістер сомаларын екінші деңгейдегі банк немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым төлеген немесе төлеу мерзімін өткізген кезде есептен шығару жазылады.

2170 25 «Клиенттерге берілген қарыздар бойынша сыйақы түрінде есептелген кірістер» (актив).

Мақсаты: ұйымдардың клиенттерге берілген қарыздар бойынша сыйақы түрінде есептелген кірістерінің сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша клиентке берілген қарыздар бойынша сыйақы түрінде есептелген кірістердің сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша берілген қарыздар бойынша сыйақы түрінде есептелген кірістердің сомаларын клиент оларды төлеген немесе төлеу мерзімін өткізген кезде есептен шығару жазылады.

2170 26 «Клиенттерге берілген қаржылық жалдау бойынша сыйақы түрінде есептелген кірістер» (актив).

Мақсаты: ұйымдардың клиенттерге берілген қаржылық жалдау бойынша сыйақы түрінде есептелген кірістерінің сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша клиентке берілген қаржылық жалдау бойынша сыйақы түрінде есептелген кірістердің сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша қаржылық жалдау бойынша сыйақы түрінде есептелген кірістердің сомаларын клиент оларды төлеген немесе төлеу мерзімін өткізген кезде есептен шығару жазылады.

2170 28 «Сыйақы түрінде есептелген басқа да кірістер» (актив).

Мақсаты: сыйақы түрінде ұйымның басқа да есептелген кірістерінің сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша сыйақы түріндегі басқа да есептелген кірістердің сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша есептелген басқа да кірістердің сомаларын клиент оларды төлеген немесе төлеу мерзімін өткізген кезде есептен шығару жазылады.

2170 29 «Сыйақы түріндегі мерзімі өткен кірістер» (актив).

Мақсаты: сыйақы түріндегі ұйымның мерзімі өткен кірістерінің сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша № 1270 23 - 1270 28 аралығындағы баланстық шоттар бойынша сыйақы түріндегі мерзімі өткен кірістің сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша сыйақы түріндегі мерзімі өткен кірістер сомаларын оларды клиент төлеген немесе ұйымның балансынан есептен шығарған кезде есептен шығару жазылады.

2180 «Басқа да ұзақ мерзімді дебиторлық берешек» (актив).

Мақсаты: № 2110 - 2170 аралығындағы баланстық шоттар топтарында есептелмеген басқа да ұзақ мерзімді дебиторлық берешек сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша басқа да ұзақ мерзімді дебиторлық берешек сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша басқа да ұзақ мерзімді дебиторлық берешек сомаларын оларды клиент төлеген немесе ұйымның балансынан есептен шығарған кезде есептен шығару жазылады.

2180 01 «Фьючерс мәмілесі бойынша талаптар» (актив).

Мақсаты: фьючерс мәмілесін жасау нәтижесінде туындаған ұзақ мерзімді талаптардың



сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша фьючерс мәмілесін жасау нәтижесінде туындаған талаптардың сомалары, сондай-ақ оң қайта бағалау сомалары жазылады.

Шоттың кредиті бойынша туындаған талаптардың сомаларын оларды қарсы әріптес төлеген немесе фьючерс мәмілесінің күші жойылған кезде, сондай-ақ теріс қайта бағалау сомаларын есептен шығару жазылады.

2180 02 «Форвард мәмілесі бойынша талаптар» (актив).

Мақсаты: форвард мәмілесін жасау нәтижесінде туындаған ұзақ мерзімді талаптардың сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша форвард мәмілесін жасау нәтижесінде туындаған талаптардың сомалары, сондай-ақ оң қайта бағалау сомалары жазылады.

Шоттың кредиті бойынша туындаған талаптардың сомаларын оларды қарсы әріптес төлеген немесе форвард мәмілесінің күші жойылған кезде, сондай-ақ теріс қайта бағалау сомаларын есептен шығару жазылады.

2180 03 «Опцион мәмілесі бойынша талаптар» (актив).

Мақсаты: опцион мәмілесін жасау нәтижесінде туындаған ұзақ мерзімді талаптардың сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша опцион мәмілесін жасау нәтижесінде туындаған талаптардың сомалары, сондай-ақ оң қайта бағалау сомалары жазылады.

Шоттың кредиті бойынша туындаған талаптардың сомаларын оларды қарсы әріптес төлеген немесе опцион мәмілесінің күші жойылған кезде, сондай-ақ теріс қайта бағалау сомаларын есептен шығару жазылады.

2180 04 «Своп мәмілесі бойынша талаптар» (актив).

Мақсаты: своп мәмілесін жасау нәтижесінде туындаған ұзақ мерзімді талаптардың сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша своп мәмілесін жасау нәтижесінде туындаған талаптардың сомалары, сондай-ақ оң қайта бағалау сомалары жазылады.

Шоттың кредиті бойынша туындаған талаптардың сомалары оларды қарсы әріптес төлеген немесе своп мәмілесінің күші жойылған кезде, сондай-ақ теріс қайта бағалау сомалары есептен шығарылады.

2180 05 «Басқа да туынды қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша талаптар» (актив).

Мақсаты: басқа да туынды қаржы құралдарымен мәмілелер жасау нәтижесінде туындаған ұзақ мерзімді талаптардың сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша басқа да туынды қаржы құралдарымен мәмілелер жасау нәтижесінде туындаған талаптардың сомалары, сондай-ақ оң қайта бағалау сомалары жазылады.

Шоттың кредиті бойынша туындаған талаптардың сомаларын оларды қарсы әріптес төлеген немесе басқа да туынды қаржы құралдарымен мәмілелердің күші жойылған кезде, сондай-ақ теріс қайта бағалау сомаларын есептен шығару жазылады.

2210 «Үлестік қатысу әдісімен есепке алынатын инвестициялар» (актив).

Мақсаты: үлестік қатысу әдісімен есепке алынатын қауымдасқан және бірлескен ұйымдарға инвестициялар құнын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша үлестік қатысу әдісімен есепке алынатын қауымдасқан не бірлескен ұйымға инвестициялардың сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша үлестік қатысу әдісімен есепке алынатын қауымдасқан не тәуелді ұйымға инвестициялардың сомаларын есептен шығару жазылады.

2310 «Жылжымайтын мүлікке инвестициялар» (актив).

Мақсаты: жалдау төлемдерін және (немесе) капитал құнының өсімін алу мақсатында иелікте тұрған (қаржылық жалдау шарты бойынша меншік иесінде немесе жалға алушыда) жылжымайтын мүлікке инвестициялар құнын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша жалдау төлемдерін және (немесе) капитал құнының өсімін алу мақсатында иелікте тұрған (қаржылық жалдау шарты бойынша меншік иесінде немесе жалға алушыда) жылжымайтын мүлікке инвестициялар сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша жылжымайтын мүлікке инвестициялар ретіндегі актив жіктеуішінің өзгеруіне байланысты жылжымайтын мүлікке инвестициялар сомаларын оларды өткізген немесе басқа да шығынға жазылған кезінде есептен шығару жазылады.



2320 «Жылжымайтын мүлікке инвестициялардың амортизациясы» (контрактив).

Мақсаты: жылжымайтын мүлікке инвестициялар бойынша есептелген амортизация сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша жылжымайтын мүлікке инвестициялар бойынша есептелген амортизация сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша жылжымайтын мүлікке инвестициялар ретіндегі актив жіктеуішінің өзгеруіне байланысты жылжымайтын мүлікке инвестициялар бойынша есептелген амортизация сомаларын оларды өткізген немесе басқа да шығынға жазылған кезде есептен шығару жазылады.

2330 «Жылжымайтын мүлікке инвестициялардың құнсыздануынан болған зиян» (контрактив).

Мақсаты: егер ұйым инвестициялық жылжымайтын мүліктің барлық объектілері активтердің құнсыздануынан болған жинақталған амортизацияны және жинақталған зиянды шегере отырып нақты шығындар бойынша өлшенетін, жылжымайтын мүлікке инвестицияларды бастапқы танудан кейін нақты шығындар бойынша есепке алу моделін таңдап алған жағдайда, құнсызданудан болған зиянның сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша жылжымайтын мүлікке инвестициялардың құнсыздануынан болған зияндың сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша жылжымайтын мүлікке инвестициялардың құнсыздануынан болған зияндың сомаларын құрылған резервтер (провизиялар) есебінен жылжымайтын мүлікке инвестицияларды есептен шығару не жылжымайтын мүлікке инвестициялардың құнсыздануынан болған зиянның азаюы кезінде есептен шығару жазылады.

2410 «Негізгі құрал-жабдықтар» (актив).

Мақсаты: негізгі құрал-жабдықтарға меншік құқығын сатып алу немесе өтеусіз алу құнын, сондай-ақ негізгі құрал-жабдықтарға капиталдық шығындар сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша негізгі құрал-жабдықтарға меншік құқығын сатып алу немесе өтеусіз алу құны, сондай-ақ негізгі құрал-жабдықтарға капиталдық шығындар сомалары жазылады.

Шоттың кредиті бойынша негізгі құрал-жабдықтарға меншік құқығын сатып алу немесе өтеусіз алу құнын, сондай-ақ негізгі құрал-жабдықтарға капиталдық шығындар сомаларын оларды өткізу бойынша немесе басқа да шығынға жазу бойынша есептен шығару жазылады.

2420 «Негізгі құрал-жабдықтар амортизациясы» (контрактив).

Мақсаты: негізгі құрал-жабдықтар бойынша есептелген амортизация сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша негізгі құрал-жабдықтар бойынша есептелген амортизация сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша негізгі құрал-жабдықтар бойынша есептелген амортизация сомаларын оны өткізу немесе өзге шығынға жазу кезінде есептен шығару жазылады.

2430 «Негізгі құрал-жабдықтардың құнсыздануынан болған зиян» (контрактив).

Мақсаты: негізгі құрал-жабдықтардың құнсыздануынан болған зиянның сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша негізгі құрал-жабдықтардың құнсыздануынан болған зиянның сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша негізгі құрал-жабдықтардың құнсыздануынан болған зиянның сомаларын есептен шығару жазылады.

2610 «Барлау және бағалау активтері» (контрактив).

Мақсаты: минералдық ресурстарды барлау мен бағалау алдындағы қызмет барысында келтірілген шығыстарды, сондай-ақ минералдық ресурстарды өндіру техникалық іске асатындығы және коммерциялық орындылығы айқын болғаннан кейінгі шығыстарды қоспағанда, минералдық ресурстарды барлау мен бағалау шығыстарының сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша минералдық ресурстарды барлауға және бағалауға жұмсалатын шығыстардың сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша минералдық ресурстарды барлауға және бағалауға жұмсалатын шығыстардың сомаларын есептен шығару жазылады.

2620 «Барлау және бағалау активтерінің амортизациясы» (контрактив).



Мақсаты: барлау және бағалау активтері бойынша есептелген амортизация сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша барлау және бағалау активтері бойынша есептелген амортизация сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша барлау және бағалау активтері бойынша есептелген амортизация сомаларын есептен шығару жазылады.

2630 «Барлау және бағалау активтерінің құнсыздануынан болған зиян» (контрактив).

Мақсаты: барлау және бағалау активтерінің құнсыздануынан болған зиян сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша барлау және бағалау активтерінің құнсыздануынан болған зиян сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша барлау және бағалау активтерінің құнсыздануынан болған зиян сомаларын есептен шығару жазылады.

2710 «Гудвилл» (актив).

Мақсаты: ұйымның сатып алу құнының (жалпы мүліктік кешен ретінде) сатып алу күніне белгіленген оның барлық активтерінің әділ құнынан асатын сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша гудвилл құны жазылады.

Шоттың кредиті бойынша гудвилл құнын ол құнсызданған және өзге де жағдайларда есептен шығару жазылады.

2720 «Гудвилдің құнсыздануы» (контрактив).

Мақсаты: құнсызданудан болуы мүмкін зиянды есептеу үшін тұрақты жүргізілетін сынақ қорытындылары бойынша гудвилдің құнсыздануын көрсету жөніндегі операцияларды есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша гудвилден болған зиянның сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша гудвилдің құнсыздануынан болған зиян сомаларын есептен шығару жазылады.

2730 «Басқа да материалдық емес активтер» (актив).

Мақсаты: басқа да материалдық емес активтер құнын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша басқа да материалдық емес активтер құны жазылады.

Шоттың кредиті бойынша басқа да материалдық емес активтердің құнын олар ұйымның балансынан шығынға жазылған кезде есептен шығару жазылады.

2740 «Басқа да материалдық емес активтердің амортизациясы» (контрактив).

Мақсаты: басқа да материалдық емес активтер бойынша есептелген амортизация сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша басқа да материалдық емес активтер бойынша есептелген амортизация сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша басқа да материалдық емес активтер бойынша жинақталған амортизация сомаларын олар ұйымның балансынан шығынға жазылған кезде есептен шығару жазылады.

2750 «Басқа да материалдық емес активтердің құнсыздануынан болған зиян» (контрактив).

Мақсаты: басқа да материалдық емес активтердің құнсыздануынан болған зиян сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша басқа да материалдық емес активтердің құнсыздануынан болған зиян сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша басқа да материалдық емес активтердің құнсыздануынан болған зиян сомаларын есептен шығару жазылады.

2810 «Корпоративтік табыс салығы бойынша кейінге қалдырылған салық активтері» (актив).

Мақсаты: бухгалтерлік және салықтық есепке алу арасындағы айырмашылықтар нәтижесінде туындайтын уақытша айырма сомасы бойынша айқындалған кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығының сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығының сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығының сомаларын № 7710 шотпен байланыстыра отырып түзету кезінде есептен шығару жазылады.

2910 «Берілген ұзақ мерзімді аванстар» (актив).



Мақсаты: ұйым активтерді жеткізуге, сондай-ақ есепті кезең ішінде ішінара дайын болуына қарай тапсырыс берушіден қабылданған өнімнің, көрсетілген қызметтердің ақысын төлеу үшін берген ұзақ мерзімді аванстардың және берілген басқа ұзақ мерзімді аванстардың сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша ұйым активтерді жеткізуге, сондай-ақ есепті кезең ішінде ішінара дайын болуына қарай тапсырыс берушіден қабылданған өнімнің, көрсетілген қызметтердің ақысын төлеу үшін берген ұзақ мерзімді аванстардың және басқа берілген ұзақ мерзімді аванстардың сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша активтерді және көрсетілетін қызметтерді алу кезінде берілген аванстардың сомаларын есептен шығару жазылады.

2920 «Болашақ кезеңдердің шығыстары» (актив).

Мақсаты: болашақ кезеңдер шығыстарының сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша болашақ кезеңдер шығыстарының сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша болашақ кезеңдер шығыстарының сомаларын есептеу әдісі бойынша нақты шығыстарға есептен шығару жазылады.

2930 «Аяқталмаған құрылыс» (актив).

Мақсаты:

1) үйлерді және ғимараттарды салу, жабдықтарды монтаждау бойынша және күрделі құрылысқа сметаларда, сметалық-қаржылық есептерде көзделген басқа да шығыстар (құрылысты (мердігерлік немесе шаруашылық) жүзеге асыру тәсіліне қарамастан), сондай-ақ құрылыс кезеңіне берілген қарыздар бойынша сыйақыларды төлеу бойынша;

2) құрылысқа және негізгі құрал-жабдықтар объектілерінің бастапқы құнына кіретін және кірмейтін негізгі құрал-жабдықтарды сатып алуға байланысты;

3) монтаждауды талап ететін және күрделі салымдардың салынып жатқан (қайта құрылып жатқан) объектілеріне орнатуға арналған технологиялық, энергетикалық және өндірістік жабдықты (шеберханаларға, тәжірибелік қондырғылар мен зертханаларға арналған жабдықтарды қоса алғанда) сатып алу бойынша;

4) негізгі табынға ауыстырылатын өнімді және жұмыс малының түлегін өсіру бойынша шығындардың сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша аяқталмаған күрделі құрылысқа жұмсалған шығындар сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша күрделі құрылыс бойынша келтірілген шығындар сомаларын оларды негізгі құрал-жабдықтың құнына, шығыстарға немесе өзге де шығынға жатқызу кезінде есептен шығару жазылады.

2940 «Басқа да ұзақ мерзімді активтер» (актив).

Мақсаты: № 2910, 2920 және 2930 топтардың баланс шоттарында есепке алынбаған басқа да ұзақ мерзімді активтер құнын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша басқа да ұзақ мерзімді активтердің құны жазылады.

Шоттың кредиті бойынша басқа да ұзақ мерзімді активтердің құнын есептен шығару жазылады.

2940 21 «Қаржылық жалдау» (актив).

Мақсаты: клиенттерге берілген қаржылық жалдау бойынша негізгі борыш сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша клиентке берілген қаржылық жалдау бойынша негізгі борыш сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша берілген қаржылық жалдау бойынша негізгі борыш сомаларын оларды клиент өтеген немесе мерзімін өткізген кезде есептен шығару жазылады.

2940 22 «Клиенттердің қаржылық жалдау бойынша мерзімі өткен берешегі» (актив).

Мақсаты: клиенттерге берілген қаржылық жалдау бойынша клиенттердің мерзімі өткен берешегінің сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша клиентке берілген қаржылық жалдау бойынша мерзімі өткен берешегінің сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша берілген қаржылық жалдау бойынша мерзімі өткен берешек сомаларын оны клиент өтеген немесе ұйымның балансынан есептен шығарған кезде есептен шығару жазылады.



3010 «Қысқа мерзімді банктік қарыздар» (пассив).

Мақсаты: ұйым алған өтеу мерзімі бір жылға дейінгі банктік қарыздарының сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша ұйым алған қысқа мерзімді банктік қарыздарының сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша алынған қысқа мерзімді банктік қарыздарының сомаларын оларды ұйым өтеген кезде есептен шығару жазылады.

3020 «Екінші деңгейдегі банктерді қоспағанда, заңды тұлғалардан алынған қысқа мерзімді қарыздар» (пассив).

Мақсаты: екінші деңгейдегі банктерді қоспағанда, заңды тұлғалардан алынған өтеу мерзімі бір жылға дейінгі қарыздардың сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша екінші деңгейдегі банктерді қоспағанда, заңды тұлғалардан алынған қысқа мерзімді қарыздар сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша алынған қысқа мерзімді қарыздардың сомаларын оларды ұйым өтеген кезде есептен шығару жазылады.

3030 «Қатысушылардың дивидендтері және кірістері бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек» (пассив).

Мақсаты: ұйым есептеген және акционерлерге төленуге жататын акциялар бойынша дивиденттер бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешектің, сондай-ақ акционерлік қоғамдардан басқа, жарғылық капиталда үлесі бар ұйымға қатысушылар кірістерінің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша ұйым есептеген және акционерлерге төленуге жататын акциялар бойынша дивиденттер бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешектің, сондай-ақ ұйым есептеген және акционерлік қоғамдардан басқа жарғылық капиталда үлесі бар ұйым қатысушыларына төленуге жататын кірістердің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша акциялар бойынша дивиденттер бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешектің сомаларын оларды акционерлерге төлеген кезде, сондай-ақ есептелген кірістер сомаларын оларды қатысушыға төлеген кезде есептен шығару жазылады.

3040 «Ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелердің ағымдағы бөлігі» (пассив).

Мақсаты: ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелердің ағымдағы бөлігінің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелердің ағымдағы бөлігінің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелердің ағымдағы бөлігінің сомаларын есептен шығару жазылады.

3050 01 «Қазақстан Республикасының Үкіметінен алынған қысқа мерзімді қарыздар» (пассив).

Мақсаты: Қазақстан Республикасы Үкіметінен алынған өтеу мерзімі бір жылдан кем қысқа мерзімді қарыздардың сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінен алынған қысқа мерзімді қарыздар сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша алынған қысқа мерзімді қарыздардың сомаларын оларды өтеу кезінде есептен шығару жазылады.

3050 02 «Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарынан алынған қысқа мерзімді қарыздар» (пассив).

Мақсаты: Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарынан алынған өтеу мерзімі бір жылға дейінгі қысқа мерзімді қарыздардың сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарынан алынған қысқа мерзімді қарыздардың сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша алынған қысқа мерзімді қарыздардың сомаларын оларды өтеу кезінде есептен шығару жазылады.

3050 03 «Бағалы қағаздармен «РЕПО» операциялары» (пассив).

Мақсаты: қарсы әріптестен келісілген бағамен бағалы қағаздарды болашақта сатып алу міндетімен операция ашылған күні кепілге берілген ұйымның бағалы қағаздармен «РЕПО» операциялары бойынша міндеттемелерінің сомаларын есепке алу.



Шоттың кредиті бойынша операция ашылған күні ұйымның бағалы қағаздармен «РЕПО» операциялары бойынша міндеттемелерінің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша ұйымның операцияны жабу немесе күшін жою кезінде ұйымның «РЕПО» операциялары бойынша міндеттемелерінің сомаларын есептен шығару жазылады.

3050 05 «Алынған қысқа мерзімді қарыздар бойынша сыйлықақы» (пассив).

Мақсаты: нақты алынған қысқа мерзімді қарыз сомасының (мәміле бойынша шығындары ескере отырып) өтелетін қарыз сомасынан (сыйлықақы) асатын сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша нақты алынған қысқа мерзімді қарыз сомасының (мәміле бойынша шығындары ескере отырып) өтелетін қарыз сомасынан (сыйлықақы) асатын сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша алынған қысқа мерзімді қарыз бойынша сыйлықақы амортизациясының сомасы № 6110 08 баланстық шотпен байланыстыра отырып жазылады.

3050 06 «Алынған қысқа мерзімді қарыздар бойынша дисконт» (контрпассив).

Мақсаты: өтелетін қарыз сомасының нақты алынған қысқа мерзімді қарыз сомасынан (мәміле бойынша шығындары есептегенде) (дисконт) асатын сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша өтелетін қарыз сомасының нақты алынған қысқа мерзімді қарыз сомасынан (мәміле бойынша шығындары есептегенде) (дисконт) асатын сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша алынған қысқа мерзімді қарыз бойынша дисконт амортизациясының сомасы № 7310 07 баланстық шотпен байланыстыра отырып жазылады.

3110 01 «Төленуге тиіс корпоративтік табыс салығы» (пассив).

Мақсаты: бюджетке төленуге тиіс корпоративтік табыс салығы сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша бюджетке төленуге тиіс корпоративтік табыс салығының сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша есептелген корпоративтік табыс салығының сомаларын оны ұйымның бюджетке аударуы және (немесе) есепті кезеңнің соңында реттеу кезінде есептен шығару жазылады.

3120 «Жеке табыс салығы» (пассив).

Мақсаты: бюджетке төленуге тиісті жеке табыс салығының сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша бюджетке төленуге тиісті жеке табыс салығының сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша жеке табыс салығының сомаларын оны бюджетке аудару кезінде есептен шығару жазылады.

3130 «Қосылған құн салығы» (пассив).

Мақсаты: бюджетке төленуге тиісті қосылған құн салығының сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша бюджетке төленуге тиісті қосылған құн салығының сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша есептелген қосылған құн салығының сомаларын оны ұйым бюджетке аударған және (немесе) есепті кезеңнің соңында реттеген кезде есептен шығару жазылады.

3140 «Акциздер» (пассив).

Мақсаты: бюджетке төленуге тиісті акциздер сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша бюджетке төленуге тиісті акциздер сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша есептелген акциздер сомаларын оларды ұйым бюджетке аударған және (немесе) есепті кезеңнің соңында реттеген кезде есептен шығару жазылады.

3150 «Әлеуметтік салық» (пассив).

Мақсаты: бюджетке төленуге тиісті әлеуметтік салық сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша бюджетке төленуге тиісті әлеуметтік салық сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша есептелген әлеуметтік салық сомаларын оны ұйым бюджетке аударған және (немесе) есепті кезеңнің соңында реттеген кезде есептен шығару жазылады.

3160 «Жер салығы» (пассив).

Мақсаты: бюджетке төленуге тиісті жер салығы сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша бюджетке төленуге тиісті жер салығы сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша есептелген жер салығы сомаларын оны ұйым бюджетке аударған және (немесе) есепті кезеңнің соңында реттеген кезде есептен шығару жазылады.

3170 «Көлік құралы салығы» (пассив).



Мақсаты: бюджетке төленуге тиісті көлік құралы салығының сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша бюджетке төленуге тиісті көлік құралы салығының сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша көлік құралдарына есептелген салық сомаларын оны ұйым бюджетке аударған және (немесе) есепті кезеңнің соңында реттеген кезінде есептен шығару жазылады.

3180 «Мүлік салығы» (пассив).

Мақсаты: бюджетке төленуге тиісті мүлікке салық сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша бюджетке төленуге тиісті мүлікке салық сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша мүлікке есептелген салық сомаларын оны ұйым бюджетке аударған және (немесе) есепті кезеңнің соңында реттеген кезде есептен шығару жазылады.

3190 «Басқа да салықтар» (пассив).

Мақсаты: бюджетке төленуге тиісті басқа да салықтар сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша бюджетке төленуге тиісті басқа да салықтар сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша есептелген басқа да салықтар сомаларын оларды ұйым бюджетке аударған және (немесе) есепті кезеңнің соңында реттеген кезде есептен шығару жазылады.

3210 «Әлеуметтік сақтандыру бойынша міндеттемелер» (пассив).

Мақсаты: Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына төленуге тиісті әлеуметтік сақтандыру бойынша міндеттемелердің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына төленуге тиісті әлеуметтік сақтандыру бойынша міндеттемелердің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша әлеуметтік сақтандыру бойынша есептелген міндеттемелер сомаларын оларды Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына аударған кезде және (немесе) есепті кезеңнің соңында реттеген кезде есептен шығару жазылады.

3220 «Зейнетақы аударымдары бойынша міндеттемелер» (пассив).

Мақсаты: «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамына аударылуға тиісті зейнетақы аударымдары бойынша міндеттемелерінің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамына аударылуға тиісті зейнетақы аударымдары бойынша міндеттемелердің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша әлеуметтік сақтандыру бойынша есептелген міндеттемелер сомаларын оларды «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамына аударған кезде және (немесе) есепті кезеңнің соңында реттеген кезде есептен шығару жазылады.

3230 «Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа міндетті төлемдер бойынша басқа да міндеттемелер» (пассив).

Мақсаты: Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа міндетті төлемдер бойынша міндеттемелер сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа міндетті төлемдер бойынша міндеттемелер сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа міндетті төлемдер бойынша есептелген міндеттемелер сомаларын олар бюджетке аударылған және (немесе) есепті кезеңнің соңында реттелген кезде есептен шығару жазылады.

3240 «Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа ерікті төлемдер бойынша басқа да міндеттемелер» (пассив).

Мақсаты: басқа ерікті төлемдер бойынша міндеттемелер сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша басқа ерікті төлемдер бойынша міндеттемелер сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша басқа ерікті төлемдер бойынша есептелген міндеттемелерді есептен шығару жазылады.

3310 «Жеткізушілерге және мердігерлерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек» (пассив).

Мақсаты: ұсынылған шотты төлеу уақытына қарамастан тауар-материалдық қорларды жеткізу немесе өңдеу бойынша шығыстарды қоса алғанда, жеткізушілерге және мердігерлерге алынған тауар-материалдық қорлардың және негізгі құрал-жабдықтардың, қабылданған жұмыстар мен алынған қызмет көрсетулердің құнын төлеу бойынша қысқа мерзімді



кредиторлық берешек сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша тауар-материалдық қорларды жеткізу немесе өңдеу бойынша шығыстарды қоса алғанда, жеткізушілерге және мердігерлерге алынған тауар-материалдық қорлардың және негізгі құрал-жабдықтардың, қабылданған жұмыстар мен алынған қызмет көрсетулердің құнын төлеу бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша тауар-материалдық қорларды жеткізу немесе өңдеу бойынша шығыстарды қоса алғанда, жеткізушілерге және мердігерлерге алынған тауар-материалдық қорлардың және негізгі құрал-жабдықтардың, қабылданған жұмыстар мен алынған қызмет көрсетулердің құнын төлеу кезінде қысқа мерзімді кредиторлық берешектің сомаларын есептен шығару жазылады.

3320 «Еншілес ұйымдарға қысқа мерзімді кредиторлық берешек» (пассив).

Мақсаты: сатып алынған активтер және көрсетілген қызметтер үшін еншілес ұйымдарға бір жылға дейінгі мерзіммен қысқа мерзімді кредиторлық берешек сомаларын есепке алу және еншілес ұйымдарға басқа да қысқа мерзімді кредиторлық берешек.

Шоттың кредиті бойынша сатып алынған активтер және көрсетілген қызметтер үшін еншілес ұйымдардың бір жылға дейінгі мерзіммен қысқа мерзімді кредиторлық берешек сомасы және еншілес ұйымның басқа да қысқа мерзімді кредиторлық берешегі жазылады.

Шоттың дебеті бойынша сатып алынған активтер және көрсетілген қызметтер үшін еншілес ұйымдарға бір жылға дейінгі мерзіммен қысқа мерзімді кредиторлық берешек сомаларын есептен шығару және еншілес ұйымның басқа да қысқа мерзімді кредиторлық берешегі жазылады.

3330 «Қауымдасқан және бірлескен ұйымдарға қысқа мерзімді кредиторлық берешек» (пассив).

Мақсаты: сатып алынған активтер және көрсетілген қызметтер үшін қауымдасқан және бірлескен ұйымдарға бір жылға дейінгі мерзіммен қысқа мерзімді кредиторлық берешек сомаларын есепке алу және қауымдасқан және бірлескен ұйымдарға басқа да қысқа мерзімді кредиторлық берешек.

Шоттың кредиті бойынша сатып алынған активтер және көрсетілген қызметтер үшін қауымдасқан және бірлескен ұйымның бір жылға дейінгі мерзіммен қысқа мерзімді кредиторлық берешек сомасы және қауымдасқан және бірлескен ұйымның басқа да қысқа мерзімді кредиторлық берешегі жазылады.

Шоттың дебеті бойынша сатып алынған активтер және көрсетілген қызметтер үшін қауымдасқан және бірлескен ұйымның бір жылға дейінгі мерзіммен қысқа мерзімді кредиторлық берешек сомаларын есептен шығару және қауымдасқан және бірлескен ұйымның басқа да қысқа мерзімді кредиторлық берешегі жазылады.

3340 «Филиалдарға және құрылымдық бөлімшелерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек» (пассив).

Мақсаты: филиалдарға және құрылымдық бөлімшелерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша филиалдарға немесе құрылымдық бөлімшелерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша филиалдарға немесе құрылымдық бөлімшелерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек сомаларын есептен шығару жазылады.

3350 «Еңбекақы төлеу бойынша қысқа мерзімді берешек» (пассив).

Мақсаты: қызметкерлерге есептелген жалақы (материалдық көмек, көтермелеу және басқа осындай төлемдер) сомаларын, сондай-ақ қызметкерлердің жалақысынан ұстап қалуға жататын сомаларды есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша ұйымның қызметкеріне есептелген жалақы сомасы, сондай-ақ қызметкерлердің жалақысынан ұстап қалуға жататын сомалар жазылады.

Шоттың дебеті бойынша есептелген жалақы сомаларын оны ұйымның қызметкеріне төлеу кезінде, сондай-ақ қызметкерлердің жалақысынан ұстап қалуға жататын сомаларды есептен шығару жазылады.

3360 «Жалдау бойынша қысқа мерзімді берешек» (пассив).

Мақсаты: жалдау бойынша қысқа мерзімді берешек бойынша міндеттемелер сомаларын есепке алу.



Шоттың кредиті бойынша жалдау бойынша қысқа мерзімді берешек бойынша міндеттемелер сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша жалдау бойынша қысқа мерзімді берешек бойынша міндеттемелер сомаларын есептен шығару жазылады.

3370 «Ұзақ мерзімді кредиторлық берешектің ағымдағы бөлігі» (пассив).

Мақсаты: ұзақ мерзімді кредиторлық берешектің ағымдағы бөлігін төлеуге байланысты міндеттемелер сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша ұзақ мерзімді кредиторлық берешектің ағымдағы бөлігін төлеуге байланысты міндеттемелер сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша ұзақ мерзімді кредиторлық берешектің ағымдағы бөлігін төлеуге байланысты міндеттемелер сомаларын оларды төлеген немесе баланстан есептен шығарған кезде есептен шығару жазылады.

3380 01 «Айналысқа шығарылған бағалы қағаздар бойынша сыйақы түрінде есептелген шығыстар» (пассив).

Мақсаты: ұйым айналысқа шығарған бағалы қағаздар бойынша сыйақы түрінде есептелген шығыстар сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша ұйым айналысқа шығарған бағалы қағаздар бойынша сыйақы түрінде есептелген шығыстар сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша айналысқа шығарған бағалы қағаздар бойынша сыйақы түрінде есептелген шығыстар сомаларын оларды ұйым төлеген кезде есептен шығару жазылады.

3380 02 «Бағалы қағаздармен «РЕПО» операциялары бойынша сыйақы түрінде есептелген шығыстар» (пассив).

Мақсаты: болашақта контрәріптестен келісілген баға бойынша сатып алу міндеттемесімен операцияны ашу күніне кепілге берілген бағалы қағаздармен «РЕПО» операциялары бойынша сыйақы түрінде есептелген шығыстар сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша бағалы қағаздармен «РЕПО» операциялары бойынша сыйақы түрінде есептелген шығыстар сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша бағалы қағаздармен «РЕПО» операциялары бойынша сыйақы түрінде есептелген шығыстар сомаларын оларды төлеу немесе операцияны жою кезінде есептен шығару жазылады.

3380 25 «Алынған қарыздар бойынша сыйақы түрінде есептелген шығыстар» (пассив).

Мақсаты: ұйым алған қарыздар бойынша сыйақы түрінде есептелген шығыстар сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша ұйым алған қарыздар бойынша сыйақы түрінде есептелген шығыстар сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша алынған қарыз бойынша сыйақы түрінде есептелген шығыстар сомаларын оны өтеу кезінде есептен шығару жазылады.

3380 26 «Алынған қаржылық жалдау бойынша сыйақы түрінде есептелген шығыстар» (пассив).

Мақсаты: ұйымның екінші деңгейдегі банктерден және басқа заңды тұлғалардан алған қаржылық жалдау бойынша сыйақы түрінде есептелген шығыстар сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша ұйымның екінші деңгейдегі банктен немесе басқа заңды тұлғадан алған қаржылық жалдау бойынша сыйақы түрінде есептелген шығыстар сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша алынған қаржылық жалдау бойынша сыйақы түрінде есептелген сомаларды оларды ұйым өтеген кезде есептен шығару жазылады.

3380 27 «Сыйақы түрінде есептелген басқа да шығыстар» (пассив).

Мақсаты: сыйақы түрінде ұйым есептеген басқа да шығыстар сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша сыйақы түрінде ұйым есептеген басқа да шығыстар сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша сыйақы түрінде басқа да есептелген шығыстар сомаларын оларды ұйым төлеген кезде есептен шығару жазылады.

3380 82 «Брокерлік және дилерлік қызмет бойынша қызмет көрсету үшін есептелген комиссиялық шығыстар» (пассив).

Мақсаты: ұйым алған брокерлік және дилерлік қызмет бойынша қызмет көрсету үшін есептелген комиссиялық шығыстар сомаларын есепке алу.



Шоттың кредиті бойынша ұйым алған брокерлік және дилерлік қызмет бойынша қызмет көрсету үшін есептелген комиссиялық шығыстар сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша брокерлік және дилерлік қызмет бойынша қызмет көрсету үшін есептелген комиссиялық шығыстар сомаларын оларды ұйым төлеген немесе төлеу мерзімін өткізген кезде есептен шығару жазылады.

3380 83 «Кастодиандық қызмет көрсету бойынша қызмет көрсету үшін есептелген комиссиялық шығыстар» (пассив).

Мақсаты: ұйымның кастодиандық қызмет көрсету бойынша алған қызмет көрсетуі үшін есептелген комиссиялық шығыстар сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша ұйымның кастодиандық қызмет көрсету бойынша алған қызмет көрсетуі үшін есептелген комиссиялық шығыстар сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша кастодиандық қызмет көрсету бойынша алған қызмет көрсету бойынша есептелген комиссиялық шығыстар сомаларын оларды ұйым төлеген немесе төлеу мерзімін өткізген кезде есептен шығару жазылады.

3380 84 «Бағалы қағаздар нарығының өзге де кәсіби қатысушыларының есептелген комиссиялық шығыстары» (пассив).

Мақсаты: ұйым алған бағалы қағаздар нарығының өзге де кәсіби қатысушыларының қызметі үшін есептелген комиссиялық шығыстар сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша ұйым алған бағалы қағаздар нарығының өзге де кәсіби қатысушыларының қызметі үшін есептелген комиссиялық шығыстарының сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша есептелген комиссиялық шығыстардың сомаларын оларды ұйым төлеген немесе төлеу мерзімін өткізген кезде есептен шығару жазылады.

3390 01 «Фьючерс мәмілесі бойынша міндеттемелер» (пассив).

Мақсаты: фьючерс мәмілесі бойынша міндеттемелер сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша фьючерс мәмілелерін жасау нәтижесінде туындаған міндеттемелер сомалары, сондай-ақ теріс қайта бағалау сомалары жазылады.

Шоттың дебеті бойынша клиент төлеген кезде туындаған міндеттемелер сомаларын, сондай-ақ оң қайта бағалау сомаларын есептен шығару жазылады.

3390 02 «Форвард мәмілесі бойынша міндеттемелер» (пассив).

Мақсаты: форвард мәмілесі бойынша міндеттемелер сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша форвард мәмілелерін жасау нәтижесінде туындаған міндеттемелер сомалары, сондай-ақ теріс қайта бағалау сомалары жазылады.

Шоттың дебеті бойынша клиент төлеген кезде туындаған міндеттемелер сомаларын, сондай-ақ оң қайта бағалаудың сомаларын есептен шығару жазылады.

3390 03 «Опцион мәмілесі бойынша міндеттемелер» (пассив).

Мақсаты: опцион мәмілесі бойынша міндеттемелер сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша опцион мәмілелерін жасау нәтижесінде туындаған міндеттемелер сомалары, сондай-ақ теріс қайта бағалау сомалары жазылады.

Шоттың дебеті бойынша клиент төлеген кезде туындаған міндеттемелер сомаларын, сондай-ақ оң қайта бағалаудың сомаларын есептен шығару жазылады.

3390 04 «Спот мәмілесі бойынша міндеттемелер» (пассив).

Мақсаты: спот мәмілелері бойынша міндеттемелер сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша спот мәмілелерін жасау нәтижесінде туындаған міндеттемелер сомалары, сондай-ақ теріс қайта бағалау сомалары жазылады.

Шоттың дебеті бойынша міндеттемелердің оларды төлеген немесе спот мәмілесін жою кезінде туындаған сомаларын, сондай-ақ оң қайта бағалау сомаларын есептен шығару жазылады.

3390 05 «Своп мәмілесі бойынша міндеттемелер» (пассив).

Мақсаты: своп мәмілесі бойынша міндеттемелер сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша своп мәмілелерін жасау нәтижесінде туындаған міндеттемелер сомалары, сондай-ақ теріс қайта бағалау сомалары жазылады.

Шоттың дебеті бойынша міндеттемелердің оларды төлеген немесе своп мәмілесін жою кезінде туындаған сомаларын, сондай-ақ оң қайта бағалау сомаларын есептен шығару жазылады.

3390 06 «Басқа да туынды қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша міндеттемелер»



(пассив).

Мақсаты: басқа да туынды қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша міндеттемелер сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша басқа да туынды қаржы құралдарымен мәмілелер жасау нәтижесінде туындаған міндеттемелер сомалары, сондай-ақ теріс қайта бағалау сомалары жазылады.

Шоттың дебеті бойынша міндеттемелердің оларды банк төлеген немесе басқа да туынды қаржы құралдарымен мәмілелерді жою кезінде туындаған сомаларын, сондай-ақ оң қайта бағалау сомаларын есептен шығару жазылады.

3390 07 «Тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлеу бойынша міндеттемелер» (пассив).

Мақсаты: тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлеу бойынша міндеттемелер сомасын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлеу бойынша есептелген міндеттемелер сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлеу бойынша, оны (оларды) өтеуге қарай, міндеттемелер сомасын есептен шығару жазылады.

3390 41 «Сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметі бойынша делдалдармен есеп айырысу» (пассив).

Мақсаты: сақтандыру делдалдары көрсеткен қызметтер бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының берешек сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша сақтандыру делдалы көрсеткен қызметтер бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының берешек сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша берешек сомасын оларды сақтандыру делдалына төлеген кезде есептен шығару жазылады.

3390 42 «Қайта сақтандырушылармен есеп айырысу» (пассив).

Мақсаты: қайта сақтандыру шарттары бойынша қайта сақтандырушылар алдында сақтандыру (қайта сақтандырушы) ұйымдарының, сақтандыру брокерлерінің берешек сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша қайта сақтандыру шарттары бойынша қайта сақтандырушылар алдында сақтандыру (қайта сақтандырушы) ұйымының немесе сақтандыру брокерінің берешек сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша сақтандыру (қайта сақтандырушы) ұйымының немесе сақтандыру брокерінің берешек сомаларын оларды қайта сақтандырушыға төлеген кезде есептен шығару жазылады.

3390 43 «Қайта сақтанушылармен есеп айырысу» (пассив).

Мақсаты: қайта сақтанушылар алдында сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының берешек сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша қайта сақтанушылар алдында сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының берешек сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының берешек сомаларын оларды қайта сақтанушыға төлеу кезінде есептен шығару жазылады.

3390 44 «Сақтанушылармен есеп айырысу» (пассив).

Мақсаты: сақтанушылар алдында сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының берешек сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша сақтанушылар алдында сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының берешек сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының берешек сомаларын оларды сақтанушы төлеген кезде есептен шығару жазылады.

3390 45 «Регрестік талап ету бойынша қайта сақтандырушыға өтеу бойынша есептелген шығыстар» (пассив).

Мақсаты: регрестік талап ету бойынша қайта сақтандырушыларға өтеу бойынша сақтандыру ұйымдары төлеуге есептеген шығыстар сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша регрестік талап ету бойынша қайта сақтандырушыларға өтеу бойынша сақтандыру ұйымы төлеуге есептеген шығыстар сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша есептелген шығыстар сомаларын оларды сақтандыру ұйымы



төлеген кезде есептен шығару жазылады.

3390 46 «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қорына міндетті жарналарды төлеу бойынша міндеттемелер» (пассив).

Мақсаты: сақтандыру (қайта сақтандырушы) ұйымдарының қатысу шартына сәйкес міндетті жарналарды төлеу жөніндегі Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры алдындағы берешек сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша сақтандыру (қайта сақтандырушы) ұйымының қатысу шартына сәйкес міндетті жарналарды төлеу жөніндегі Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры алдындағы берешек сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша сақтандыру (қайта сақтандырушы) ұйымының берешек сомаларын Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қорына міндетті жарналарды төлеу кезінде есептен шығару жазылады.

3390 47 «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қорына төтенше жарналарды төлеу бойынша міндеттемелер» (пассив).

Мақсаты: сақтандыру (қайта сақтандырушы) ұйымдарының қатысу шартына сәйкес төтенше жарналарды төлеу жөніндегі Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры алдындағы берешек сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша сақтандыру (қайта сақтандырушы) ұйымының қатысу шартына сәйкес төтенше жарналарды төлеу жөніндегі Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры алдындағы берешек сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша сақтандыру (қайта сақтандырушы) ұйымының берешек сомаларын Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қорына төтенше жарналарды төлеу кезінде есептен шығару жазылады.

3390 48 «Еңбек сіңірілмеген сыйлықақылар резерві» (пассив).

Мақсаты: еңбек сіңірілмеген есептелген резервтер сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша еңбек сіңірілмеген қалыптастырылған резервтер сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша еңбек сіңірілмеген қалыптастырылған резервтер сомасын оларды азайту немесе сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру кезінде есептен шығару жазылады.

3390 49 «Болған, бірақ мәлімделмеген зиян резерві» (пассив).

Мақсаты: болған, бірақ мәлімделмеген есептелген зиян сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша болған, бірақ мәлімделмеген зиянның қалыптастырылған резервтер сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша болған, бірақ мәлімделмеген зиянның қалыптастырылған резервтерінің сомаларын оларды азайту немесе сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру кезінде есептен шығару жазылады.

3390 50 «Өмірді сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша болмаған зиян резерві» (пассив).

Мақсаты: өмірді сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша болмаған зиянның есептелген резервтерінің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша өмірді сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша болмаған зиянның қалыптастырылған резервтерінің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша өмірді сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша болмаған зиянның қалыптастырылған резервтерінің сомаларын оларды азайту немесе сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру кезінде есептен шығару жазылады.

3390 51 «Аннуитет шарттары бойынша болмаған зиян резерві» (пассив).

Мақсаты: аннуитет шарттары бойынша болмаған зиянның есептелген резервтері сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша аннуитет шарттары бойынша болмаған зиянның қалыптастырылған резервтері сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша аннуитет шарттары бойынша болмаған зиянның қалыптастырылған резервтерінің сомаларын оларды азайту немесе сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру кезінде есептен шығару жазылады.

3390 52 «Мәлімделген, бірақ реттелмеген зиян резерві» (пассив).

Мақсаты: мәлімделген, бірақ реттелмеген зиянның есептелген резервтерінің сомаларын



есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша мәлімделген, бірақ реттелмеген зиянның қалыптастырылған резервтерінің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша мәлімделген, бірақ реттелмеген зиянның қалыптастырылған резервтерінің сомаларын оларды азайту немесе сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру кезінде есептен шығару жазылады.

3390 53 «Тікелей сақтандырушының пайда алушымен тікелей реттеу бойынша есеп айырысуы» (пассив).

Мақсаты: тікелей сақтандырушының пайда алушы алдындағы тікелей реттеу бойынша міндеттемелерінің сомасын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша пайда алушыға тікелей реттеу бойынша өтеу сомасын төлеу бойынша міндеттемелердің сомасы жазылады.

Шот дебеті бойынша пайда алушыға тікелей реттеу бойынша өтеу сомасын төлеу бойынша міндеттемелердің сомасын оларды төлеу кезінде есептен шығару жазылады.

3390 54 «Сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметіне байланысты басқа да кредиторлық берешек» (пассив).

Мақсаты: сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметіне байланысты басқа да кредиторлық берешек сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметіне байланысты басқа да кредиторлық берешек сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметіне байланысты басқа да кредиторлық берешекті оны төлеу кезінде есептен шығару жазылады.

3410 «Қысқа мерзімді кепілдік беру міндеттемелері» (пассив).

Мақсаты: ұйымның жеткізілген тауарлар, орындалған жұмыстар, көрсетілген қызметтер бойынша берген кепілдік міндеттемелері бойынша резервтердің сомаларын және кепілдік мерзімі ішінде ақаулар анықталған жағдайда тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) өтеу құнын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша кепілдік беру міндеттемелері бойынша құрылатын резервтердің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша кепілдік беру міндеттемелері бойынша құрылған резервтердің сомаларын берілген кепілдіктер шегіндегі жұмыстарды орындау бойынша шығыстарға есептен шығару жазылады.

3420 «Шағым-талап жұмысы бойынша қысқа мерзімді міндеттемелер» (пассив).

Мақсаты: қарау мерзімі бір жылға дейінгі сот талаптары бойынша резервтердің және шағым-талап жұмысы бойынша басқа да қысқа мерзімді міндеттемелердің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша қарау мерзімі бір жылға дейінгі сот талаптары бойынша құрылатын резервтердің және шағым-талап жұмысы бойынша басқа да қысқа мерзімді міндеттемелердің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша қарау мерзімі бір жылға дейінгі сот талаптары бойынша құрылатын резервтердің және шағым-талап жұмысы бойынша басқа да қысқа мерзімді міндеттемелердің сомаларын есептен шығару жазылады.

3430 «Қызметкерлерге сыйақылар бойынша қысқа мерзімді бағалау міндеттемелері» (пассив).

Мақсаты: қызметкерлерге ақы төленетін жұмыста болмау нысанындағы қысқа мерзімді сыйақылар төлеуге арналған шығындардың, сондай-ақ пайдаға қатысуға немесе сыйлықақылар төлеуге күтілетін шығындардың және қызметкерлердің сыйақылары бойынша басқа да қысқа мерзімді бағалау міндеттемелерінің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша қызметкерге сыйақылар бойынша бағалау міндеттемелерінің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша қызметкерге сыйақылар бойынша бағалау міндеттемелерінің сомаларын есептен шығару жазылады.

3440 «Басқа да қысқа мерзімді бағалау міндеттемелері» (пассив).

Мақсаты: басқа шоттарда есепке алынбайтын қысқа мерзімді бағалау міндеттемелерінің сомаларын есепке алу.



Шоттың кредиті бойынша басқа шоттарда есепке алынбайтын қысқа мерзімді бағалау міндеттемелерінің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша басқа шоттарда есепке алынбайтын қысқа мерзімді бағалау міндеттемелерінің сомаларын есептен шығару жазылады.

3510 01 «Берілген қарыздар және орналастырылған салымдар бойынша алдын ала сыйақы төлеу» (пассив).

Мақсаты: ұйымның берілген қарыздар және орналастырылған салымдар бойынша алдын ала алған сыйақысының сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша берілген қарыздар және орналастырылған салымдар бойынша алдын ала алған сыйақының сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша берілген қарыздар және орналастырылған салымдар бойынша алдын ала алған сыйақының сомаларын есептеу әдісіне сәйкес есептен шығару жазылады.

3510 41 «Сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметі бойынша алынған аванстар» (пассив).

Мақсаты: сақтанушылар (қайта сақтанушылар) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына алдын ала төлеген сақтандыру сыйлықақыларының сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша сақтанушы (қайта сақтанушы) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына алдын ала төлеген сақтандыру сыйлықақыларының сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша алдын ала төленген сақтандыру сыйлықақыларын есептеу әдісіне сәйкес есептен шығару жазылады.

3520 «Болашақ кезеңдердің кірістері» (пассив).

Мақсаты: ұйымның есепті кезеңде алынған (есептелген), бірақ қысқа мерзімді болашақ есепті кезеңдерге жатқызылатын сомаларын есепке алу: жалдау немесе пәтер ақысы; коммуналдық қызметтер үшін ақы; кінәлі тұлға таныған немесе сот өндіріп алуды ұйғарған тауар-материалдық қорлардың, ақшаның есепті кезеңде анықталған кем шығуы; байланыс құралдарын пайдаланғаны үшін абоненттік ақы; басқа ұқсас кірістер; ұйым тұтастай алғанда мүліктік кешен ретінде сатып алған барлық активтер құнының олардың сатып алу құнынан асуы нәтижесінде туындаған айырманың сомасы.

Шоттың кредиті бойынша болашақ кезеңдер кірістерінің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша болашақ кезеңдер кірістерінің сомаларын есептеу әдісіне сәйкес нақты кірістерге есептен шығару жазылады.

3530 «Сатуға арналған, шығынға жазу тобының міндеттемелері» (пассив).

Мақсаты: сатуға арналған шығынға жазу тобы міндеттемелерінің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша сатуға арналған шығынға жазу тобы міндеттемелерінің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша сатуға арналған шығынға жазу тобы міндеттемелерінің сомаларын есептен шығару жазылады.

3540 «Басқа да қысқа мерзімді міндеттемелер» (пассив).

Мақсаты: басқа да қысқа мерзімді міндеттемелердің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша басқа да қысқа мерзімді міндеттемелердің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша басқа да қысқа мерзімді міндеттемелерді реттеу кезінде олардың сомаларын есептен шығару жазылады.

4010 «Ұзақ мерзімді банктік қарыздар» (пассив).

Мақсаты: өтеу мерзімі бір жылдан көп алынған ұзақ мерзімді банктік қарыздардың сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша ұйым алған ұзақ мерзімді банктік қарыздардың сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша ұйым алынған ұзақ мерзімді банктік қарыздарды өтеген кезде олардың сомаларын есептен шығару жазылады.

4020 «Екінші деңгейдегі банктерді қоспағанда, заңды тұлғалардан алынған ұзақ мерзімді қарыздар» (пассив).

Мақсаты: екінші деңгейдегі банктерді қоспағанда, заңды тұлғалардан алынған өтеу мерзімі бір жылдан көп қарыздардың сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша екінші деңгейдегі банктерді қоспағанда, заңды тұлғалардан алынған ұзақ мерзімді қарыздардың сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша ұйым алынған ұзақ мерзімді қарыздарды өтеген кезде олардың сомаларын есептен шығару жазылады.



4030 01 «Қазақстан Республикасының Үкіметінен алынған ұзақ мерзімді қарыздар» (пассив).
Мақсаты: Қазақстан Республикасының Үкіметінен алынған өтеу мерзімі бір жылдан көп қарыздардың сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметінен алынған ұзақ мерзімді қарыздардың сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша алынған ұзақ мерзімді қарыздарды өтеу кезінде олардың сомаларын есептен шығару жазылады.

4030 02 «Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарынан алынған ұзақ мерзімді қарыздар» (пассив).

Мақсаты: Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарынан алынған өтеу мерзімі бір жылдан көп қарыздардың сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарынан алынған ұзақ мерзімді қарыздардың сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша алынған ұзақ мерзімді қарыздарды ұйымның өтеуі кезінде олардың сомаларын есептен шығару жазылады.

4030 04 «Екінші деңгейдегі банктерден алынған қаржылық жалдау» (пассив).

Мақсаты: ұйым екінші деңгейдегі банктен алған қаржылық жалдау бойынша негізгі борыштың сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша ұйым екінші деңгейдегі банктен алған қаржылық жалдау бойынша негізгі борыштың сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша ұйым қаржылық жалдау бойынша негізгі борышты өтеген кезде оның сомаларын есептен шығару жазылады.

4030 05 «Басқа заңды тұлғалардан алынған қаржылық жалдау» (пассив).

Мақсаты: ұйым басқа заңды тұлғалардан алған қаржылық жалдау бойынша негізгі борыштың сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша ұйым заңды тұлғалардан алған қаржылық жалдау бойынша негізгі борыштың сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша ұйым қаржылық жалдау бойынша негізгі борышты өтеген кезде оның сомаларын есептен шығару жазылады.

4030 07 «Айналысқа шығарылған бағалы қағаздар» (пассив).

Мақсаты: ұйым айналысқа шығарған бағалы қағаздардың номиналдық құнын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша ұйым айналысқа шығарған бағалы қағаздардың номиналдық құны жазылады.

Шоттың дебеті бойынша ұйым айналысқа шығарған бағалы қағаздардың номиналдық құнын ұйым оларды өтеген кезде есептен шығару жазылады.

4030 08 «Айналысқа шығарылған бағалы қағаздар бойынша дисконт» (контрпассив).

Мақсаты: айналысқа шығарылған бағалы қағаздардың номиналдық құнының олардың орналастырылу құнынан асатын сомаларын есепке алу (дисконт).

Шоттың дебеті бойынша айналысқа шығарылған бағалы қағаздардың номиналдық құнының олардың орналастырылу құнынан асатын сомасы жазылады (дисконт).

Шоттың кредиті бойынша айналысқа шығарылған бағалы қағаздар бойынша дисконт амортизациясының сомасы жазылады.

4030 09 «Айналысқа шығарылған бағалы қағаздар бойынша сыйлықақы» (пассив).

Мақсаты: айналысқа шығарылған бағалы қағаздарды орналастыру құнының олардың номиналдық құнынан асатын сомаларын есепке алу (сыйлықақы).

Шоттың кредиті бойынша айналысқа шығарылған бағалы қағаздарды орналастыру құнының олардың номиналдық құнынан асатын сомасы жазылады (сыйлықақы).

Шоттың дебеті бойынша айналысқа шығарылған бағалы қағаздар бойынша сыйлықақы амортизациясының сомасы жазылады.

4030 10 «Сатып алынған бағалы қағаздар» (контрпассив).

Мақсаты: ұйым айналысқа шығарған және ұстаушыларынан сатып алынған бағалы қағаздардың номиналдық құнын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша ұйым айналысқа шығарған және ұстаушыларынан сатып алынған бағалы қағаздардың номиналдық құны жазылады.

Шоттың кредиті бойынша сатып алынған бағалы қағаздарды басқа ұстаушыға сатқан не оларды жойған кезде олардың номиналдық құнын есептен шығару жазылады.

4030 11 «Ұзақ мерзімді алынған қарыздар бойынша сыйлықақы» (пассив).



Мақсаты: нақты алынған ұзақ мерзімді қарыз сомасының (мәміле бойынша шығындарды есепке ала отырып) өтелетін қарыз сомасынан асатын сомаларын (сыйлықақы) есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша нақты алынған ұзақ мерзімді қарыз сомасының (мәміле бойынша шығындарды есепке ала отырып) өтелетін қарыз сомасынан асатын сомасы (сыйлықақы) жазылады.

Шоттың дебеті бойынша ұзақ мерзімді алынған қарыз бойынша сыйлықақы амортизациясының сомасы № 6110 08 баланстық шотпен байланыстыра отырып жазылады.

4030 12 «Ұзақ мерзімді алынған қарыздар бойынша дисконт» (контрпассив).

Мақсаты: өтелетін қарыз сомасының нақты алынған ұзақ мерзімді қарыз сомасынан (мәміле бойынша шығындарды есепке ала отырып) асатын сомаларын (дисконт) есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша өтелетін қарыз сомасының нақты алынған ұзақ мерзімді қарыз сомасынан (мәміле бойынша шығындарды есепке ала отырып) асатын сомасы (дисконт) жазылады.

Шоттың кредиті бойынша ұзақ мерзімді алынған қарыз сомасы бойынша дисконт амортизациясының сомасы № 7310 07 баланстық шотпен байланыстыра отырып жазылады.

4030 13 «Ұлттық басқарушы холдингтен алынған ұзақ мерзімді қарыздар» (пассив).

Мақсаты: ұлттық басқарушы холдингтен бір жылдан астам мерзімге алынған ұзақ мерзімді қарыздардың сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша ұлттық басқарушы холдингтен алынған ұзақ мерзімді қарыздардың сомалары жазылады.

Шоттың дебеті бойынша алынған ұзақ мерзімді қарыздардың оларды өтеу кезіндегі сомаларын есептен шығару жазылады.

4030 96 «Исламдық бағалы қағаздар бойынша резервтік қор» (пассив).

Мақсаты: исламдық бағалы қағаздарды орналастырудан алынған ақшаны инвестициялау нәтижесінде туындайтын шығындарды өтеуге арналған резервтік қордың номиналдық құнын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша исламдық бағалы қағаздарды орналастырудан алынған ақшаны инвестициялау нәтижесінде туындайтын шығындарды өтеу үшін құрылатын резервтік қордың сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша резервтік қордың сомалары жойылған немесе исламдық бағалы қағаздарды ұстаушыларға исламдық бағалы қағаздарды орналастырудан алынған ақшаны инвестициялау нәтижесінде туындаған шығындарды өтеген кезде оларды есептен шығару жазылады.

4110 «Жеткізушілерге және мердігерлерге ұзақ мерзімді кредиторлық берешек» (пассив).

Мақсаты: ұсынылған шотты төлеу уақытына қарамастан, тауар-материалдық қорларды жеткізу немесе қайта өңдеу бойынша шығыстарды қоса алғанда, алынған тауар-материалдық қорлардың және негізгі құрал-жабдықтардың, қабылданған жұмыстар мен алынған қызметтердің құнын төлеу бойынша жеткізушілер мен мердігерлер алдындағы ұзақ мерзімді кредиторлық берешектің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша ұсынылған шоттың төлену уақытына қарамастан, тауар-материалдық қорларды жеткізу немесе қайта өңдеу бойынша шығыстарды қоса алғанда, жеткізуші мен мердігер алдындағы алынған тауар-материалдық қорлардың және негізгі құрал-жабдықтардың, қабылданған жұмыстар мен алынған қызметтердің құнын төлеу бойынша ұзақ мерзімді кредиторлық берешектің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша ұсынылған шоттың төлену уақытына қарамастан, тауар-материалдық қорларды жеткізу немесе қайта өңдеу бойынша шығыстарды қоса алғанда, алынған тауар-материалдық қорлардың және негізгі құрал-жабдықтардың, қабылданған жұмыстар мен алынған қызметтердің құнын төлеу кезінде жеткізуші мен мердігер алдындағы ұзақ мерзімді кредиторлық берешектің сомаларын есептен шығару жазылады.

4120 «Еншілес ұйымдарға ұзақ мерзімді кредиторлық берешек» (пассив).

Мақсаты: мерзімі бір жылдан астам сатып алынған активтер және алынған қызметтер үшін еншілес ұйымдар алдындағы ұзақ мерзімді кредиторлық берешектің сомаларын есепке алу және еншілес ұйымдарға басқа да қысқа мерзімді кредиторлық берешек.

Шоттың кредиті бойынша мерзімі бір жылдан астам сатып алынған активтер және алынған қызметтер үшін еншілес ұйымдар алдындағы ұзақ мерзімді кредиторлық берешегінің сомасы және еншілес ұйымдарға басқа да қысқа мерзімді кредиторлық берешек жазылады.



Шоттың дебеті бойынша мерзімі бір жылдан жоғары сатып алынған активтер және алынған қызметтер үшін еншілес ұйымдар алдындағы ұзақ мерзімді кредиторлық берешегінің сомаларын және еншілес ұйымдарға басқа да қысқа мерзімді кредиторлық берешекті есептен шығару жазылады.

4130 «Қауымдасқан және бірлескен ұйымдарға ұзақ мерзімді кредиторлық берешек» (пассив).

Мақсаты: мерзімі бір жылдан жоғары сатып алынған активтер және алынған қызметтер үшін қауымдасқан және бірлескен ұйымдар алдындағы ұзақ мерзімді кредиторлық берешектің сомаларын және қауымдасқан және бірлескен ұйымдарға басқа да қысқа мерзімді кредиторлық берешекті есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша мерзімі бір жылдан жоғары сатып алынған активтер және алынған қызметтер үшін қауымдасқан және бірлескен ұйымдар алдындағы ұзақ мерзімді кредиторлық берешектің сомасы және қауымдасқан және бірлескен ұйымдарға басқа да қысқа мерзімді кредиторлық берешек жазылады.

Шоттың дебеті бойынша мерзімі бір жылдан жоғары сатып алынған активтер және алынған қызметтер үшін еншілес ұйымдар алдындағы ұзақ мерзімді кредиторлық берешектің сомаларын және еншілес ұйымдарға басқа да қысқа мерзімді кредиторлық берешекті есептен шығару жазылады.

4140 «Филиалдарға және құрылымдық бөлімшелерге ұзақ мерзімді кредиторлық берешек» (пассив).

Мақсаты: ақша қаражатын филиалдардың және құрылымдық бөлімшелердің шоттарына есептен шығару бойынша түсімдердің сомаларын және филиалдар мен құрылымдық бөлімшелерге басқа да ұзақ мерзімді кредиторлық берешекті есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша филиал және құрылымдық бөлімше алдындағы ұзақ мерзімді кредиторлық берешектің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша филиал және құрылымдық бөлімше алдындағы ұзақ мерзімді кредиторлық берешектің сомаларын есептен шығару жазылады.

4150 «Жалдау бойынша ұзақ мерзімді берешек» (пассив).

Мақсаты: жалдау бойынша ұзақ мерзімді берешектің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша жалдау бойынша ұзақ мерзімді берешектің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша жалдау бойынша ұзақ мерзімді берешектің сомаларын есептен шығару жазылады.

4160 01 «Айналысқа шығарылған бағалы қағаздар бойынша сыйақы түрінде есептелген шығыстар» (пассив).

Мақсаты: ұйым айналысқа шығарған бағалы қағаздар бойынша сыйақы түрінде есептелген шығыстардың сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша ұйым айналысқа шығарған бағалы қағаз бойынша сыйақы түрінде есептелген шығыстардың сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша ұйым айналысқа шығарған бағалы қағаздар бойынша сыйақы түрінде есептелген шығыстарды төлеген кезде олардың сомаларын есептен шығару жазылады.

4170 01 «Фьючерс мәмілесі бойынша міндеттемелер» (пассив).

Мақсаты: фьючерс мәмілесі бойынша ұзақ мерзімді міндеттемелердің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша фьючерс мәмілесін жасау нәтижесінде туындаған міндеттемелердің сомалары, сондай-ақ теріс қайта бағалау сомалары жазылады.

Шоттың дебеті бойынша туындаған міндеттемелердің сомалары оларды контрәріптеске төлеген немесе фьючерс мәмілесін жою кезінде, сондай-ақ оң қайта бағалау сомалары есептен шығарылады.

4170 02 «Форвард мәмілесі бойынша міндеттемелер» (пассив).

Мақсаты: форвард мәмілесі бойынша ұзақ мерзімді міндеттемелердің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша форвард мәмілесін жасау нәтижесінде туындаған міндеттемелердің сомалары жазылады.

Шоттың дебеті бойынша туындаған міндеттемелердің сомалары оларды контрәріптеске төлеген немесе форвард мәмілесін жою кезінде, сондай-ақ оң қайта бағалау сомалары есептен шығарылады.



4170 03 «Опцион мәмілесі бойынша міндеттемелер» (пассив).

Мақсаты: опцион мәмілесі бойынша ұзақ мерзімді міндеттемелердің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша опцион мәмілесін жасау нәтижесінде туындаған міндеттемелердің сомалары, сондай-ақ теріс қайта бағалау сомалары жазылады.

Шоттың дебеті бойынша туындаған міндеттемелердің сомалары оларды контрәріптеске төлеген немесе опцион мәмілесін жою кезінде, сондай-ақ оң қайта бағалау сомалары есептен шығарылады.

4170 04 «Своп мәмілесі бойынша міндеттемелер» (пассив).

Мақсаты: своп мәмілесі бойынша ұзақ мерзімді міндеттемелердің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша своп мәмілесін жасау нәтижесінде туындаған міндеттемелердің сомалары, сондай-ақ теріс қайта бағалау сомалары жазылады.

Шоттың дебеті бойынша туындаған міндеттемелердің сомалары оларды контрәріптеске төлеген немесе своп мәмілесін жою кезінде, сондай-ақ оң қайта бағалау сомалары есептен шығарылады.

4170 05 «Басқа да туынды қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша міндеттемелер» (пассив).

Мақсаты: басқа да туынды қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша ұзақ мерзімді міндеттемелердің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша басқа да туынды қаржы құралдарымен мәмілелерді жасау нәтижесінде туындаған міндеттемелердің сомалары, сондай-ақ теріс қайта бағалау сомалары жазылады.

Шоттың дебеті бойынша туындаған міндеттемелердің сомалары оларды контрәріптеске төлеген немесе басқа да туынды қаржы құралдарымен мәмілелерді жою кезінде, сондай-ақ оң қайта бағалау сомалары есептен шығарылады.

4210 «Ұзақ мерзімді кепілдік міндеттемелер» (пассив).

Мақсаты: ұйым жеткізілген тауарлар, орындалған жұмыстар, көрсетілген қызметтер бойынша берген ұзақ мерзімді кепілдік міндеттемелер бойынша резервтердің сомаларын және кепілдік мерзімі кезінде ақаулар анықталған жағдайда тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) өтеу құнын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша ұзақ мерзімді кепілдік міндеттемелер бойынша құрылатын резервтердің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша ұзақ мерзімді кепілдік міндеттемелер бойынша құрылатын резервтердің сомаларын берілген кепілдіктер мерзімі шегіндегі шығыстарға есептен шығару жазылады.

4220 «Шағым-талап жұмысы бойынша ұзақ мерзімді бағалау міндеттемелері» (пассив).

Мақсаты: қарау мерзімі бір жылдан көп сот талаптары бойынша резервтердің және шағым-талап жұмысы бойынша басқа да ұзақ мерзімді міндеттемелердің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша қарау мерзімі бір жылдан көп сот талаптары бойынша құрылатын резервтердің және шағым-талап жұмысы бойынша басқа да ұзақ мерзімді міндеттемелердің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша қарау мерзімі бір жылдан астам уақытта аяқталатын сот талаптары бойынша құрылатын резервтердің және талап-шағым жұмысы бойынша басқа да ұзақ мерзімді міндеттемелердің сомаларын есептен шығару жазылады.

4230 «Қызметкерлерге сыйақылар бойынша ұзақ мерзімді бағалау міндеттемелері» (пассив).

Мақсаты: қызметкерлердің сыйақылары бойынша ұзақ мерзімді бағалау міндеттемелерінің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша қызметкерге сыйақылар бойынша ұзақ мерзімді бағалау міндеттемелерінің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша қызметкерге сыйақылар бойынша ұзақ мерзімді бағалау міндеттемелерінің сомаларын есептен шығару жазылады.

4240 «Басқа да ұзақ мерзімді бағалау міндеттемелері» (пассив).

Мақсаты: басқа шоттарда есепке алынбайтын ұзақ мерзімді бағалау міндеттемелерінің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша басқа шоттарда есепке алынбайтын ұзақ мерзімді бағалау міндеттемелерінің сомасы жазылады.



Шоттың дебеті бойынша басқа шоттарда есепке алынбайтын ұзақ мерзімді бағалау міндеттемелерінің сомаларын есептен шығару жазылады.

4310 «Корпоративтік табыс салығы бойынша кейінге қалдырылған салық міндеттемелері» (пассив).

Мақсаты: бухгалтерлік және салық есебі арасындағы алшақтықтар нәтижесінде туындайтын уақытша айырманың сомасынан белгіленетін корпоративтік табыс салығы бойынша кейінге қалдырылған салық міндеттемелерінің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша корпоративтік табыс салығы бойынша кейінге қалдырылған салық міндеттемелерінің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша корпоративтік табыс салығы бойынша кейінге қалдырылған салық міндеттемелерінің сомалары № 7710 шотымен байланыстыра отырып түзетілген кезде есептен шығаруға жазылады.

4410 «Алынған ұзақ мерзімді аванстар» (пассив).

Мақсаты: тауарлар, шикізат, материалдар, қызмет көрсету жеткізе отырып, сондай-ақ тапсырыс берушілер үшін ішінара дайындықпен жасалған өнімге ақы төлеу бойынша алынған ұзақ мерзімді аванстардың және алынған басқа да ұзақ мерзімді аванстардың сомаларын есепке алу.

7330 «Қаржы құралдарының әділ құнының өзгеруінен болған шығыстар».

Мақсаты: қаржы құралдарының әділ құнының өзгеруі нәтижесінде ұйым келтірген шығыстардың сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша қаржы құралдарының әділ құнының өзгеруі нәтижесінде ұйым келтірген шығыстардың сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша шығыстардың сомаларын № 5610 баланстық шотына есептен шығару жазылады.

7340 «Қаржыландыруға арналған басқа да шығыстар».

Мақсаты: қаржыландыруға арналған шығыстардың сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша қаржыландыру үшін ұйым келтірген шығыстардың сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша қаржыландыру үшін келтірілген шығыстардың сомаларын есептен шығару жазылады.

7410 «Активтерді шығынға жазу бойынша шығыстар».

Мақсаты: активтерді шығынға жазуға байланысты шығыстардың сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша активтерді шығынға жазуға байланысты шығыстардың сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша келтірілген шығыстардың сомаларын № 5610 баланстық шотына есептен шығару жазылады.

7420 «Активтердің құнсыздануынан болған шығыстар».

Мақсаты: активтердің құнсыздануынан болған шығыстардың сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша активтің құнын азайту кезінде құнсызданудан болған шығыстардың сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша құнсызданудан болған шығыстарды № 5610 баланстық шотына есептен шығару жазылады.

7430 01 «Шетел валютасын қайта бағалаудан болған іске асырылмаған шығыстар».

Мақсаты: шетел валютасын қайта бағалаудың (бағамдық айырманың) нәтижесінде ұйым келтірген іске асырылмаған шығыстардың сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша шетел валютасын қайта бағалаудың (бағамдық айырманың) нәтижесінде ұйым келтірген іске асырылмаған шығыстардың сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша іске асырылмаған шығыстардың сомаларын № 5610 баланстық шотына есептен шығару жазылады.

7430 02 «Шетел валютасын қайта бағалаудан болған іске асырылған шығыстар».

Мақсаты: шетел валютасын қайта бағалаудың (бағамдық айырманың) нәтижесінде ұйым келтірген іске асырылған шығыстардың сомаларын есепке алу.



Шоттың дебеті бойынша шетел валютасын қайта бағалаудың (бағамдық айырманың) нәтижесінде ұйым келтірген іске асырылған шығыстардың сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша келтірілген шығыстар сомаларын № 5610 баланстық шотына есептен шығару жазылады.

7440 01 «Сату үшін қолда бар және өтеуге дейін ұсталатын бағалы қағаздар бойынша резервтерді (провизияларды) қалыптастыру бойынша шығыстар».

Мақсаты: сату үшін қолда бар және өтеуге дейін ұсталатын бағалы қағаздар бойынша резервтерді (провизияларды) қалыптастыру бойынша шығыстардың сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша бағалы қағаздар бойынша резервтерді (провизияларды) қалыптастыру бойынша шығыстардың сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша келтірілген шығыстардың сомаларын № 5610 баланстық шотына есептен шығару жазылады.

7440 02 «Орналастырылған салымдар бойынша резервтерді (провизияларды) қалыптастыру бойынша шығыстар».

Мақсаты: ұйым орналастырған салымдар бойынша резервтерді (провизияларды) қалыптастыру бойынша шығыстардың сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша ұйым орналастырған салымдар бойынша резервтерді (провизияларды) қалыптастыру бойынша шығыстардың сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша келтірілген шығыстардың сомаларын № 5610 баланстық шотына есептен шығару жазылады.

7440 03 «Басқа да дебиторлық берешек бойынша резервтерді (провизияларды) қалыптастыру бойынша шығыстар».

Мақсаты: ұйымның басқа да дебиторлық берешегі бойынша резервтерді (провизияларды) қалыптастыру бойынша шығыстардың сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша ұйымның басқа да дебиторлық берешегі бойынша резервтерді (провизияларды) қалыптастыру бойынша шығыстардың сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша келтірілген шығыстардың сомаларын № 5610 баланстық шотына есептен шығару жазылады.

7440 21 «Берілген қарыздар бойынша резервтерді (провизияларды) қалыптастыру бойынша шығыстар».

Мақсаты: ұйым берген қарыздар бойынша резервтерді (провизияларды) қалыптастыру бойынша шығыстардың сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша ұйым берген қарыздар бойынша резервтерді (провизияларды) қалыптастыру бойынша шығыстардың сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша келтірілген шығыстардың сомаларын № 5610 баланстық шотына есептен шығару жазылады.

7440 22 «Берілген қаржылық жалдау бойынша резервтерді (провизияларды) қалыптастыру бойынша шығыстар».

Мақсаты: ұйым берген қаржылық жалдау бойынша резервтерді (провизияларды) қалыптастыру бойынша шығыстардың сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша ұйым берген қаржылық жалдау бойынша резервтерді (провизияларды) қалыптастыру бойынша шығыстардың сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша келтірілген шығыстардың сомаларын № 5610 баланстық шотына есептен шығару жазылады.

7440 23 «Шартты міндеттемелер бойынша резервтерді (провизияларды) қалыптастыру бойынша шығыстар».

Мақсаты: ұйымның шартты міндеттемелері бойынша резервтерді (провизияларды) қалыптастыру бойынша шығыстардың сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша ұйымның шартты міндеттемелері бойынша резервтерді (провизияларды) қалыптастыру бойынша шығыстардың сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша келтірілген шығыстардың сомаларын № 5610 баланстық шотына есептен шығару жазылады.

7440 41 «Еңбек сіңірілмеген сыйлықақы резервін қалыптастыру бойынша шығыстар».

Мақсаты: еңбек сіңірілмеген сыйлықақы резервін қалыптастыру бойынша шығыстардың сомаларын есепке алу.



Шоттың дебеті бойынша еңбек сіңірілмеген сыйлықақы резервін қалыптастыру бойынша шығыстардың сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша еңбек сіңірілмеген резервтің сомаларын азайту немесе келтірілген шығыстардың сомаларын № 5610 баланстық шотына есептен шығару жазылады.

7440 42 «Болған, бірақ мәлімделмеген зиян резервін қалыптастыру бойынша шығыстар».

Мақсаты: болған, бірақ мәлімделмеген зиян резервтерін қалыптастыру бойынша шығыстардың сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша болған, бірақ мәлімделмеген зиян резервін қалыптастыру бойынша шығыстардың сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша болған, бірақ мәлімделмеген зиян резервін азайту немесе келтірілген шығыстардың сомаларын № 5610 баланстық шотына есептен шығару жазылады.

7440 43 «Өмірді сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша болмаған зиян резервін қалыптастыру бойынша шығыстар».

Мақсаты: өмірді сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша болмаған зиян резервтерін қалыптастыру бойынша шығыстардың сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша өмірді сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша болмаған зиян резервін қалыптастыру бойынша шығыстардың сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша болмаған зиян резервін азайту немесе келтірілген шығыстардың сомаларын № 5610 баланстық шотына есептен шығару жазылады.

7440 44 «Аннуитет шарттары бойынша болмаған зиян резервін қалыптастыру бойынша шығыстар».

Мақсаты: аннуитет шарттары бойынша болмаған зиян резервтерін қалыптастыру бойынша шығыстардың сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша аннуитет шарттары бойынша болмаған зияндар резервін қалыптастыру бойынша шығыстардың сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша аннуитет шарттары бойынша болмаған зиян резервін азайту немесе келтірілген шығыстардың сомаларын № 5610 баланстық шотына есептен шығару жазылады.

7440 45 «Мәлімделген, бірақ реттелмеген зиян резервін қалыптастыру бойынша шығыстар».

Мақсаты: мәлімделген, бірақ реттелмеген зияндар резервтерін қалыптастыру бойынша шығыстардың сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша мәлімделген, бірақ реттелмеген зиян резервін қалыптастыру бойынша шығыстардың сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша мәлімделген, бірақ реттелмеген зиян резервін азайту немесе келтірілген шығыстардың сомаларын № 5610 баланстық шотына есептен шығару жазылады.

7440 47 «Қайта сақтандыру активтері бойынша резервтерді (провизияларды) қалыптастыру бойынша шығыстар».

Мақсаты: қайта сақтандыру активтері бойынша резервтерді (провизияларды) қалыптастыру бойынша шығыстардың сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша Қайта сақтандыру активтері бойынша резервтерді (провизияларды) қалыптастыру бойынша шығыстардың сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша келтірілген шығыстардың сомаларын № 5610 баланстық шотына есептен шығару жазылады.

7440 48 «Еңбек сіңірілмеген сыйлықақылар резерві бойынша қайта сақтандыру активтерін төмендетуден болған шығыстар».

Мақсаты: еңбек сіңірілмеген сыйлықақылар резерві бойынша қайта сақтандыру активтерін азайтуға байланысты шығыстардың сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша еңбек сіңірілмеген сыйлықақылар резерві бойынша қайта сақтандыру активтерін азайтуға байланысты шығыстардың сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша шығыстардың сомаларын № 5610 баланстық шотқа есептен шығару жазылады.

7440 49 «Болған, бірақ мәлімделмеген зиян резерві бойынша қайта сақтандыру активтерін төмендетуден болған шығыстар».

Мақсаты: болған, бірақ мәлімделмеген зиян резерві бойынша қайта сақтандыру активтерін азайтуға байланысты шығыстардың сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша болған, бірақ мәлімделмеген зиян резерві бойынша қайта сақтандыру активтерін азайтуға байланысты шығыстардың сомасы жазылады.



Шоттың кредиті бойынша шығыстардың сомаларын № 5610 баланстық шотқа есептен шығару жазылады.

7440 50 «Өмірді сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша болмаған зиян резерві бойынша қайта сақтандыру активтерін төмендетуден болған шығыстар».

Мақсаты: өмірді сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша болмаған зиян резерві бойынша қайта сақтандыру активтерін азайтуға байланысты шығыстар сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша өмірді сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша болмаған зиян резерві бойынша қайта сақтандыру активтерін азайтуға байланысты шығыстар сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша шығыстар сомаларын № 5610 баланстық шотқа есептен шығару жазылады.

7440 51 «Мәлімделген, бірақ реттелмеген зиян резерві бойынша қайта сақтандыру активтерін төмендетуден шығыстар».

Мақсаты: мәлімделген, бірақ реттелмеген зиян резерві бойынша қайта сақтандыру активтерін азайтуға байланысты шығыстардың сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша мәлімделген, бірақ реттелмеген зиян резерві бойынша қайта сақтандыру активтерін азайтуға байланысты шығыстардың сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша шығыстардың сомаларын № 5610 баланстық шотқа есептен шығару жазылады.

7440 52 «Аннуитет шарттары бойынша болмаған зиян резерві бойынша қайта сақтандыру активтерін төмендетуден болған шығыстар».

Мақсаты: аннуитет шарттары бойынша болмаған зиян резерві бойынша қайта сақтандыру активтерін азайтуға байланысты шығыстар сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша аннуитет шарттары бойынша болмаған зиян резерві бойынша қайта сақтандыру активтерін азайтуға байланысты шығыстар сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша шығыстар сомаларын № 5610 баланстық шотқа есептен шығару жазылады.

7440 91 «Исламдық бағалы қағаздар бойынша резервтік қорды қалыптастыру бойынша шығыстар».

Мақсаты: исламдық бағалы қағаздарды орналастырудан алынған ақшаны инвестициялау нәтижесінде туындайтын шығындарды жабуға арналған резервтік қорды қалыптастыру бойынша шығыстардың сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша исламдық бағалы қағаздарды орналастырудан алынған ақшаны инвестициялау нәтижесінде туындайтын шығындарды жабуға арналған резервтік қорды қалыптастыру бойынша шығыстардың сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша болған шығыстардың сомаларын № 5610 баланстық шотқа есептен шығару жазылады.

7450 «Операциялық жалдау бойынша шығыстар».

Мақсаты: операциялық жалдау үшін жалдау құнына байланысты шығыстардың сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша операциялық жалдау үшін жалдау құнына байланысты шығыстардың сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша операциялық жалдау бойынша келтірілген шығыстардың сомаларын есептен шығару жазылады.

7470 01 «Тазартылған бағалы металдарды сатып алу-сату бойынша шығыстар».

Мақсаты: ұйымның тазартылған бағалы металдарды сатып алу-сатуға байланысты шығыстарының сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша ұйымның тазартылған бағалы металдарды сатып алу-сатуға байланысты шығыстарының сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша келтірілген шығыстардың сомаларын № 5610 баланстық шотына есептен шығару жазылады.

7470 02 «Шетел валютасын сатып алу-сату бойынша шығыстар».

Мақсаты: ұйымның шетел валютасын сатып алу-сатуға байланысты шығыстарының сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша ұйымның шетел валютасын сатып алу-сатуға байланысты шығыстарының сомасы жазылады.



Шоттың кредиті бойынша келтірілген шығыстардың сомаларын № 5610 баланстық шотына есептен шығару жазылады.

7470 03 «Өзгеруі пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын бағалы қағаздар құнының өзгеруінен болған іске асырылмаған шығыстар».

Мақсаты: пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын бағалы қағаздар құнының өзгеруі нәтижесінде ұйым келтірген іске асырылмаған шығыстардың сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын бағалы қағаздар құнының өзгеруі нәтижесінде ұйым келтірген іске асырылмаған шығыстардың сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша пайда немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын бағалы қағаздар құнының өзгеруі нәтижесінде ұйым келтірген іске асырылмаған шығыстардың сомаларын есептен шығару жазылады.

7470 04 «Тазартылған бағалы металдарды да қайта бағалаудан болған, іске асырылмаған шығыстар».

Мақсаты: бағалы металдарды қайта бағалаудың нәтижесінде ұйым алған іске асырылмаған шығыстардың сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша бағалы металдарды қайта бағалаудың нәтижесінде ұйым алған іске асырылмаған шығыстардың сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша іске асырылмаған шығыстардың сомаларын есептен шығару жазылады.

7470 05 «Басқа да қайта бағалаудан болған іске асырылмаған шығыстар».

Мақсаты: басқа да активтерді қайта бағалаудың нәтижесінде ұйым алған іске асырылмаған шығыстардың сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша басқа да активтерді қайта бағалаудың нәтижесінде ұйым алған іске асырылмаған шығыстардың сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша іске асырылмаған шығыстардың сомаларын есептен шығару жазылады.

7470 06 «Өзгеруі пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын және сату үшін қолда бар бағалы қағаздар құнының өзгеруінен болған іске асырылған шығыстар».

Мақсаты: өзгеруі пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын және сату үшін қолда бар бағалы қағаздар құнының өзгеруі нәтижесінде іске асырылған шығыстардың сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша берілген бағалы қағаздардың деректерін теңгерімінен шығарған кезде өзгеруі пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын және сату үшін қолда бар бағалы қағаздар құнының өзгеруі нәтижесінде іске асырылған шығыстардың сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша келтірілген шығыстардың сомаларын № 5610 баланстық шотына есептен шығару жазылады.

7470 07 «Тазартылған бағалы металдарды қайта бағалаудан болған іске асырылған шығыстар».

Мақсаты: бағалы металдарды қайта бағалаудың нәтижесінде ұйым алған шығыстардың сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша бағалы металдарды баланстан есептен шығару кезінде бағалы металдарды қайта бағалаудан болған іске асырылған шығыстардың сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша келтірілген шығыстардың сомаларын № 5610 баланстық шотына есептен шығару жазылады.

7470 08 «Басқа да қайта бағалаудан болған іске асырылған шығыстар».

Мақсаты: басқа да активтерді теріс қайта бағалаудың нәтижесінде алынған ұйымның іске асырылған шығыстарының сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша басқа да активтерді теріс қайта бағалаудың нәтижесінде алынған ұйымның іске асырылған шығыстардың сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша келтірілген шығыстардың сомаларын № 5610 баланстық шотына есептен шығару жазылады.



7470 09 «Басқа да шығыстар».

Мақсаты: ұйымның қаржылық және қаржылық емес қызметте басқа да операцияларды жүзеге асыруына байланысты, басқа баланстық шоттар бойынша жазуға болмайтын шығыстарының сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша ұйымның басқа да шығыстарының сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша келтірілген шығыстардың сомаларын № 5610 баланстық шотына есептен шығару жазылады.

7470 10 «Бағалы қағаздарды сатып алу-сатудан болған шығыстар».

Мақсаты: бағалы қағаздарды сатып алу-сатудан болған шығыстардың сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша бағалы қағаздарды сатып алу-сатудан болған шығыстардың сомалары жазылады.

Шоттың кредиті бойынша келтірілген шығыстардың сомаларын № 5610 баланстық шотына есептен шығару жазылады.

7470 40 «Сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметіне байланысты шығыстар».

Мақсаты: сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметіне байланысты шығыстардың сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметіне байланысты шығыстардың сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметіне байланысты келтірілген шығыстардың сомаларын № 5610 баланстық шотына есептен шығару жазылады.

7470 41 «Сақтандыру бойынша сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру бойынша шығыстар».

Мақсаты: сақтандыру ұйымының сақтандыру шарты бойынша сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру төлемдері түріндегі шығыстарының сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша сақтандыру ұйымының сақтандыру шарты бойынша сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру төлемдері түріндегі шығыстарының сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша келтірілген шығыстардың сомаларын № 5610 баланстық шотына есептен шығару жазылады.

7470 42 «Қайта сақтандыру бойынша сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру бойынша шығыстар».

Мақсаты: қайта сақтандыру ұйымының сақтандыру шарты бойынша сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру төлемдері түріндегі шығыстарының сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша қайта сақтандыру ұйымының сақтандыру шарты бойынша сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру төлемдері түріндегі шығыстарының сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша келтірілген шығыстардың сомаларын № 5610 баланстық шотына есептен шығару жазылады.

7470 43 «Талаптарды реттеу бойынша шығыстар».

Мақсаты: сақтандыру ұйымының сақтандыру жағдайлары бойынша сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға тікелей байланысы жоқ шығыстарының сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша сақтандыру ұйымының сақтандыру жағдайлары бойынша сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға тікелей байланысы жоқ шығыстарының сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша келтірілген шығыстардың сомаларын № 5610 баланстық шотына есептен шығару жазылады.

7470 44 «Қайта сақтандырушыға регресстік талап бойынша өтеу бойынша шығыстар».

Мақсаты: сақтандыру ұйымының қайта сақтандырушыға регресстік талап бойынша өтеуге байланысты шығыстарының сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша сақтандыру ұйымының қайта сақтандырушыға регресстік талап бойынша өтеуге байланысты шығыстарының сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша келтірілген шығыстардың сомаларын № 5610 баланстық шотына есептен шығару жазылады.

7470 45 «Қайта сақтандыру бойынша комиссиялық сыйақы төлеу бойынша шығыстар».

Мақсаты: қайта сақтандырушыға қайта сақтандыру шарты бойынша сыйақы төлеуге байланысты шығыстардың сомаларын есепке алу.



Шоттың дебеті бойынша қайта сақтандырушыға қайта сақтандыру шарты бойынша сыйақы төлеуге байланысты шығыстардың сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша келтірілген шығыстардың сомаларын № 5610 баланстық шотына есептен шығару жазылады.

7470 46 «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қорына міндетті жарналар төлеу бойынша шығыстар».

Мақсаты: қатысу шартына сәйкес Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қорына міндетті жарналар төлеуге байланысты шығыстардың сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша қатысу шартына сәйкес Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қорына міндетті жарналар төлеуге байланысты шығыстардың сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша келтірілген шығыстардың сомаларын № 5610 баланстық шотына есептен шығару жазылады.

7470 47 «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қорына төтенше жарналар төлеу бойынша шығыстар».

Мақсаты: қатысу шартына сәйкес Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қорына төтенше жарналар төлеуге байланысты шығыстардың сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша қатысу шартына сәйкес Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қорына төтенше жарналар төлеуге байланысты шығыстардың сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша келтірілген шығыстардың сомаларын № 5610 баланстық шотына есептен шығару жазылады.

7470 48 «Сақтандыру брокерлері көрсеткен қызмет үшін ақы төлеу бойынша шығыстар».

Мақсаты: сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының сақтандыру брокерлері көрсеткен қызмет үшін ақы төлеуге байланысты шығыстарының сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының сақтандыру брокерлері көрсеткен қызмет үшін ақы төлеуге байланысты шығыстарының сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша келтірілген шығыстардың сомаларын № 5610 баланстық шотына есептен шығару жазылады.

7470 49 «Актуарийлер көрсеткен қызмет үшін ақы төлеу бойынша шығыстар».

Мақсаты: сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының актуарийлер көрсеткен қызмет үшін ақы төлеу бойынша шығыстарының сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының актуарийлер көрсеткен қызмет үшін ақы төлеуге байланысты шығыстарының сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша келтірілген шығыстардың сомаларын № 5610 баланстық шотына есептен шығару жазылады.

7470 50 «Басқа да шығыстар».

Мақсаты: сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметі бойынша басқа да операцияларды жүзеге асыруына байланысты басқа да шығыстардың сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметі бойынша басқа да операцияларды жүзеге асыруына байланысты басқа да шығыстардың сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша келтірілген шығыстардың сомаларын № 5610 баланстық шотына есептен шығару жазылады.

7470 81 «Қор биржасы көрсеткен қызмет үшін комиссиялық шығыстар».

Мақсаты: ұйымның қор биржасы көрсеткен қызмет үшін комиссиялық шығыстарының сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша ұйымның қор биржасы көрсеткен қызмет үшін комиссиялық шығыстарының сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша келтірілген шығыстардың сомаларын № 5610 баланстық шотына есептен шығару жазылады.

7470 82 «Брокерлік және дилерлік қызмет бойынша көрсетілген қызмет үшін комиссиялық шығыстар».

Мақсаты: ұйымның брокерлік және дилерлік қызмет (бағалы қағаздарды, шетел валютасын сатып алу-сату және тағы сондайлар) бойынша көрсетілген қызмет үшін комиссиялық шығыстарының сомаларын есепке алу.



Шоттың дебеті бойынша ұйымның брокерлік және дилерлік қызмет (бағалы қағаздарды, шетел валютасын сатып алу-сату және тағы сондайлар) бойынша көрсетілген қызмет үшін комиссиялық шығыстарының сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша келтірілген шығыстардың сомаларын № 5610 баланстық шотына есептен шығару жазылады.

7470 83 «Кастодиандық қызмет бойынша көрсетілген қызмет үшін комиссиялық шығыстар».

Мақсаты: ұйымның кастодиандық қызмет бойынша көрсетілген қызмет үшін комиссиялық шығыстарының сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша кастодиандық қызмет бойынша көрсетілген қызмет үшін комиссиялық шығыстарының сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша келтірілген шығыстардың сомаларын № 5610 баланстық шотына есептен шығару жазылады.

7470 84 «Бағалы қағаздар нарығының өзге де кәсіби қатысушыларының комиссиялық шығыстары».

Мақсаты: ұйымның бағалы қағаздар нарығының өзге де кәсіби қатысушыларының көрсетілген қызмет үшін комиссиялық шығыстарының сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша ұйымның бағалы қағаздар нарығының өзге де кәсіби қатысушыларының көрсетілген қызмет үшін комиссиялық шығыстарының сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша келтірілген шығыстардың сомаларын № 5610 баланстық шотына есептен шығару жазылады.

7480 01 «Фьючерс мәмілесін қайта бағалаудан болған іске асырылмаған шығыс».

Мақсаты: фьючерс мәмілесін қайта бағалаудан болған іске асырылмаған шығыстың сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша фьючерс мәмілесін қайта бағалаудан болған іске асырылмаған шығыстың сомалары жазылады.

Шоттың кредиті бойынша келтірілген шығыстардың сомаларын № 5610 баланстық шотына есептен шығару жазылады.

7480 02 «Бағалы қағаздар бойынша форвард мәмілесін қайта бағалаудан болған іске асырылмаған шығыс».

Мақсаты: бағалы қағаздар бойынша форвард мәмілесін қайта бағалаудан болған іске асырылмаған шығыстың сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша бағалы қағаздар бойынша форвард мәмілесін қайта бағалаудан болған іске асырылмаған шығыстың сомалары жазылады.

Шоттың кредиті бойынша келтірілген шығыстардың сомаларын № 5610 баланстық шотына есептен шығару жазылады.

7480 03 «Шетел валютасы бойынша форвард мәмілесін қайта бағалаудан болған іске асырылмаған шығыс».

Мақсаты: шетел валютасы бойынша форвард мәмілесін қайта бағалаудан болған іске асырылмаған шығыстың сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша шетел валютасы бойынша форвард мәмілесін қайта бағалаудан болған іске асырылмаған шығыстың сомалары жазылады.

Шоттың кредиті бойынша келтірілген шығыстардың сомаларын № 5610 баланстық шотына есептен шығару жазылады.

7480 04 «Тазартылған бағалы металдар бойынша форвард мәмілесін қайта бағалаудан болған іске асырылмаған шығыс».

Мақсаты: тазартылған бағалы металдар бойынша форвард мәмілесін қайта бағалаудан болған іске асырылмаған шығыстың сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша тазартылған бағалы металдар бойынша форвард мәмілесін қайта бағалаудан болған іске асырылмаған шығыстың сомалары жазылады.

Шоттың кредиті бойынша келтірілген шығыстардың сомаларын № 5610 баланстық шотына есептен шығару жазылады.

7480 05 «Опцион мәмілесін қайта бағалаудан болған іске асырылмаған шығыс».

Мақсаты: опцион мәмілесін қайта бағалаудан болған іске асырылмаған шығыстың сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша опцион мәмілесін қайта бағалаудан болған іске асырылмаған шығыстың сомалары жазылады.



Шоттың кредиті бойынша келтірілген шығыстардың сомаларын № 5610 баланстық шотына есептен шығару жазылады.

7480 07 «Своп мәмілесін қайта бағалаудан болған іске асырылмаған шығыс».

Мақсаты: своп мәмілесін қайта бағалаудан болған іске асырылмаған шығыстың сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша своп мәмілесін қайта бағалаудан болған іске асырылмаған шығыстың сомалары жазылады.

Шоттың кредиті бойынша келтірілген шығыстардың сомаларын № 5610 баланстық шотына есептен шығару жазылады.

7480 08 «Басқа да туынды қаржы құралдарымен мәмілелерді қайта бағалаудан болған іске асырылмаған шығыс».

Мақсаты: басқа да туынды қаржы құралдарымен мәмілелерді қайта бағалаудан болған іске асырылмаған шығыстың сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша басқа да туынды қаржы құралдарымен мәмілелерді қайта бағалаудан болған іске асырылмаған шығыстың сомалары жазылады.

Шоттың кредиті бойынша келтірілген шығыстардың сомаларын № 5610 баланстық шотына есептен шығару жазылады.

7480 09 «Фьючерс мәмілелері бойынша шығыстар».

Мақсаты: фьючерс мәмілелері бойынша келтірілген іске асырылған шығыстардың сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша фьючерс мәмілелері бойынша келтірілген іске асырылған шығыстардың сомалары жазылады.

Шоттың кредиті бойынша келтірілген шығыстардың сомаларын № 5610 баланстық шотына есептен шығару жазылады.

7480 10 «Форвард мәмілелері бойынша шығыстар».

Мақсаты: форвард мәмілелері бойынша келтірілген, іске асырылған шығыстардың сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша форвард мәмілелері бойынша келтірілген іске асырылған шығыстардың сомалары жазылады.

Шоттың кредиті бойынша келтірілген шығыстардың сомаларын № 5610 баланстық шотына есептен шығару жазылады.

7480 11 «Опцион мәмілелері бойынша шығыстар».

Мақсаты: опцион мәмілелері бойынша келтірілген іске асырылған шығыстардың сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша опцион мәмілелері бойынша келтірілген іске асырылған шығыстардың сомалары жазылады.

Шоттың кредиті бойынша келтірілген шығыстардың сомаларын № 5610 баланстық шотына есептен шығару жазылады.

7480 13 «Своп мәмілелері бойынша шығыстар».

Мақсаты: своп мәмілелері бойынша келтірілген іске асырылған шығыстардың сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша своп мәмілелері бойынша келтірілген іске асырылған шығыстардың сомалары жазылады.

Шоттың кредиті бойынша келтірілген шығыстардың сомаларын № 5610 баланстық шотына есептен шығару жазылады.

7480 14 «Басқа да туынды қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша шығыстар».

Мақсаты: басқа да туынды қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша келтірілген іске асырылған шығыстардың сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша басқа да туынды қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша келтірілген іске асырылған шығыстардың сомалары жазылады.

Шоттың кредиті бойынша келтірілген шығыстардың сомаларын № 5610 баланстық шотына есептен шығару жазылады.

7510 «Тоқтатылатын қызметке байланысты шығыстар».

Мақсаты: тоқтатылатын қызметке байланысты шығыстардың сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша тоқтатылатын қызметке байланысты шығыстардың сомасы



жазылады.

Шоттың кредиті бойынша келтірілген шығыстардың сомаларын № 5610 баланстық шотына есептен шығару жазылады.

7610 «Қауымдасқан ұйымдардың зиянындағы үлес».

Мақсаты: қауымдасқан ұйымдардың үлестік қатысу әдісімен есепке алынған зиянындағы үлестің сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша қауымдасқан ұйымдардың үлестік қатысу әдісімен есепке алынған зиянындағы үлестің сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша қауымдасқан ұйымдардың үлестік қатысу әдісімен есепке алынған зиянындағы үлестің сомаларын азайту жазылады.

7620 «Бірлескен ұйымдардың зиянындағы үлес».

Мақсаты: бірлескен ұйымдардың үлестік қатысу әдісімен есепке алынған зиянындағы үлестің сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша бірлескен ұйымдардың үлестік қатысу әдісімен есепке алынған зиянындағы үлестің сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша бірлескен ұйымдардың үлестік қатысу әдісімен есепке алынған зиянындағы үлестің сомаларын азайту жазылады.

7710 «Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар».

Мақсаты: корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстардың сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстардың сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша келтірілген шығыстардың сомаларын № 5610 баланстық шотына есептен шығару жазылады.

2-параграф. Шартты және ықтимал талаптар мен міндеттемелер

8120 «Қабылданған кепілдіктер бойынша ықтимал талаптар» (актив).

Мақсаты: ұйым қабылдаған кепілдіктер бойынша ұйымның басқа тұлғаларға ықтимал талаптарының сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша ұйым қабылдаған кепілдіктер бойынша ұйымның басқа тұлғаларға ықтимал талаптарының сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша ұйымның қабылдаған кепілдіктер бойынша басқа тұлғаға ықтимал талаптарының сомаларын оларды жою кезінде есептен шығару жазылады.

8130 «Қазақстан Республикасының сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру туралы заңнамасына сәйкес шартты төтенше жарналар» (актив).

Мақсаты: Қазақстан Республикасының сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру туралы заңнамасына сәйкес Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қорының алдындағы өз міндеттемелерін орындау үшін сақтандыру ұйымдары қалыптастыратын шартты төтенше жарналарының сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қорының алдындағы өз міндеттемелерін орындау үшін сақтандыру ұйымдары қалыптастыратын шартты төтенше жарналарының сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша сақтандыру ұйымының Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қорына төлеу кезінде төтенше шартты жарналардың сомаларын есептен шығару жазылады.

8210 «Берілетін қарыздар бойынша шартты талаптар» (актив).

Мақсаты: ұйымның басқа заңды тұлғаларға болашақта берілуге тиісті қарыздар бойынша шартты талаптарының сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша ұйымның басқа заңды тұлғаларға болашақта берілуге тиісті қарыздар бойынша шартты талаптарының сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша ұйымның басқа заңды тұлғаларға болашақта берілуге тиісті қарыздар бойынша шартты талаптарының сомаларын оларды ұйым берген кезде есептен шығару жазылады.

8220 «Болашақта қарыздар алу бойынша шартты талаптар» (актив).

Мақсаты: ұйымның басқа заңды тұлғаларға болашақта алынуға тиісті қарыздар бойынша шартты талаптарының сомаларын есепке алу.



Шоттың дебеті бойынша ұйымның басқа заңды тұлғаларға болашақта алынуға тиісті қарыздар бойынша шартты талаптарының сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша ұйымның басқа заңды тұлғаларға болашақта берілуге тиісті қарыздар бойынша шартты талаптарының сомаларын оларды ұйым алған кезде есептен шығару жазылады.

8300 01 «Қаржы активтерін сатып алу бойынша шартты талаптар» (актив).

Мақсаты: болашақта қаржы активтерін сатып алу бойынша ұйымның шартты талаптарының сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша болашақта қаржы активтерін сатып алу бойынша ұйымның шартты талаптарының сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша қаржы активтерін сатып алу бойынша ұйымның шартты талаптарының сомаларын оларды алу кезінде есептен шығару жазылады.

8300 02 «Қаржы фьючерстерін сатып алу бойынша шартты талаптар» (актив).

Мақсаты: болашақта қаржы фьючерстерін сатып алу бойынша ұйымның шартты талаптарының сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша болашақта қаржы фьючерстерін сатып алу бойынша ұйымның шартты талаптарының сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша болашақта қаржы фьючерстерін сатып алу бойынша оларды алу кезінде ұйымның шартты талаптарының сомаларын есептен шығару жазылады.

8300 03 «Қаржы фьючерстерін сату бойынша шартты талаптар» (актив).

Мақсаты: болашақта қаржы фьючерстерін сату бойынша ұйымның шартты талаптарының сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша болашақта қаржы фьючерстерін сату бойынша ұйымның шартты талаптарының сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша қаржы фьючерстерін сату бойынша оларды ұйымның сатуы кезінде ұйымның шартты талаптарының сомаларын есептен шығару жазылады.

8300 04 «Белгіленген пайыздық своп» (актив).

Мақсаты: ұйымның пайыздық своп бойынша белгіленген пайыздық мөлшерлеме бойынша төлемдерді алу бойынша шартты талаптарының сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша ұйымның пайыздық своп бойынша белгіленген пайыздық мөлшерлеме бойынша төлемдерді алу бойынша шартты талаптарының сомасы осы мәмілені жасау кезінде жазылады.

Шоттың кредиті бойынша ұйымның пайыздық своп бойынша шартты талаптарының сомаларын осы мәмілені орындау немесе жою кезінде есептен шығару жазылады.

8300 05 «Өзгермелі пайыздық своп» (актив).

Мақсаты: ұйымның пайыздық своп бойынша өзгермелі пайыздық мөлшерлеме бойынша төлемдерді алу жөніндегі шартты талаптарының сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша ұйымның пайыздық своп бойынша өзгермелі пайыздық мөлшерлеме бойынша төлемдерді алу бойынша шартты талаптарының сомасы осы мәмілені жасау кезінде жазылады.

Шоттың кредиті бойынша ұйымның пайыздық своп бойынша шартты талаптарының сомаларын осы мәмілені орындау немесе жою кезінде есептен шығару жазылады.

8300 06 «Сатып алынған опцион «колл» мәмілелері» (актив).

Мақсаты: ұйымның сатып алынған опцион «колл» келісімшарты бойынша қаржы активтерін сату бойынша шартты талаптарының сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша ұйымның сатып алынған опцион «колл» келісімшарты бойынша қаржы активтерін сату бойынша шартты талаптарының сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша ұйымның сатып алынған опцион «колл» келісімшарты бойынша шартты талаптарының сомаларын осы мәмілені орындау немесе жою кезінде есептен шығару жазылады.

8300 07 «Сатып алынған опцион «пут» мәмілелері» (актив).

Мақсаты: ұйымның сатып алынған опцион «пут» келісімшарты бойынша қаржы активін сату бойынша шартты талаптарының сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша ұйымның сатып алынған опцион «пут» келісім-шарты бойынша қаржы активін сату бойынша шартты талаптарының сомасы осы мәмілені жасау кезінде жазылады.



Шоттың кредиті бойынша ұйымның сатып алынған опцион «пут» келісімшарты бойынша шартты талаптарының сомаларын осы мәмілені орындау немесе жою кезінде есептен шығару жазылады.

8300 08 «Сатылған опцион «пут» мәмілелері - контршот» (актив).

Мақсаты: ұйымның сатылған опцион «пут» келісімшарты бойынша қаржы активін сату бойынша шартты талаптарының сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша ұйымның сатылған опцион «пут» келісімшарты бойынша қаржы активін сату бойынша шартты талаптарының сомасы осы мәмілені жасау кезінде жазылады.

Шоттың кредиті бойынша ұйымның сатылған опцион «пут» келісімшарты бойынша шартты талаптарының сомаларын осы мәмілені орындау немесе жою кезінде есептен шығару жазылады.

8300 09 «Сатылған опцион «колл» мәмілелері - контршот» (актив).

Мақсаты: ұйымның сатылған опцион «колл» келісімшарты бойынша қаржы активін сату бойынша шартты талаптарының сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша ұйымның сатылған опцион «колл» келісімшарты бойынша қаржы активін сату бойынша шартты талаптарының сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша ұйымның сатылған опцион «колл» келісімшарты бойынша шартты талаптарының сомаларын осы мәмілені орындау немесе жою кезінде есептен шығару жазылады.

8300 10 «Болашақтағы сыйақы туралы сатып алынған келісім - контршот» (актив).

Мақсаты: ұйымның болашақтағы сыйақы туралы сатып алған келісімі бойынша шартты міндеттемелерінің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша ұйымның болашақтағы сыйақы туралы сатып алған келісімі бойынша шартты міндеттемелерінің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша ұйымның болашақтағы сыйақы туралы сатып алған келісімі бойынша шартты міндеттемелерінің сомаларын есептен шығару жазылады.

8300 11 «Болашақтағы сыйақы туралы іске асырылған келісім» (актив).

Мақсаты: ұйымның болашақтағы сыйақы туралы іске асырылған келісім бойынша шартты талаптарының сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша ұйымның болашақтағы сыйақы туралы іске асырылған келісім бойынша шартты талаптарының сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша ұйымның болашақтағы сыйақы туралы іске асырылған келісім бойынша шартты талаптарының сомаларын есептен шығару жазылады.

8300 12 «Басқа да туынды қаржы құралдары бойынша шартты талаптар» (актив).

Мақсаты: ұйымның басқа да туынды қаржы құралдары бойынша шартты талаптарының сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша ұйымның басқа да туынды қаржы құралдары бойынша шартты талаптарының сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша ұйымның басқа да туынды қаржы құралдары бойынша шартты талаптарының сомаларын осы мәмілелерді орындау немесе жою кезінде есептен шығару жазылады.

8420 «Қабылданған кепілдіктер бойынша талаптарды ықтимал азайту» (пассив).

Мақсаты: ұйым қабылдаған кепілдіктер бойынша ұйымның басқа тұлғаларға талаптарын ықтимал азайтудың сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша ұйым қабылдаған кепілдіктер бойынша ұйымның басқа тұлғаларға талаптарын ықтимал азайтудың сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша жою кезінде қабылдаған кепілдіктер бойынша ұйымның басқа тұлғаларға талаптарын ықтимал азайтудың сомаларын есептен шығару жазылады.

8430 «Қазақстан Республикасының сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру туралы заңнамасы бойынша шартты міндеттемелер» (пассив).

Мақсаты: сақтандыру ұйымдарының төтенше жарналарды төлеу үшін қалыптастырған, Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры алдындағы шартты талаптарының сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша сақтандыру ұйымының төтенше жарналарды төлеу үшін қалыптастырған, Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры алдындағы шартты талаптарының



сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша сақтандыру ұйымының шартты талаптарының сомаларын сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қорына төтенше жарналарды төлеу кезінде есептен шығару жазылады.

8510 «Болашақта қарыздар беру бойынша шартты міндеттемелер» (пассив).

Мақсаты: ұйымның болашақта қарыздар беруге тиесілі қарыздар бойынша басқа заңды тұлғалар алдындағы шартты міндеттемелерінің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша ұйымның болашақта қарыздар беруге тиесілі қарыздар бойынша басқа заңды тұлғалар алдындағы шартты міндеттемелерінің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша ұйымның қарыздар бойынша басқа заңды тұлғалар алдындағы ұйымның шартты міндеттемелерінің сомаларын оларды беруі кезінде есептен шығару жазылады.

8520 «Алынатын қарыздар бойынша шартты міндеттемелер» (пассив).

Мақсаты: ұйымның болашақта қарыздар алуға тиесілі қарыздар бойынша басқа заңды тұлғалар алдындағы шартты міндеттемелерінің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша ұйымның болашақта қарыздар алуға тиесілі қарыздар бойынша басқа заңды тұлғалар алдындағы шартты міндеттемелерінің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша ұйымның қарыздар бойынша болашақтағы міндеттемелерінің сомаларын оларды алу кезінде есептен шығару жазылады.

8600 01 «Қаржы активтерін сату бойынша шартты міндеттемелер» (пассив).

Мақсаты: ұйымның болашақта қаржы активтерін сату бойынша шартты міндеттемелерінің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша ұйымның болашақта қаржы активтерін сату бойынша шартты міндеттемелерінің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша ұйымның қаржы активтерін сату бойынша шартты міндеттемелерінің сомаларын оларды ұйымның сату кезінде есептен шығару жазылады.

8600 02 «Қаржы фьючерстерін сатып алу бойынша шартты міндеттемелер» (пассив).

Мақсаты: ұйымның болашақта қаржы фьючерстерін сатып алу бойынша шартты міндеттемелерінің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша ұйымның болашақта қаржы фьючерстерін сатып алу бойынша шартты міндеттемелерінің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша ұйымның шартты міндеттемелерінің сомаларын қаржы фьючерстерін алу кезінде есептен шығару жазылады.

8600 03 «Қаржы фьючерстерін сату бойынша шартты міндеттемелер» (пассив).

Мақсаты: ұйымның қаржы фьючерстерін сату бойынша шартты міндеттемелерінің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша ұйымның қаржы фьючерстерін сату бойынша шартты міндеттемелерінің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша ұйымның қаржы фьючерстері бойынша шартты міндеттемелерінің сомаларын оларды ұйым сатқан кезде есептен шығару жазылады.

8600 04 «Өзгермелі пайыздық своп» (пассив).

Мақсаты: ұйымның пайыздық своп бойынша өзгермелі пайыздық мөлшерлеме бойынша төлемдерді төлеу бойынша шартты міндеттемелерінің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша ұйымның пайыздық своп бойынша өзгермелі пайыздық мөлшерлеме бойынша шартты міндеттемелерінің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша ұйымның пайыздық своп бойынша шартты міндеттемелерінің сомаларын осы мәмілені орындау немесе жою кезінде есептен шығару жазылады.

8600 05 «Белгіленген пайыздық своп» (пассив).

Мақсаты: ұйымның пайыздық своп бойынша белгіленген пайыздық мөлшерлеме бойынша төлемдерді төлеу бойынша шартты міндеттемелерінің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша ұйымның пайыздық своп бойынша белгіленген пайыздық мөлшерлеме бойынша шартты міндеттемелерінің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша ұйымның пайыздық своп бойынша шартты міндеттемелерінің сомаларын осы мәмілені орындау немесе жою кезінде есептен шығару жазылады.

8600 06 «Сатып алынған опцион «колл» мәмілелері - контршот» (пассив).



Мақсаты: ұйымның сатып алынған опцион «колл» мәмілесі бойынша қаржы активтерін сату бойынша шартты міндеттемелерінің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша ұйымның сатып алынған опцион «колл» мәмілесі бойынша қаржы активтерін сату бойынша шартты міндеттемелерінің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша сатып алынған опцион «колл» мәмілесі бойынша шартты міндеттемелердің сомаларын осы мәмілені орындау немесе жою кезінде есептен шығару жазылады.

8600 07 «Сатып алынған опцион «пут» мәмілелері - контршот» (пассив).

Мақсаты: ұйымның сатып алынған опцион «пут» мәмілелері бойынша қаржы активтерін сату бойынша шартты міндеттемелерінің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша ұйымның сатып алынған опцион «пут» мәмілелері бойынша қаржы активтерін сату бойынша шартты міндеттемелерінің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша сатып алынған опцион «пут» мәмілесі бойынша шартты міндеттемелердің сомаларын осы мәмілені орындау немесе жою кезінде есептен шығару жазылады.

8600 08 «Сатылған опцион «пут» мәмілелері» (пассив).

Мақсаты: ұйымның сатылған опцион «пут» мәмілесі бойынша қаржы активін сату бойынша шартты міндеттемелерінің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша ұйымның сатылған опцион «пут» мәмілесі бойынша қаржы активін сату бойынша осы мәмілені жасау кезінде шартты міндеттемелерінің сомасы көрсетіледі.

Шоттың дебеті бойынша ұйымның сатылған опцион «пут» мәмілесі бойынша шартты міндеттемелерінің сомасын оларды орындау немесе осы мәмілені жою кезінде есептен шығару көрсетіледі.

8600 09 «Сатылған опцион «колл» мәмілелері» (пассив).

Мақсаты: ұйымның сатылған опцион «колл» мәмілелері бойынша қаржы активін сату бойынша шартты міндеттемелерінің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша ұйымның сатылған опцион «колл» мәмілелері бойынша қаржы активін сату бойынша шартты міндеттемелерінің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша ұйымның сатылған «колл» мәмілесі бойынша шартты міндеттемелерінің сомаларын оларды орындау немесе осы мәмілені жою кезінде есептен шығару жазылады.

8600 10 «Болашақтағы сыйақы туралы сатып алынған келісім» (пассив).

Мақсаты: ұйымның болашақтағы сыйақы туралы сатып алынған келісім бойынша шартты міндеттемелерінің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша ұйымның болашақтағы сыйақы туралы сатып алынған келісім бойынша шартты міндеттемелерінің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша ұйымның болашақтағы сыйақы туралы сатып алынған келісім бойынша шартты міндеттемелерінің сомаларын есептен шығару жазылады.

8600 11 «Болашақтағы сыйақы туралы іске асырылған келісім- контршот» (пассив).

Мақсаты: ұйымның болашақтағы сыйақы туралы іске асырылған келісім бойынша шартты міндеттемелерінің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша ұйымның болашақтағы сыйақы туралы іске асырылған келісім бойынша шартты міндеттемелерінің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша ұйымның болашақтағы сыйақы туралы іске асырылған келісім бойынша шартты міндеттемелерінің сомаларын есептен шығару жазылады.

8600 12 «Басқа да туынды қаржы құралдары бойынша шартты міндеттемелер» (пассив).

Мақсаты: ұйымның басқа да туынды қаржы құралдары бойынша шартты міндеттемелерінің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша ұйымның басқа да туынды қаржы құралдары бойынша шартты міндеттемелерінің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша ұйымның басқа да туынды қаржы құралдары бойынша шартты міндеттемелерінің сомаларын оларды орындау немесе осы мәмілені жою кезінде есептен шығару жазылады.



3-параграф. Меморандум шоттары

8710 «Жалға берілген машиналар, жабдықтар, көлік және басқа да құрал-жабдықтар».

Мақсаты: жасалған жалдау шартының негізінде жалға берілген машиналар, жабдықтар, көлік және басқа да құрал-жабдықтар құнын есепке алу.

Шоттың кірісі бойынша машиналар, жабдықтар, көлік және басқа да құрал-жабдықтардың құны оларды жасалған жалдау шартының негізінде жалға беру кезінде жазылады.

Шоттың шығысы бойынша машиналар, жабдықтар, көлік және басқа да құрал-жабдықтардың құнын жалдау шартының қолданыс мерзімінің аяқталуына байланысты қайтару, олардың тозуына байланысты шығынға жазу, есептен шығару, өткізу немесе олардың құнын ұйымның балансынан мерзімінен бұрын есептен шығару кезінде есептен шығару жазылады.

8720 «Төлем бөліп төленіп өткізілетін негізгі құрал-жабдықтар».

Мақсаты: төлем бөліп төлену шартымен жүзеге асырылатын негізгі құрал жабдықтардың құнын есепке алу.

Шоттың кірісі бойынша төлем бөліп төлену шартымен жүзеге асырылатын негізгі құрал жабдықтардың құны жазылады.

Шоттың шығысы бойынша клиенттен оның төлемді бөліп төлеу шартымен жүзеге асырылған негізгі құрал жабдықтар бойынша берешегін өтеу шотына түскен төлемдер сомасы немесе төлемді бөліп төлеу шартымен жүзеге асырылған негізгі құрал жабдықтардың құнын осы жүзеге асыруды жою кезінде есептен шығару жазылады.

8740 «Инкассоға жіберілген құжаттар мен құндылықтар».

Мақсаты: ұйым инкассоға жіберген құжаттар мен құндылықтардың сомаларын есепке алу.

Шоттың кірісі бойынша ұйым инкассоға жіберген құжаттар мен құндылықтардың сомасы жазылады.

Шоттың шығысы бойынша инкассоға жіберілген құжаттар мен құндылықтардың сомаларын есептен шығару жазылады.

8750 «Міндеттемелерді қамтамасыз етуге (кепілге) берілген мүлік».

Мақсаты: басқа заңды тұлғалардың алдындағы міндеттемелерді қамтамасыз етуге (кепілге) берілген мүліктің (ақшаны қоспағанда) құнын есепке алу.

Шоттың кірісі бойынша басқа заңды тұлғалардың алдындағы міндеттемелерді қамтамасыз етуге (кепілге) берілген мүліктің (ақшаны қоспағанда) құны жазылады.

Шоттың шығысы бойынша қамтамасыз етудің (кепілдің) құнын ұйым басқа заңды тұлғаның алдындағы міндеттемелерін орындамаған жағдайда қайтарып берген немесе кепілге салынған мүлікті өткізу кезінде есептен шығару жазылады.

8760 «Оригинаторға сенімгерлік басқаруға берілген акциялар (қатысу үлестері)».

Мақсаты: исламдық арнайы қаржы компаниясына тиесілі және инвестициялық жобаға қатысу үшін оригинаторға сенімгерлік басқаруға берілген акциялардың (қатысу үлестерінің) құнын есепке алу.

Шоттың кірісі бойынша исламдық арнайы қаржы компаниясы инвестициялық жобаға қатысу үшін оригинаторға сенімгерлік басқаруға берген акциялардың (қатысу үлестерінің) құны жазылады.

Шоттың шығысы бойынша ұйым инвестициялық жобаға қатысу үшін оригинаторға сенімгерлік басқаруға берген акцияларды (қатысу үлестерін) оригинатордың сенімгерлік басқаруынан алған кезде ұйымға тиесілі акциялардың (қатысу үлестерінің) құнын есептен шығару жазылады.

8810 «Жалға қабылданған машиналар, жабдықтар, көлік және басқа да құрал-жабдықтар».

Мақсаты: ұйым жалдау шартының негізінде жалға қабылдаған машиналар, жабдықтар, көлік және басқа да құрал-жабдықтардың құнын есепке алу.

Шоттың кірісі бойынша ұйым жалдау шартының негізінде жалға қабылдаған машиналар, жабдықтар, көлік және басқа да құрал-жабдықтардың құны жазылады.

Шоттың шығысы бойынша машиналар, жабдықтар, көлік және басқа да құрал-жабдықтардың құнын оларды жалдау шартының қолдану мерзімінің бітуіне байланысты қайтару немесе кейіннен оларды ұйымның балансына есепке ала отырып сатып алу кезінде есептен шығару жазылады.

8830 «Клиенттің міндеттемесін қамтамасыз етуге (кепілге) қабылданған мүлік».



Мақсаты: клиенттің міндеттемелерін қамтамасыз етуге (кепілге) қабылданған мүліктің (ақшаны қоспағанда) құнын есепке алу.

Шоттың кірісі бойынша клиенттің міндеттемелерін қамтамасыз етуге (кепілге) қабылданған мүліктің (ақшаны қоспағанда) құны жазылады.

Шоттың шығысы бойынша қамтамасыз етудің (кепілдің) құнын клиент міндеттемелерін орындамаған жағдайда қайтарып берген немесе кепілге салынған мүлікті өткізу кезінде есептен шығару жазылады.

8920 «Шет мемлекеттер және шетел банктері ашқан кредиттік желілер».

Мақсаты: ұйымда шет мемлекеттер және шетел банктері ашқан кредиттік желілер лимитінің сомаларын есепке алу.

Шоттың кірісі бойынша ұйымда шет мемлекеттер және шетел банктері ашқан кредиттік желілер лимитінің сомасы жазылады.

Шоттың шығысы бойынша ашық кредиттік желілер лимитінің сомаларын оларды ұйым пайдаланған немесе жойған кезде есептен шығару жазылады.

8930 «Әртүрлі құндылықтар мен құжаттар».

Мақсаты: келіп түскен кезде басқа баланстан тысқары шоттарда көрсетілмейтін әртүрлі құндылықтар мен құжаттарды есепке алу, сондай-ақ басқа баланстық шоттардан есептен шығарылған әртүрлі құндылықтар мен құжаттарды есепке алу.

Шоттың кірісі бойынша әртүрлі құндылықтар мен құжаттардың келіп түсуі жазылады.

Шоттың шығысы бойынша әртүрлі құндылықтар мен құжаттарды мақсаты бойынша шығынға жазу.

8940 «Жіберілген және есебіне берілген әртүрлі құндылықтар мен құжаттар».

Мақсаты: ұйым жіберген және есебіне берген әртүрлі құндылықтар мен құжаттарды есепке алу.

Шоттың кірісі бойынша ұйым оларды бір уақытта, олар есепке алынған шоттар бойынша шығысқа есептен шығара отырып есепке жазып жіберген немесе берген әртүрлі құндылықтар мен құжаттар.

Шоттың шығысы бойынша әртүрлі құндылықтар мен құжаттарды олар алынған растаманың негізінде мақсаты бойынша келіп түскен кезде есептен шығару жазылады.

8950 «Сақтаудағы тазартылған бағалы металдар».

Мақсаты: ұйым клиенттерден сақтауға қабылдаған тазартылған бағалы металдардың физикалық санын есепке алу.

Шоттың кірісі бойынша ұйым клиенттерден сақтауға қабылдаған тазартылған бағалы металдардың физикалық саны жазылады.

Шоттың шығысы бойынша тазартылған бағалы металдардың физикалық санын иесінің тапсырмасы бойынша оларды өткізу кезінде немесе оларды ұйым қайтарған кезде есептен шығару жазылады.

8960 «Сақтаудағы акциялар және басқа бағалы қағаздар».

Мақсаты: ұйым сақтауға қабылдаған акциялар және басқа бағалы қағаздардың номиналдық құнын есепке алу.

Шоттың кірісі бойынша ұйым сақтауға қабылдаған акциялар және басқа бағалы қағаздардың номиналдық құны жазылады.

Шоттың шығысы бойынша ұйым сақтауға қабылдаған акциялар және басқа бағалы қағаздарды қайтару кезінде олардың номиналдық құнын есептен шығару жазылады.

8970 «Депозит» шоты.

Мақсаты: клиенттерден брокерлік қызмет көрсету туралы шарттар бойынша қабылданған ақша сомаларын және құжатсыз нысанда көрсетілген және клиенттерге тиесілі бағалы қағаздардың санын есепке алу.

Шоттың кірісі бойынша клиенттерден брокерлік қызмет көрсету туралы шарттар бойынша қабылданған ақша сомалары және құжатсыз нысанда көрсетілген және клиенттерге тиесілі бағалы қағаздардың саны жазылады.

Шоттың шығысы бойынша оларды шығынға жазған кезде ақша сомасын және оларды эмитент өтеген немесе сатқан не клиентке қайтарған кезде клиентке тиесілі бағалы қағаздардың саны жазылады.



Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, өзара сақтандыру қоғамдарының, сақтандыру брокерлерінің бухгалтерлік есеп жүргізуі жөніндегі нұсқаулық

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, өзара сақтандыру қоғамдарының, сақтандыру брокерлерінің бухгалтерлік есеп жүргізуі жөніндегі Нұсқаулық (бұдан әрі - Нұсқаулық) «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы және «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» 2007 жылғы 28 ақпандағы Қазақстан Республикасының заңдарына және халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес әзірленді.

2. Осы Нұсқаулық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, өзара сақтандыру қоғамдарының, сақтандыру брокерлерінің (бұдан әрі - ұйым) меншікті ақшаны салымдарға, заемдарға, бағалы қағаздарға, туынды құралдарға, тазартылған қымбат металдарға, шетел валютасына орналастыру операцияларының, хеджирлеу операцияларының, сондай-ақ РЕПО және кері РЕПО операцияларының бухгалтерлік есебін жүргізуді нақтылайды.

Осы Нұсқаулықтың 4, 8 және 9-тараулары исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына қолданылмайды.

3. Осы Нұсқаулықта халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес мәміле жасау күнгі және мәміле бойынша есеп айырысу күнгі қаржы активтерін сатып алу және сату мәмілелерін есепке алу әдісі қолданылады. Осы тармақта көрсетілген қаржы активтерін сатып алу және сату мәмілелерін есепке алу әдістерінің бірін тандау ұйымның есеп саясатында айқындалады.

4. Осы Нұсқаулыққа және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына қайшы келмейтін қосымша бухгалтерлік жазбалар жасауға жол беріледі.

Шетел валютасын, қаржы құралдарын, тазартылған қымбат металдарды, туынды қаржы құралдарын және басқа да активтерді валюталарды айырбастаудың нарықтың бағамының өзгеруімен немесе олардың әділ құнының ұйымдардың жүргізілетін операциялардың бухгалтерлік есебін жүргізуді реттейтін ішкі құжаттарында көзделген тәртіппен іске асырылған және іске асырылмаған кірістер мен шығыстар деп бөлмей өзгеруімен байланысты қайта бағалаудан болған кірістер мен шығыстар сомаларын көрсетуге жол беріледі.

2-тарау. Осы Нұсқаулықта пайдаланылатын негізгі ұғымдар

5. Осы Нұсқаулықта мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) борыштық бағалы қағаздар - бағалы қағаздар иесінің эмитенттен шығару талаптарымен белгіленген мөлшерде және мерзімдерде негізгі борыш сомасын алу құқығын куәландыратын бағалы қағаздар;

2) дисконт (жеңілдік) - борыштық бағалы қағазды сатып алу құны (есептелген сыйақыны қоспағанда) және оның номиналдық құны арасында пайда болған, инвестор (сатып алушы) үшін болашақ кезеңдердің кірістерін құрайтын теріс айырмашылық сомасы;

3) есептік құн - актив немесе міндеттеме бухгалтерлік баланста сыйақыны шегеріле отырып көрсетілген құн;



4) Лондон қымбат металдар нарығы қауымдастығының фиксингі-тазартылған қымбат металдардың Лондон қымбат металдар нарығының қауымдастығы белгілеген құны. Лондон қымбат металдар нарығы қауымдастығының фиксингі 1 (бір) троя унциясы үшін АҚШ долларымен көрсетіледі;

5) мәміле бойынша шығындар - бұл қаржы активін немесе қаржылық міндеттемені сатып алумен, шығарумен немесе шығынға жазумен тікелей байланысты, оларды сатып алу, шығару немесе сату үшін міндетті талап болып табылатын қосымша шығыстар;

6) сыйлықақы - борыштық бағалы қағазды сатып алу құны (есептелген сыйақыны қоспағанда) және оның номиналдық құны арасында пайда болған, инвестор (сатып алушы) үшін болашақтағы кезеңдердің шығыстарын құрайтын оң айырмашылық сомасы;

7) сыйлықақының немесе дисконттың (жеңілдіктің) амортизациясы - бұл есепте тұрған сыйлықақы немесе дисконт (жеңілдік) сомасын ұйымның кірісіне немесе шығысына біртіндеп жатқызу;

8) үлестік бағалы қағаздар - ұйымның таза активтеріндегі (міндеттемелер шегерілген активтер) үлеске құқығын растайтын бағалы қағаздар. Осы Нұсқаулықтың мақсаттары үшін үлестік бағалы қағаздарға акциялар, акцияларға депозитарлық қолхаттар, инвестициялық пай қорлардың пайлары және халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес үлестік бағалы қағаздар анықтамасына жататын басқа бағалы қағаздар жатады.

3-тарау. Бағалы қағаздармен операциялардың бухгалтерлік есебі

1-параграф. Өзгеруі пайда немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын және сату үшін қолда бар сатып алынған борыштық бағалы қағаздарды есепке алу

6. «Өзгеруі пайда немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын бағалы қағаздар «және» сату үшін қолда бар бағалы қағаздар» санатына жіктелген борыштық бағалы қағаздарды сатып алған кезде (мәміле бойынша шығындардан тұратын сатып алу құнына) мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) брокерге авансты аударған кезде:

Дт	1610 02	Брокерлермен есеп айырысу
Кт	1030	Ағымдағы шоттардағы ақша қаражаты;

2) мәміле бойынша шығындарды есепке ала отырып сатып алынған борыштық бағалы қағаздардың таза құнына (оның номиналдық құнынан аспайтын сомаға):

Дт	1120 01	Өзгеруі пайда немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын қаржы активтері
	1140 01	Сату үшін қолда бар қысқа мерзімді қаржылық инвестициялар
	2030 01	Сату үшін қолда да бар ұзақ мерзімді қаржылық инвестициялар
Кт	1030	Ағымдағы шоттардағы ақша қаражаты;

3) борыштық бағалы қағазды сатып алумен байланысты шығындардан тұратын сыйлықақы сомасына:

Дт	1120 03	Өзгеруі пайда немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын сатып алынған қаржылық активтер бойынша сыйлықақы
	1140 03	Сату үшін қолда бар сатып алынған қаржылық инвестициялар бойынша сыйлықақы
	2030 03	Сату үшін қолда бар сатып алынған ұзақ мерзімді қаржылық инвестициялар бойынша сыйлықақы
Кт	1030	Ағымдағы шоттардағы ақша қаражаты;



4) дисконт (жеңілдік) сомасына:

Дт	1120 01	Өзгеруі пайда немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын қаржы активтері
	1140 01	Сату үшін қолда бар қысқа мерзімді қаржылық инвестициялар
	2030 01	Сату үшін қолда бар ұзақ мерзімді қаржылық инвестициялар
Кт	1120 02	Өзгеруі пайда немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын сатып алынған қаржы активтері бойынша дисконт
	1140 02	Сату үшін қолда бар сатып алынған қаржылық инвестициялар бойынша дисконт
	2030 02	Сату үшін қолда бар сатып алынған ұзақ мерзімді қаржылық инвестициялар бойынша дисконт;

5) алдыңғы ұстаушы есептеген сыйақы сомасына:

Дт	2170 03	Бағалы қағаздар бойынша алдыңғы ұстаушылар есептеген сыйақы
	1270 04	Алдыңғы ұстаушылардың бағалы қағаздар бойынша есептеген сыйақысы
Кт	1030	Ағымдағы шоттардағы ақша қаражаты;

6) борыштық бағалы қағаздарды сатып алу бойынша мәміле сомасы олардың әділ құнынан асып кеткен жағдайда:

Дт	7470 10	Бағалы қағаздарды сатып алудан-сатудан болған шығыстар
Кт	1120 02	Өзгеруі пайда немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын сатып алынған қаржы активтері бойынша дисконт
	1120 03	Өзгеруі пайда немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын сатып алынған қаржы активтері бойынша сыйлықақы
	1140 02	Сату үшін қолда бар сатып алынған қаржылық инвестициялар бойынша сыйлықақы
	1140 03	Сату үшін қолда бар сатып алынған қаржылық инвестициялар бойынша сыйлықақы
	2030 02	Сату үшін қолда бар сатып алынған ұзақ мерзімді қаржылық инвестициялар бойынша дисконт
	2030 03	Сату үшін қолда бар сатып алынған ұзақ мерзімді қаржылық инвестициялар бойынша сыйлықақы;

7) борыштық бағалы қағаздардың әділ құны оларды сатып алу бойынша мәміле сомасынан асып кеткен жағдайда:

Дт	1120 02	Өзгеруі пайда немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын сатып алынған қаржы активтері бойынша дисконт
	1120 03	Өзгеруі пайда немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын сатып алынған қаржы активтері бойынша сыйлықақы
	1140 02	Сату үшін қолда бар сатып алынған қаржылық инвестициялар бойынша сыйлықақы
	1140 03	Сату үшін қолда бар сатып алынған қаржылық инвестициялар бойынша сыйлықақы
	2030 02	Сату үшін қолда бар сатып алынған ұзақ мерзімді қаржылық инвестициялар бойынша дисконт



	2030 03	Сату үшін қолда бар сатып алынған ұзақ мерзімді қаржылық инвестициялар бойынша сыйлықақы
Кт	6280 09	Бағалы қағаздарды сатып алудан-сатудан түскен кірістер.

7. Өзгеруі пайда немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ күн бойынша бағаланатын және сату үшін қолда бар борыштық бағалы қағаздар бойынша ұйымның есеп саясатында белгіленген кезеңділікпен сыйақы есептеген кезде есептелген сыйақы сомасына мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

Дт	1270 01	Сатып алынған бағалы қағаздар бойынша сыйақы түріндегі есептелген кірістер
	2170 01	Сатып алынған бағалы қағаздар бойынша сыйақы түріндегі есептелген кірістер
Кт	6110 01	Сатып алынған бағалы қағаздар бойынша сыйақы алумен байланысты кірістер.

8. Борыштық бағалы қағаздар эмитентінің төлем көзінен ұсталуы тиіс корпоративтік табыс салығы түріндегі шығыстарды есептеген кезде мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

Дт	7710	Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар
Кт	3110 01	Төленуі тиіс корпоративтік табыс салығы.

9. Өзгеруі пайда немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ күн бойынша бағаланатын және сату үшін қолда бар борыштық бағалы қағаздар бойынша сыйлықақыны немесе дисконтты (жеңілдікті) ұйымның есеп саясатында белгіленген кезеңділікпен амортизациялаған кезде есептелген сыйақы сомасына мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

1) сыйлықақы амортизациясының сомасына:

Дт	7310 02	Сатып алынған бағалы қағаздар бойынша сыйлықақының амортизациясымен байланысты шығыстар
Кт	1120 03	Өзгеруі пайда немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ күн бойынша бағаланатын сатып алынған қаржы активтері бойынша сыйлықақы
	1140 03	Сату үшін қолда бар сатып алынған қаржылық инвестициялар бойынша сыйлықақы
	2030 03	Сату үшін қолда бар сатып алынған ұзақ мерзімді қаржылық инвестициялар бойынша сыйлықақы;

2) дисконт (жеңілдік) амортизациясының сомасына:

Дт	1120 02	Өзгеруі пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын сатып алынған қысқа мерзімді қаржы активтері бойынша дисконт
	1140 02	Сату үшін қолда бар сатып алынған қаржы инвестициялары бойынша дисконт
	2030 02	Сату үшін қолда бар сатып алынған ұзақ мерзімді қаржылық инвестициялар бойынша дисконт
Кт	6110 03	Сатып алынған бағалы қағаздар бойынша дисконт амортизациясына байланысты кірістер.

10. Нұсқаулықтың 7 және 9-тармақтарына сәйкес сыйақыны есептегеннен және сыйлықақы мен дисконтты (жеңілдікті) амортизациялағаннан кейін өзгеруі пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын және сату үшін қолда бар борыштық бағалы қағаздар ұйымның есеп саясатында белгіленген кезеңділікпен қайта бағаланады және мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) өзгеруі пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздар бойынша:

егер борыштық бағалы қағаздардың әділ құны олардың есептік құнынан жоғары болса:



Дт	1120 04	Өзгеруі пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын қысқа мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын оң түзету
Кт	6150 01	Өзгеруі пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын бағалы қағаздар құнының өзгеруінен түскен іске асырылмаған кірістер;

егер борыштық бағалы қағаздардың есептік құны олардың әділ құнынан жоғары болса:

Дт	7470 03	Өзгеруі пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын бағалы қағаздар құнының өзгеруінен болған іске асырылмаған шығыстар
Кт	1120 05	Өзгеруі пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын қысқа мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын теріс түзету;

борыштық бағалы қағаздардың әділ құнының есепте тұрған оң немесе теріс түзету сомасына:

Дт	1120 05	Өзгеруі пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын қысқа мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын теріс түзету
Кт	1120 04	Өзгеруі пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын қысқа мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын оң түзету;

2) сату үшін қолда бар борыштық бағалы қағаздар бойынша:

егер борыштық бағалы қағаздардың әділ құны олардың есептік құнынан жоғары болса:

Дт	1140 04	Сату үшін қолда бар қаржылық инвестициялардың әділ құнын оң түзету
	2030 04	Сату үшін қолда бар ұзақ мерзімді қаржылық инвестициялардың әділ құнын оң түзету
Кт	5440	Сатуға арналған қаржы активтерін қайта бағалауға арналған резерв;

егер борыштық бағалы қағаздардың есептік құны олардың әділ құнынан жоғары болса:

Дт	5440	Сатуға арналған қаржы активтерін қайта бағалауға арналған резерв;
Кт	1140 05	Сату үшін қолда бар қаржылық инвестициялардың әділ құнын теріс түзету
	2030 05	Сату үшін қолда бар ұзақ мерзімді қаржылық инвестициялардың әділ құнын теріс түзету;

борыштық бағалы қағаздар әділ құнының есепте тұрған оң немесе теріс түзету сомасына:

Дт	1140 05	Сату үшін қолда бар қаржылық инвестициялардың әділ құнын теріс түзету
	2030 05	Сату үшін қолда бар ұзақ мерзімді қаржылық инвестициялардың әділ құнын теріс түзету
Кт	1140 04	Сату үшін қолда бар қаржылық инвестициялардың әділ құнын оң түзету
	2030 04	Сату үшін қолда бар ұзақ мерзімді қаржылық инвестициялардың әділ құнын оң түзету.

11. Өзгеруі пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын және сауда үшін қолда бар, құны валюталардың айырбастау бағамы бойынша шетел валютасымен көрсетілген борыштық бағалы қағаздарды қайта бағалау кезінде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) өзгеруі пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздар бойынша:

валюталардың айырбастау бағамы оң бағамдық айырма сомасына ұлғайған кезде:



Дт	1120 01	Өзгеруі пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын қысқа мерзімді қаржы активтері
	1120 03	Өзгеруі пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын сатып алынған қысқа мерзімді қаржы активтері бойынша сыйлықақы
	1120 04	Өзгеруі пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын қысқа мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын оң түзету
	1270 01	Сатып алынған бағалы қағаздар бойынша сыйақы түрінде есептелген кірістер
	1270 04	Алдыңғы ұстаушылар бағалы қағаздар бойынша есептеген сыйақы
Кт	6250 01	Шетел валютасын қайта бағалаудан түскен іске асырылмаған кірістер;

және бірізгіде, теріс бағамдық айырма сомасына:

Дт	7430 01	Шетел валютасын қайта бағалаудан болған іске асырылмаған шығыстар
Кт	1120 02	Өзгеруі пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын сатып алынған қысқа мерзімді қаржы активтері бойынша дисконт
	1120 05	Өзгеруі пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын қысқа мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын теріс түзету;

валюталардың айырбастау бағамы теріс бағамдық айырма сомасына азайған кезде:

Дт	7430 01	Шетел валютасын қайта бағалаудан болған іске асырылмаған шығыстар
Кт	1120 01	Өзгеруі пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын қысқа мерзімді қаржы активтері
	1120 03	Өзгеруі пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын сатып алынған қысқа мерзімді қаржы активтері бойынша сыйлықақы
	1120 04	Өзгеруі пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын қысқа мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын оң түзету
	1270 01	Сатып алынған бағалы қағаздар бойынша сыйақы түрінде есептелген кірістер
	1270 04	Алдыңғы ұстаушылар бағалы қағаздар бойынша есептеген сыйақы;

және бірізгіде, оң бағамдық айырма сомасына:

Дт	1120 02	Өзгеруі пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын сатып алынған қысқа мерзімді қаржы активтері бойынша дисконт
	1120 05	Өзгеруі пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын қысқа мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын теріс түзету
Кт	6250 01	Шетел валютасын қайта бағалаудан түскен іске асырылмаған кірістер;

2) сату үшін қолда бар борыштық бағалы қағаздар бойынша:

валюталардың айырбастау бағамы оң бағамдық айырма сомасына ұлғайған кезде:

Дт	1140 01	Сату үшін қолда бар қысқа мерзімді қаржылық инвестициялар
	1140 03	Сату үшін қолда бар сатып алынған қаржылық инвестициялар бойынша сыйлықақы
	1270 01	Сатып алынған бағалы қағаздар бойынша сыйақы түрінде есептелген кірістер



	1270 04	Алдыңғы ұстаушылар бағалы қағаздар бойынша есептеген сыйақы
	2030 01	Сату үшін қолда бар ұзақ мерзімді қаржылық инвестициялар
	2030 03	Сату үшін қолда бар сатып алынған ұзақ мерзімді қаржылық инвестициялар бойынша сыйлықақы
	2170 01	Сатып алынған бағалы қағаздар бойынша сыйақы түрінде есептелген кірістер
	2170 03	Бағалы қағаздар бойынша алдыңғы ұстаушылар есептеген сыйақы
Кт	6250 01	Шетел валютасын қайта бағалаудан түскен іске асырылмаған кірістер;

және бірмезгілде теріс бағамдық айырма сомасына:

Дт	7430 01	Шетел валютасын қайта бағалаудан болған іске асырылмаған шығыстар
Кт	1140 02	Сату үшін қолда бар сатып алынған қаржылық инвестициялар бойынша дисконт
	2030 02	Сату үшін қолда бар сатып алынған ұзақ мерзімді қаржылық инвестициялар бойынша дисконт;

борыштық бағалы қағаздардың әділ құнын түзету бойынша оң бағамдық айырма сомасына:

Дт	1140 04	Сату үшін қолда бар қаржылық инвестициялардың әділ құнын оң түзету
	1140 05	Сату үшін қолда бар қаржылық инвестициялардың әділ құнын теріс түзету
	2030 04	Сату үшін қолда бар ұзақ мерзімді қаржылық инвестициялардың әділ құнын оң түзету
	2030 05	Сату үшін қолда бар ұзақ мерзімді қаржылық инвестициялардың әділ құнын теріс түзету
Кт	5440	Сатуға арналған қаржы активтерін қайта бағалауға арналған резерв;

валюталардың айырбастау бағамы теріс бағамдық айырма сомасына азайған кезде:

Дт	7430 01	Шетел валютасын қайта бағалаудан болған іске асырылмаған шығыстар
Кт	1140 01	Сату үшін қолда бар қысқа мерзімді қаржылық инвестициялар
	1140 03	Сату үшін қолда бар сатып алынған қаржылық инвестициялар бойынша сыйлықақы
	1270 01	Сатып алынған бағалы қағаздар бойынша сыйақы түрінде есептелген кірістер
	1270 04	Алдыңғы ұстаушылар бағалы қағаздар бойынша есептеген сыйақы
	2030 01	Сату үшін қолда бар ұзақ мерзімді қаржылық инвестициялар
	2030 03	Сату үшін қолда бар сатып алынған ұзақ мерзімді қаржылық инвестициялар бойынша сыйлықақы
	2170 01	Сатып алынған бағалы қағаздар бойынша сыйақы түрінде есептелген кірістер
	2170 03	Бағалы қағаздар бойынша алдыңғы ұстаушылар есептеген сыйақы;

және бірмезгілде, оң бағамдық айырма сомасына:

Дт	1140 02	Сату үшін қолда бар сатып алынған қаржылық инвестициялар бойынша дисконт
	2030 02	Сату үшін қолда бар сатып алынған ұзақ мерзімді қаржылық инвестициялар бойынша дисконт
Кт	6250 01	Шетел валютасын қайта бағалаудан түскен іске асырылмаған кірістер;

борыштық бағалы қағаздардың әділ құнын түзету бойынша теріс бағамдық айырма



сомасына:

Дт	5440	Сатуға арналған қаржы активтерін қайта бағалауға арналған резерв
Кт	1140 04	Сату үшін қолда бар қаржылық инвестициялардың әділ құнын оң түзету
	1140 05	Сату үшін қолда бар қаржылық инвестициялардың әділ құнын теріс түзету
	2030 04	Сату үшін қолда бар ұзақ мерзімді қаржылық инвестициялардың әділ құнын оң түзету
	2030 05	Сату үшін қолда бар ұзақ мерзімді қаржылық инвестициялардың әділ құнын теріс түзету.

12. Өзгеруі пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын және сату үшін қолда бар сатып алынған борыштық бағалы қағаздар бойынша эмитенттен есептелген сыйақыны алған кезде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) алынған сыйақы сомасына:

Дт	1030	Ағымдағы шоттардағы ақша қаражаты
Кт	1270 01	Сатып алынған бағалы қағаздар бойынша сыйақы түрінде есептелген кірістер
	1270 04	Алдыңғы ұстаушылар бағалы қағаздар бойынша есептеген сыйақы
	2170 01	Сатып алынған бағалы қағаздар бойынша сыйақы түрінде есептелген кірістер
	2170 03	Бағалы қағаздар бойынша алдыңғы ұстаушылар есептеген сыйақы;

2) ұсталған корпоративтік табыс салығы сомасына:

Дт	3110 01	Төленуі тиіс корпоративтік табыс салығы
Кт	1270 01	Сатып алынған бағалы қағаздар бойынша сыйақы түрінде есептелген кірістер
	1270 04	Алдыңғы ұстаушылар бағалы қағаздар бойынша есептеген сыйақы
	2170 01	Сатып алынған бағалы қағаздар бойынша сыйақы түрінде есептелген кірістер
	2170 03	Бағалы қағаздар бойынша алдыңғы ұстаушылар есептеген сыйақы.

13. Сыйақыны есептегеннен, сыйлықақыны немесе дисконтты (жеңілдікті) амортизациялағаннан және Нұсқаулықтың 7, 9 және 10-тармақтарына сәйкес борыштық бағалы қағаздарды әділ құны бойынша қайта бағалағаннан кейін өзгеруі пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын және сату үшін қолда бар сатып алынған борыштық бағалы қағаздарды сатқан кезде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) өзгеруі пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын және сату үшін қолда бар борыштық бағалы қағаздар бойынша амортизацияланбаған сыйлықақы сомасына:

Дт	1120 01	Өзгеруі пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын қысқа мерзімді қаржы активтері
	1140 01	Сату үшін қолда бар қысқа мерзімді қаржылық инвестициялар
	2030 01	Сату үшін қолда бар ұзақ мерзімді қаржылық инвестициялар
Кт	1120 03	Өзгеруі пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын сатып алынған қысқа мерзімді қаржы активтері бойынша сыйлықақы
	1140 03	Сату үшін қолда бар сатып алынған қаржылық инвестициялар бойынша сыйлықақы
	2030 03	Сату үшін қолда бар сатып алынған ұзақ мерзімді қаржылық инвестициялар бойынша сыйлықақы;

2) өзгеруі пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын



және сату үшін қолда бар борыштық бағалы қағаздар бойынша амортизацияланбаған дисконт (жеңілдік) сомасына:

Дт	1120 02	Өзгеруі пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын сатып алынған қысқа мерзімді қаржы активтері бойынша дисконт
	1140 02	Сату үшін қолда бар сатып алынған қаржылық инвестициялар бойынша дисконт
	2030 02	Сату үшін қолда бар сатып алынған ұзақ мерзімді қаржылық инвестициялар бойынша дисконт
Кт	1120 01	Өзгеруі пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын қысқа мерзімді қаржы активтері
	1140 01	Сату үшін қолда бар қысқа мерзімді қаржылық инвестициялар
	2030 01	Сату үшін қолда бар ұзақ мерзімді қаржылық инвестициялар;

3) өзгеруі пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын және сату үшін қолда бар борыштық бағалы қағаздарды сату бойынша жасалған мәміле сомасына:

Дт	1030	Ағымдағы шоттардағы ақша қаражаты
Кт	1120 01	Өзгеруі пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын қысқа мерзімді қаржы активтері
	1140 01	Сату үшін қолда бар қысқа мерзімді қаржылық инвестициялар
	1270 01	Сатып алынған бағалы қағаздар бойынша сыйақы түрінде есептелген кірістер
	1270 04	Алдыңғы ұстаушылар бағалы қағаздар бойынша есептеген сыйақы
	2030 01	Сату үшін қолда бар ұзақ мерзімді қаржылық инвестициялар
	2170 01	Сатып алынған бағалы қағаздар бойынша сыйақы түрінде есептелген кірістер
	2170 03	Бағалы қағаздар бойынша алдыңғы ұстаушылар есептеген сыйақы;

4) өзгеруі пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын және сату үшін қолда бар борыштық бағалы қағаздарды сату бойынша жасалған мәміле сомасы олардың есептік құнынан асып кеткен жағдайда айырма сомасына:

Дт	1030	Ағымдағы шоттардағы ақша қаражаты
Кт	6280 09	Бағалы қағаздарды сатып алудан-сатудан түскен кірістер;

5) өзгеруі пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын және сату үшін қолда бар борыштық бағалы қағаздардың есептік құны оларды сату бойынша жасалған мәміле сомасынан асып кеткен жағдайда айырма сомасына:

Дт	7470 10	Бағалы қағаздарды сатып алудан-сатудан болған шығыстар
Кт	1120 01	Өзгеруі пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын қысқа мерзімді қаржы активтері
	1140 01	Сату үшін қолда бар қысқа мерзімді қаржылық инвестициялар
	2030 01	Сату үшін қолда бар ұзақ мерзімді қаржылық инвестициялар;

6) өзгеруі пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздарды әділ құны бойынша қайта бағалаудан түскен іске асырылған кірістер сомасына:



Дт	6150 01	Өзгеруі пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын бағалы қағаздар құнының өзгеруінен түскен іске асырылмаған кірістер
Кт	6150 03	Өзгеруі пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын және сату үшін қолда бар бағалы қағаздар құнының өзгеруінен түскен іске асырылған кірістер
	7470 03	Өзгеруі пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын бағалы қағаздар құнының өзгеруінен болған іске асырылмаған шығыстар;

7) өзгеруі пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздарды әділ құны бойынша қайта бағалаудан түскен іске асырылған кірістер сомасына:

Дт	6150 01	Өзгеруі пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын бағалы қағаздар құнының өзгеруінен түскен іске асырылмаған кірістер
	7470 06	Өзгеруі пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын бағалы қағаздар құнының өзгеруінен болған іске асырылған шығыстар
Кт	7470 03	Өзгеруі пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын бағалы қағаздар құнының өзгеруінен болған іске асырылмаған шығыстар;

8) сату үшін қолда бар борыштық бағалы қағаздарды әділ құны бойынша қайта бағалаудан түскен іске асырылған кірістер сомасына:

Дт	5440	Сатуға арналған қаржы активтерін қайта бағалауға арналған резерв
Кт	6150 03	Өзгеруі пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын және сату үшін қолда бар бағалы қағаздар құнының өзгеруінен түскен іске асырылған кірістер;

9) сату үшін қолда бар борыштық бағалы қағаздарды әділ құны бойынша қайта бағалаудан болған іске асырылған шығыстар сомасына:

Дт	7470 06	Өзгеруі пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын бағалы қағаздар құнының өзгеруінен болған іске асырылған шығыстар
Кт	5440	Сатуға арналған қаржы активтерін қайта бағалауға арналған резерв;

10) өзгеруі пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын және сату үшін қолда бар борыштық бағалы қағаздар бойынша оң бағам айырмасынан түскен іске асырылған кірістер сомасына:

Дт	6250 01	Шетел валютасын қайта бағалаудан түскен іске асырылмаған кірістер
Кт	6250 02	Шетел валютасын қайта бағалаудан түскен іске асырылған кірістер
	7430 01	Шетел валютасын қайта бағалаудан болған іске асырылмаған шығыстар;

11) өзгеруі пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын және сату үшін қолда бар борыштық бағалы қағаздар бойынша теріс бағамдық айырмадан болған іске асырылған шығыстар сомасына:



Дт	6250 01	Шетел валютасын қайта бағалаудан түскен іске асырылмаған кірістер
	7430 02	Шетел валютасын қайта бағалаудан болған іске асырылған шығыстар
Кт	7430 01	Шетел валютасын қайта бағалаудан болған іске асырылмаған шығыстар.

14. Сыйақыны есептегеннен, сыйлықақыны немесе дисконтты (жеңілдікті) амортизациялағаннан және Нұсқаулықтың 7, 9 және 10-тармақтарына сәйкес борыштық бағалы қағаздарды әділ құны бойынша қайта бағалағаннан кейін сату үшін қолда бар және өзгеруі пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздарды эмитент өтеген кезде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) өзгеруі пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын және сату үшін қолда бар борыштық бағалы қағаздар эмитентінен түскен ақша сомасына:

Дт	1030	Ағымдағы шоттардағы ақша қаражаты
Кт	1120 01	Өзгеруі пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын қысқа мерзімді қаржы активтері
	1140 01	Сату үшін қолда бар қысқа мерзімді қаржылық инвестициялар
	1270 01	Сатып алынған бағалы қағаздар бойынша сыйақы түрінде есептелген кірістер
	1270 04	Алдыңғы ұстаушылар бағалы қағаздар бойынша есептеген сыйақы
	2030 01	Сату үшін қолда бар ұзақ мерзімді қаржылық инвестициялар
	2170 01	Сатып алынған бағалы қағаздар бойынша сыйақы түрінде есептелген кірістер
	2170 03	Бағалы қағаздар бойынша алдыңғы ұстаушылар есептеген сыйақы;

2) ұсталған корпоративтік табыс салығы сомасына:

Дт	3110 01	Төленуі тиіс корпоративтік табыс салығы
Кт	1270 01	Сатып алынған бағалы қағаздар бойынша сыйақы түрінде есептелген кірістер
	1270 04	Алдыңғы ұстаушылар бағалы қағаздар бойынша есептеген сыйақы
	2170 01	Сатып алынған бағалы қағаздар бойынша сыйақы түрінде есептелген кірістер
	2170 03	Бағалы қағаздар бойынша алдыңғы ұстаушылар есептеген сыйақы;

3) өзгеруі пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздарды әділ құны бойынша қайта бағалаудан түскен іске асырылған кірістер сомасына:

Дт	6150 01	Өзгеруі пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын бағалы қағаздар құнының өзгеруінен түскен іске асырылмаған кірістер
Кт	6150 03	Өзгеруі пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын және сату үшін қолда бар бағалы қағаздар құнының өзгеруінен түскен іске асырылған кірістер
	7470 03	Өзгеруі пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын бағалы қағаздар құнының өзгеруінен болған іске асырылмаған шығыстар;

4) өзгеруі пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздарды әділ құны бойынша қайта бағалаудан болған іске асырылған шығыстар сомасына:



Дт	6150 01	Өзгеруі пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын бағалы қағаздар құнының өзгеруінен түскен іске асырылмаған кірістер
	7470 06	Өзгеруі пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын бағалы қағаздар құнының өзгеруінен болған іске асырылған шығыстар
Кт	7470 03	Өзгеруі пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын бағалы қағаздар құнының өзгеруінен болған іске асырылмаған шығыстар;

5) сату үшін қолда бар борыштық бағалы қағаздарды әділ құны бойынша қайта бағалаудан түскен іске асырылған кірістер сомасына:

Дт	5440	Сатуға арналған қаржы активтерін қайта бағалауға арналған резерв
Кт	6150 03	Өзгеруі пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын және сату үшін қолда бар бағалы қағаздар құнының өзгеруінен түскен іске асырылған кірістер;

6) сату үшін қолда бар борыштық бағалы қағаздарды әділ құны бойынша қайта бағалаудан болған іске асырылған шығыстар сомасына:

Дт	7470 06	Өзгеруі пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын бағалы қағаздар құнының өзгеруінен болған іске асырылған шығыстар
Кт	5440	Сатуға арналған қаржы активтерін қайта бағалауға арналған резерв;

7) өзгеруі пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын және сату үшін қолда бар борыштық бағалы қағаздар бойынша оң бағамдық айырмадан түскен іске асырылған кірістер сомасына:

Дт	6250 01	Шетел валютасын қайта бағалаудан түскен іске асырылмаған кірістер
Кт	6250 02	Шетел валютасын қайта бағалаудан түскен іске асырылған кірістер
	7430 01	Шетел валютасын қайта бағалаудан болған іске асырылмаған шығыстар;

8) өзгеруі пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын және сату үшін қолда бар борыштық бағалы қағаздар бойынша теріс бағамдық айырмадан болған іске асырылған шығыстар сомасына:

Дт	6250 01	Шетел валютасын қайта бағалаудан түскен іске асырылмаған кірістер
	7430 02	Шетел валютасын қайта бағалаудан болған іске асырылған шығыстар
Кт	7430 01	Шетел валютасын қайта бағалаудан болған іске асырылмаған шығыстар.



2-параграф. Өтеуге дейін ұсталатын сатып алынған борыштық бағалы қағаздарды есепке алу

15. Өтеуге дейін ұсталатын борыштық бағалы қағаздарды сатып алған кезде (мәміле бойынша шығындардан тұратын сатып алу құнына) мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) брокерге авансты аударған кезде:

Дт	1610 02	Брокерлермен есеп айырысу
Кт	1030	Ағымдағы шоттардағы ақша қаражаты;

2) мәміле бойынша шығындарды есепке ала отырып сатып алынған борыштық бағалы қағаздардың таза құнына (оның номиналдық құнынан аспайтын сомаға):

Дт	1130 01	Өтеуге дейін ұсталатын қысқа мерзімді инвестициялар
	2020 01	Өтеуге дейін ұсталатын ұзақ мерзімді инвестициялар
Кт	1030	Ағымдағы шоттардағы ақша қаражаты
	1610 02	Брокерлермен есеп айырысу;

3) борыштық бағалы қағазды сатып алумен байланысты шығындардан тұратын сыйлықақы сомасына:

Дт	1130 03	Өтеуге дейін ұсталатын сатып алынған қысқа мерзімді инвестициялар бойынша сыйлықақы
	2020 03	Өтеуге дейін ұсталатын сатып алынған ұзақ мерзімді инвестициялар бойынша сыйлықақы
Кт	1030	Ағымдағы шоттардағы ақша қаражаты;

4) дисконт (жеңілдік) сомасына:

Дт	1130 01	Өтеуге дейін ұсталатын қысқа мерзімді инвестициялар
	2020 01	Өтеуге дейін ұсталатын ұзақ мерзімді инвестициялар
Кт	1130 02	Өтеуге дейін ұсталатын сатып алынған қысқа мерзімді инвестициялар бойынша дисконт
	2020 02	Өтеуге дейін ұсталатын сатып алынған ұзақ мерзімді инвестициялар бойынша дисконт;

5) алдыңғы ұстаушы есептеген сыйақы сомасына:

Дт	1270 04	Алдыңғы ұстаушылар бағалы қағаздар бойынша есептеген сыйақы
	2170 03	Бағалы қағаздар бойынша алдыңғы ұстаушылар есептеген сыйақы
Кт	1030	Ағымдағы шоттардағы ақша қаражаты;

6) борыштық бағалы қағаздарды сатып алу бойынша мәміле сомасы олардың әділ құнынан асып кеткен жағдайда:

Дт	7470 10	Бағалы қағаздарды сатып алудан-сатудан болған шығыстар
Кт	1130 02	Өтеуге дейін ұсталатын сатып алынған қысқа мерзімді инвестициялар бойынша дисконт
	1130 03	Өтеуге дейін ұсталатын сатып алынған қысқа мерзімді инвестициялар бойынша сыйлықақы



	2020 02	Өтеуге дейін ұсталатын сатып алынған ұзақ мерзімді инвестициялар бойынша дисконт
	2020 03	Өтеуге дейін ұсталатын сатып алынған ұзақ мерзімді инвестициялар бойынша сыйлықақы;

7) борыштық бағалы қағаздардың әділ құны оларды сатып алу бойынша мәміле сомасынан асып кеткен жағдайда:

Дт	1130 02	Өтеуге дейін ұсталатын сатып алынған қысқа мерзімді инвестициялар бойынша дисконт
	1130 03	Өтеуге дейін ұсталатын сатып алынған қысқа мерзімді инвестициялар бойынша сыйлықақы
	2020 02	Өтеуге дейін ұсталатын сатып алынған ұзақ мерзімді инвестициялар бойынша дисконт
	2020 03	Өтеуге дейін ұсталатын сатып алынған ұзақ мерзімді инвестициялар бойынша сыйлықақы
Кт	6280 09	Бағалы қағаздарды сатып алудан-сатудан түскен кірістер.

16. Өтеуге дейін ұсталатын сатып алынған борыштық бағалы қағаздар бойынша ұйымның есеп саясатында белгіленген кезеңділікпен сыйақы есептеген кезде мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

Дт	1270 01	Сатып алынған бағалы қағаздар бойынша сыйақы түрінде есептелген кірістер
	2170 01	Сатып алынған бағалы қағаздар бойынша сыйақы түрінде есептелген кірістер
Кт	6110 01	Сатып алынған бағалы қағаздар бойынша сыйақы алуға байланысты кірістер.

17. Төлем көзінен ұсталуы тиіс корпоративтік табыс салығы түрінде шығыстарды есептеген кезде өтеуге дейін ұсталатын борыштық бағалы қағаздар эмитенті мынадай бухгалтерлік жазбаны жүзеге асырады:

Дт	7710	Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар
Кт	3110 01	Төленуі тиіс корпоративтік табыс салығы.

18. Өтеуге дейін ұсталатын сатып алынған борыштық бағалы қағаздар бойынша сыйлықақыны немесе дисконтты (жеңілдікті) ұйымның есеп саясатында белгіленген кезеңділікпен амортизациялаған кезде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) сыйлықақы амортизациясының сомасына:

Дт	7310 02	Сатып алынған бағалы қағаздар бойынша сыйлықақы амортизациясына байланысты шығыстар
Кт	1130 03	Өтеуге дейін ұсталатын сатып алынған қысқа мерзімді инвестициялар бойынша сыйлықақы
	2020 03	Өтеуге дейін ұсталатын сатып алынған ұзақ мерзімді инвестициялар бойынша сыйлықақы;

2) дисконт (жеңілдік) амортизациясы сомасына:

Дт	1130 02	Өтеуге дейін ұсталатын сатып алынған қысқа мерзімді инвестициялар бойынша дисконт
	2020 02	Өтеуге дейін ұсталатын сатып алынған ұзақ мерзімді инвестициялар бойынша дисконт
Кт	6110 03	Сатып алынған бағалы қағаздар бойынша дисконт амортизациясына байланысты кірістер.

19. Өтеуге дейін ұсталатын құны валюталардың айырбастау бағамы бойынша шетел валютасымен көрсетілген борыштық бағалы қағаздарды қайта бағалаған кезде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) оң бағамдық айырма сомасына:

Дт	1130 01	Өтеуге дейін ұсталатын қысқа мерзімді инвестициялар
	1130 03	Өтеуге дейін ұсталатын сатып алынған қысқа мерзімді инвестициялар бойынша сыйлықақы



	1270 01	Сатып алынған бағалы қағаздар бойынша сыйақы түрінде есептелген кірістер
	1270 04	Алдыңғы ұстаушылар бағалы қағаздар бойынша есептеген сыйақы
	2020 01	Өтеуге дейін ұсталатын ұзақ мерзімді инвестициялар
	2020 03	Өтеуге дейін ұсталатын сатып алынған ұзақ мерзімді инвестициялар бойынша сыйлықақы
	2170 01	Сатып алынған бағалы қағаздар бойынша сыйақы түрінде есептелген кірістер
	2170 03	Бағалы қағаздар бойынша алдыңғы ұстаушылар есептеген сыйақы
Кт	6250 01	Шетел валютасын қайта бағалаудан түскен іске асырылмаған кірістер;

және бірмезгілде, теріс бағамдық айырма сомасына:

Дт	7430 01	Шетел валютасын қайта бағалаудан болған іске асырылмаған шығыстар
Кт	1130 02	Өтеуге дейін ұсталатын сатып алынған қысқа мерзімді инвестициялар бойынша дисконт
	2020 02	Өтеуге дейін ұсталатын сатып алынған ұзақ мерзімді инвестициялар бойынша дисконт;

2) теріс бағамдық айырма сомасына:

Дт	7430 01	Шетел валютасын қайта бағалаудан болған іске асырылмаған шығыстар
Кт	1130 01	Өтеуге дейін ұсталатын қысқа мерзімді инвестициялар
	1130 03	Өтеуге дейін ұсталатын сатып алынған қысқа мерзімді инвестициялар бойынша сыйлықақы
	1270 01	Сатып алынған бағалы қағаздар бойынша сыйақы түрінде есептелген кірістер
	1270 04	Алдыңғы ұстаушылар бағалы қағаздар бойынша есептеген сыйақы
	2020 01	Өтеуге дейін ұсталатын ұзақ мерзімді инвестициялар
	2020 03	Өтеуге дейін ұсталатын сатып алынған ұзақ мерзімді инвестициялар бойынша сыйлықақы
	2170 01	Сатып алынған бағалы қағаздар бойынша сыйақы түрінде есептелген кірістер
	2170 03	Бағалы қағаздар бойынша алдыңғы ұстаушылар есептеген сыйақы;

және бірмезгілде, оң бағамдық айырма сомасына:

Дт	1130 02	Өтеуге дейін ұсталатын сатып алынған қысқа мерзімді инвестициялар бойынша дисконт
	2020 02	Өтеуге дейін ұсталатын сатып алынған ұзақ мерзімді инвестициялар бойынша дисконт
Кт	6250 01	Шетел валютасын қайта бағалаудан түскен іске асырылмаған кірістер.

20. Эмитент өтеуге дейін ұсталатын борыштық бағалы қағаздар бойынша есептелген сыйақыны өтеген кезде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) төленген сыйақы сомасына:

Дт	1030	Ағымдағы шоттардағы ақша қаражаты
Кт	1270 01	Сатып алынған бағалы қағаздар бойынша сыйақы түрінде есептелген кірістер
	1270 04	Алдыңғы ұстаушылар бағалы қағаздар бойынша есептеген сыйақы
	2170 01	Сатып алынған бағалы қағаздар бойынша сыйақы түрінде есептелген кірістер
	2170 03	Бағалы қағаздар бойынша алдыңғы ұстаушылар есептеген сыйақы;

2) ұсталған корпоративтік табыс салығы сомасына:

Дт	3110 01	Төленуі тиіс корпоративтік табыс салығы
Кт	1270 01	Сатып алынған бағалы қағаздар бойынша сыйақы түрінде есептелген кірістер
	1270 04	Алдыңғы ұстаушылар бағалы қағаздар бойынша есептеген сыйақы
	2170 01	Сатып алынған бағалы қағаздар бойынша сыйақы түрінде есептелген кірістер
	2170 03	Бағалы қағаздар бойынша алдыңғы ұстаушылар есептеген сыйақы.

21. Нұсқаулықтың 16 және 18-тармақтарына сәйкес сыйақыны есептегеннен және сыйлықақыны немесе дисконтты (жеңілдікті) амортизациялағаннан кейін өтеуге дейін ұсталатын борыштық бағалы қағаздарды сатқан кезде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:



1) амортизацияланбаған сыйлықақы сомасына:

Дт	1130 01	Өтеуге дейін ұсталатын қысқа мерзімді инвестициялар
	2020 01	Өтеуге дейін ұсталатын ұзақ мерзімді инвестициялар
Кт	1130 03	Өтеуге дейін ұсталатын сатып алынған қысқа мерзімді инвестициялар бойынша сыйлықақы
	2020 03	Өтеуге дейін ұсталатын сатып алынған ұзақ мерзімді инвестициялар бойынша сыйлықақы;

2) амортизацияланбаған дисконт (жеңілдік) сомасына:

Дт	1130 02	Өтеуге дейін ұсталатын сатып алынған қысқа мерзімді инвестициялар бойынша дисконт
	2020 02	Өтеуге дейін ұсталатын сатып алынған ұзақ мерзімді инвестициялар бойынша дисконт
Кт	1130 01	Өтеуге дейін ұсталатын қысқа мерзімді инвестициялар
	2020 01	Өтеуге дейін ұсталатын ұзақ мерзімді инвестициялар;

3) өтеуге дейін ұсталатын борыштық бағалы қағаздарды сату бойынша жасалған мәміле сомасына:

Дт	1030	Ағымдағы шоттардағы ақша қаражаты
Кт	1130 01	Өтеуге дейін ұсталатын қысқа мерзімді инвестициялар
	1270 01	Сатып алынған бағалы қағаздар бойынша сыйақы түрінде есептелген кірістер
	1270 04	Алдыңғы ұстаушылар бағалы қағаздар бойынша есептеген сыйақы
	2020 01	Өтеуге дейін ұсталатын ұзақ мерзімді инвестициялар
	2170 01	Сатып алынған бағалы қағаздар бойынша сыйақы түрінде есептелген кірістер
	2170 03	Бағалы қағаздар бойынша алдыңғы ұстаушылар есептеген сыйақы;

4) өтеуге дейін ұсталатын борыштық бағалы қағаздарды сату бойынша жасалған мәміле сомасы оның есептік құнынан асып кеткен жағдайда, айырма сомасына:

Дт	1030	Ағымдағы шоттардағы ақша қаражаты
Кт	6280 09	Бағалы қағаздарды сатып алудан-сатудан түскен кірістер;

5) өтеуге дейін ұсталатын борыштық бағалы қағаздардың есептік құны оларды сату бойынша жасалған мәміле сомасынан асып кеткен жағдайда, айырма сомасына:

Дт	7470 10	Бағалы қағаздарды сатып алудан-сатудан болған шығыстар
Кт	1130 01	Өтеуге дейін ұсталатын қысқа мерзімді инвестициялар
	2020 01	Өтеуге дейін ұсталатын ұзақ мерзімді инвестициялар.

22. Нұсқаулықтың 16 және 18-тармақтарына сәйкес сыйақыны есептегеннен және сыйлықақыны немесе дисконтты (жеңілдікті) амортизациялағаннан кейін эмитент өтеуге дейін ұсталатын борыштық бағалы қағаздарды өтеген кезде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) борыштық бағалы қағаздар эмитентінен түскен ақша сомасына:

Дт	1030	Ағымдағы шоттардағы ақша қаражаты
Кт	1130 01	Өтеуге дейін ұсталатын қысқа мерзімді инвестициялар
	1270 01	Сатып алынған бағалы қағаздар бойынша сыйақы түрінде есептелген кірістер
	1270 04	Алдыңғы ұстаушылар бағалы қағаздар бойынша есептеген сыйақы
	2020 01	Өтеуге дейін ұсталатын ұзақ мерзімді инвестициялар
	2170 01	Сатып алынған бағалы қағаздар бойынша сыйақы түрінде есептелген кірістер
	2170 03	Бағалы қағаздар бойынша алдыңғы ұстаушылар есептеген сыйақы;

2) ұсталған корпоративтік табыс салығы сомасына:

Дт	3110 01	Төленуі тиіс корпоративтік табыс салығы
Кт	1270 01	Сатып алынған бағалы қағаздар бойынша сыйақы түрінде есептелген кірістер
	1270 04	Алдыңғы ұстаушылар бағалы қағаздар бойынша есептеген сыйақы
	2170 01	Сатып алынған бағалы қағаздар бойынша сыйақы түрінде есептелген кірістер
	2170 03	Бағалы қағаздар бойынша алдыңғы ұстаушылар есептеген сыйақы;

3) құны шетел валютасымен көрсетілген борыштық бағалы қағаздарды бағамдық қайта бағалаудан түскен іске асырылған кірістер сомасына:

Дт	6250 01	Шетел валютасын қайта бағалаудан түскен іске асырылмаған кірістер
Кт	6250 02	Шетел валютасын қайта бағалаудан түскен іске асырылған кірістер
	7430 01	Шетел валютасын қайта бағалаудан болған іске асырылмаған шығыстар;

4) құны шетел валютасымен көрсетілген борыштық бағалы қағаздарды бағамдық қайта бағалаудан болған іске асырылған шығыстар сомасына:



Дт	6250 01	Шетел валютасын қайта бағалаудан түскен іске асырылмаған кірістер
	7430 02	Шетел валютасын қайта бағалаудан болған іске асырылған шығыстар
Кт	7430 01	Шетел валютасын қайта бағалаудан болған іске асырылмаған шығыстар.

3-параграф. Ұйым айналысқа шығарған борыштық бағалы қағаздарды есепке алу

23. Ұйым айналысқа шығарған борыштық бағалы қағаздарды орналастырған кезде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) орналастырылған борыштық бағалы қағаздардың таза құнына (оның номиналдық құнынан аспайтын сомаға):

Дт	1030	Ағымдағы шоттардағы ақша қаражаты
Кт	4030 07	Айналысқа шығарылған бағалы қағаздар;

2) борыштық бағалы қағаздарды сатып алумен байланысты шығындардан тұратын сыйлықақы сомасына:

Дт	1030	Ағымдағы шоттардағы ақша қаражаты
Кт	4030 09	Айналысқа шығарылған бағалы қағаздар бойынша сыйлықақы;

3) дисконт (жеңілдік) сомасына:

Дт	4030 08	Айналысқа шығарылған бағалы қағаздар бойынша дисконт
Кт	4030 07	Айналысқа шығарылған бағалы қағаздар.

24. Ұйым айналысқа шығарған борыштық бағалы қағаздар бойынша ұйымның есеп саясатында белгіленген кезенділікпен сыйақы есептеген кезде, сыйақы сомасына мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

Дт	7310 01	Айналысқа шығарылған бағалы қағаздар бойынша сыйақы төлеумен байланысты шығыстар
Кт	3380 01	Айналысқа шығарылған бағалы қағаздар бойынша сыйақы түрінде есептелген шығыстар
	4160 01	Айналысқа шығарылған бағалы қағаздар бойынша сыйақы түрінде есептелген шығыстар.

25. Ұйым айналысқа шығарған борыштық бағалы қағаздар бойынша ұйымның есеп саясатында белгіленген кезенділікпен сыйлықақы немесе дисконт (жеңілдік) амортизацияланған кезде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) сыйлықақыны амортизациялау сомасына:

Дт	4030 09	Айналысқа шығарылған бағалы қағаздар бойынша сыйлықақы
Кт	6110 02	Айналысқа шығарылған бағалы қағаздар бойынша сыйлықақы амортизациясына байланысты кірістер;

2) дисконтты (жеңілдікті) амортизациялау сомасына:

Дт	7310 01	Айналысқа шығарылған бағалы қағаздар бойынша сыйақы төлеумен байланысты шығыстар
Кт	4030 08	Айналысқа шығарылған бағалы қағаздар бойынша дисконт.

26. Ұйым айналысқа шығарған борыштық бағалы қағаздар бойынша есептелген сыйақыны өтеген кезде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) төленген сыйақы сомасына:

Дт	3380 01	Айналысқа шығарылған бағалы қағаздар бойынша сыйақы түрінде есептелген шығыстар
	4160 01	Айналысқа шығарылған бағалы қағаздар бойынша сыйақы түрінде есептелген шығыстар
Кт	1030	Ағымдағы шоттардағы ақша қаражаты;

2) мемлекеттік бюджетке аударылуы тиіс ұсталған корпоративтік табыс салығы сомасына:

Дт	3380 01	Айналысқа шығарылған бағалы қағаздар бойынша сыйақы түрінде есептелген шығыстар
	4160 01	Айналысқа шығарылған бағалы қағаздар бойынша сыйақы түрінде есептелген шығыстар
Кт	3110 01	Төленуі тиіс корпоративтік табыс салығы.

27. Нұсқаулықтың 24 және 25-тармақтарына сәйкес сыйақыны есептегеннен, сыйлықақыны және дисконтты (жеңілдікті) амортизациялағаннан кейін ұйым айналысқа шығарған борыштық



бағалы қағаздарды өтеген кезде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) төленген ақша сомасына:

Дт	3380 01	Айналысқа шығарылған бағалы қағаздар бойынша сыйақы түрінде есептелген шығыстар
	4030 07	Айналысқа шығарылған бағалы қағаздар
	4160 01	Айналысқа шығарылған бағалы қағаздар бойынша сыйақы түрінде есептелген шығыстар
Кт	1030	Ағымдағы шоттардағы ақша қаражаты;

2) мемлекеттік бюджетке аударылуы тиіс ұсталған корпоративтік табыс салығы сомасына:

Дт	3380 01	Айналысқа шығарылған бағалы қағаздар бойынша сыйақы түрінде есептелген шығыстар
	4160 01	Айналысқа шығарылған бағалы қағаздар бойынша сыйақы түрінде есептелген шығыстар
Кт	3110 01	Төленуі тиіс корпоративтік табыс салығы.

